


У. БАЙҚАБЫЛОВ, Г. НИШАНОВА
М. ТЕМИРБАЕВА

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы орта білім беретін мектептердің
5-сыныбына арналған оқулық

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*








ТАШКЕНТ — «O‘ZBEKISTON» — 2015

УЎК: 811.512.122(075)
372.881.1
КБК 81.2 Қоз-922
В19

Пікір жазғандар:

- Д. Айтбаев** — Ташкент облыстық Мемлекеттік педагогика институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты;
- С. Досымбетова** — Ташкент қаласы, Бектемір ауданына қарасты 290-мектептің мұғалімі;
- С. Лаханова** — Ташкент облысы, Төменгішыршық ауданына қарасты 24-мектептің мұғалімі.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

-  — тапсырмалар
-  — ереже
-  — жаттығу
-  — сұрақтар мен тапсырмалар
-  — үй тапсырмасы

**Республикалық мақсатты кітап қоры
қаржылары есебінен басылды.**


ISBN 978-9943-01-734-4


© У. Байкабылов және басқ., 2014, 2015
© «O‘ZBEKISTON», БПШҮ, 2014, 2015

КІРІСПЕ


1-сабақ

ТІЛ — ҚАТЫНАС ҚҰРАЛЫ

 **1-тапсырма.** Танертең ұйқыдан ояңғанда ата-анаңа, үйдегілерге не дейсіңдер? Олармен қай тілде сөйлесесіңдер? Ана тілі деуіміздің себебін түсіндіріңдер.

 **2-тапсырма.** Не үшін Ресейде немесе Америкада қазақ тілінде сөйлеспейді? Орыс, ағылшын, неміс, араб тілдерін не үшін арнайы үйренеміз? Осы тілдерде сөйлейтіндер қай жерлерде жасайтынын айтыңдар.

ТІЛ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

 **Тіл — адам қатынасының аса маңызды құралы. Өйткені адамдар тіл арқылы пікір алысып түсініседі, өзара қарым-қатынас жасайды.**


Тіл жоқ жерде адамдар бірлесіп жұмыс істей алмайды, қоғамдық өндірістің қай саласын болса да ұйымдастырып дамытуы мүмкін болмайды.

Тіл қоғамдық ортада туып, қоғаммен бірге өмір сүреді, қоғам үшін қызмет етеді. Тіл қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Адамдар сөйлесу арқылы өзара пікір алысады, бір-біріне ойларын білдіреді.


Сол ой-пікірді айту жолымен білдіру *сөйлеу* деп аталады.

Сөйлеу тілдегі сөйлемдер арқылы іске асады. Сөйлемдер сөздерден, сөздер буыннан, ал буын дыбыстардан құралады.

Тіл — өзінше қалыптасқан заңдары, орныққан жүйесі бар қоғамдық құбылыс. Тіл жүйесін, заңдылықтарын айқындап зерттейтін, соған орай анықтамалар, ережелер шығаратын қоғамдық ғылымдардың бір түрі *тіл ғылымы* деп аталады.

 **1-жаттығу.** Төменде берілген сөздердің тілімізде пайда болу себебін түсіндіріңдер.

Колледж, лицей, фермер, ұжым, тікұшақ.

 **2-жаттығу.** Мәтінді оқып шығындар. Ондағы айтылмақ болған пікірге өз ойларыңды айтындар.

Патша бір күні уәзірлеріне:

— Маған ең дәмді тамақ пісіріп әкеліндер, — деп бұйырыпты.

Уәзірлер кеңесіп патшаға тіл қосылған тамақ пісіріп әкеліпті.

Тамақ патшаға ұнапты. Келесі күні патша уәзірлеріне:

— Енді маған ең ащы заттан дайындалған тағам пісіріп әкеліндер, — депті.

Уәзірлер тағы да тіл қосып дайындаған тағам әкеліпті.

Сөйтіп уәзірлер патшаның екі тапсырмасын да ойдағыдай орындады.

Не үшін? Қалай ойлайсың?

 **3-жаттығу:** Төмендегі мақалдарды дәптерлеріне көшіріп жазып, жаттандар.

Әдептің басы — тіл. Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.

Жақсы сөз — жан азығы. Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесең, мұсылман діннен шығады.

 **4-жаттығу.** Төмендегі тірек сөздерді қатыстырып «Ананың тілі» атты мәтін құрастырындар.

Тірек сөздер: Ана, перзент, бесік, «Бесік жыры», әлди, сіндірген, бойымызға.

 **5-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.*


Бүгінгі азат және абат өміріміз туралы пікірлерінді жазындар.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Ана тілі дегенде нені түсінеміз?
2. Дүние жүзіндегі халықтар не үшін әр түрлі тілде сөйлеседі?
3. Өздерің үйреніп жүрген шет тілі туралы әңгімелеп беріңдер.


2-сабақ

ӨЗБЕК ТІЛІ — МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

 **1-тапсырма.** Өзбек тілін нешінші сыныптан бері үйреніп келесіңдер? Бұл тілді қалай игердіңдер?

 **2-тапсырма.** Тіліміз не үшін әке тілі, аға тілі, әпке тілі деп аталмастан ана тілі деп аталады? Осы жайлы әңгіме өрбітіндер.

 **3-тапсырма.** Сендер жасап жатқан көше немесе ауыл 10-15 жыл алдын қалай аталғанын білесіңдер ме? Егер айырмашылығы болса, мұның себебі не екенін анықтандар.

 1989 жылдын 21 қазаны күні өзбек тіліне мемлекеттік тіл статусы берілді. Содан бері тәлім-тәрбие жұмыстары, мәжілістер, іс қағаздары, негізінен, өзбек тілінде жүргізілетін болды.

Егемендік жылдары бұл жұмыстар әрі қарай жалғастырылды. Ұлттық құндылықтарымызды, тарихымызды үйрену үшін кең жол ашылды. Елбасымыз Ислам Каримовтың «Жоғары руханият — жеңілмес күш» кітабында тіл туралы айта келе мынадай түйінді пікір жасайды: «Өздігінді тану, ұлттық сана мен түсініктің сипаты, ұрпақтар ортасындағы рухани байланыс тіл арқылы көрініс табады».

 **6-жаттығу.** Өлеңді оқып шығындар. Тіл туралы пікірлеріңді ортаға салындар.


Туған тілім — тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін!

(Ә.Тәжібаев)

 **7-жаттығу.** Жұмбақтардың шешуін табындар. Өздерің де осындай жұмбақтар табындар.

1. Үнсіз ақыл үйретер. 2. Темір қорған ішінде, қызыл құлын ойнайды. 3. Бетін адам ашады, білім нұрын шашады. 4. Үлкен үй, іші толған бала. Үлкендері жол салар, кішілері білім алар.

 **8-жаттығу.** 1. *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген толғауды оқып шығып, мағынасын түсініп алындар.

ТӨЛЕ БИДІҢ ТОЛҒАУЫ

Алғаның адал болмаса,
Басыңа бақыт қонбайды.
Екі досты айырған,
Түбінде өзі оңбайды.
Көреген болса балаңыз,
Қиынды көзбен болжайды.
Өзіңнен туған ұл мен қыз,
Сыйламаса, сол қайғы!

 2. Өленді оқып, жатқа айт.

Отан — **жерім**, Отан — **суым**,
Отан — **қуат**, нәр береді.
Отан — **ұран**, Отан — **туым**,
Отан мәңгі гүлденеді!

Қарамен жазылған зат есімдерді сөз құрамына талда. Ол сөздердің біреуін үш жақта, жекеше, көпше түрде тәуелдеп жаз.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Өзбек тіліне мемлекеттік тіл статусы қашан берілген?
2. Тілімізде болып жатқан өзгерістер туралы не айта аласындар?


БАСТАУЫШ СЫҢЫПТА ӨТКЕНДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ

3-сабақ

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЕМЛЕСІ

 **9-жаттығу.** Дауысты дыбыстарды тауып, жуан дауыстылардың астын бір, жіңішке дауыстылардың астын екі сызындар.


Өзен. Жағалау. Балық. Көпір. Көзілдірік. Шам. Ер. Өнім. Жақсылық. Қияр. Шөп. Арба. Түйе. Бота. Естияр. Бұрғы. Өнерпаз. Кірпіш. Балапан. Көрпе. Аймақ.

 **10-жаттығу.** Төмендегі тыйым сөздерді оқып шығындар. Көп нүктенің орнына тиісті дауысты дыбыстарды қойып, мәтінді көшіріңдер.

ТЫЙЫМ СӨЗДЕР

Қ...наққа к...тік кес...мен ш...й құйма. Қон...ққа бер...р з...тты с...л қ...лмен берм..... Итт... т...ппе. Қ...йдың үстін...н ...ттама. Қ...занды т...ңкерме.

Н...н д...старқанда т...ңкеріліп ж...тпасын. Даст...рқанды аш...қ т...стама. Т...нде с...дың бет...н аш...қ қ...йма.


 **11-жаттығу.** Мына сөздердің жуан буындысын бір бөлек, жіңішке буындысын бір бөлек көшіріп жазындар.

Әже, ата, ана, әке, бала, қыз, ұл, көке, әпке, сінді, нағашы, жиен, ене, бөле, күйеу, әйел, құда, немере, шөбере, қайын.

 **12-жаттығу.** Сөзжұмбақты шешіндер. Дауысты дыбыстардың айтылуына көңіл бөліндер.

1. Гүл аты
2. Қазақстанның бас қаласы
3. Өзбекстанның бас қаласы
4. Өзбекстандағы облыс аты
5. Метро аялдамасының аты

1	А							
2	А			А		А		
3		А						
4		А		А			А	
5	А							


 **13-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Жаңылтпаштарды тауып жазыңдар, дауысты дыбыстардың астын сызыңдар.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар көп пе, дауыссыз дыбыстар ма?
2. Дыбыс көп пе әлде әріп көп пе?
3. Әріптің бәрі неге дыбыс бола алмайды?

4-сабақ

КЕЙБІР ДАУЫССЫЗДАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ


 **14-жаттығу.** Төменде берілген мақалдарды көшіріп жазыңдар, дауыссыз дыбыстарды тауып, астын сызып шығыңдар.

Көре-көре көсем боларсың,
Сөйлей-сөйлей шешен боларсың.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан.
Үйрен жақсы әдеттен,
Жирен жаман әдеттен.
Жақсының жақсылығын айт —
Нұры тассын,
Жаманның жамандығын айт —
Құты қашсын.

 **15-жаттығу.** Мына сөздердің бір дыбысын өзгертіп, басқа сөз жасап көріңдер.

Үлгі: бал — тал, кесе — кеше.


Жаз, соқ, бас, күн, қарт, тұз, мол, қаз.

 **16-жаттығу.** Мәтінді оқып шығыңдар. Дауыссыз дыбыстар сөз жасауда қандай мәнге ие екенін ұғып алыңдар.


Ұлыстың ұлы күні айтылған тілектер мен баталар, жасалынатын ырымдардың адам өмірінде орны ерекше. Осы

күннің бір ерекшелігі бұл күн көрісуден басталады. Бұрынғылардың ұлыстың ұлы күніне арналған ерекше амандасуы, ерекше көрісуі, ерекше батасы болған. Мысалы, ұлыстың ұлы күні адам бір-бірімен көріскенде мынадай сөздер айтып, құшақтасып көріспек:

«Амансың ба?
Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда барсан, жол болсын!»

 **17-жаттығу.** Төменде берілген сөздерді салыстырындар. **Қ** мен **ғ** жуан, **к** мен **г** жіңішке екенін біліп алындар.

Қара — кәне	Қалам — кілем
Ғарыш — егіс	Аға — егеу


 **18-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Тек қана дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып жазындар. Олардың бірнешеуіне сөйлем құраңдар.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?
2. Дауыссыз дыбыстардың жасалуында қандай дыбыстау мүшелері катысады?
3. **б — п, к — г, қ — ғ** дыбыстарының бір-бірінен айырмашылығы неде екенін айтындар?

5-сабақ

БАС ӘРІП ПЕН КІШІ ӘРІПТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

 **19-жаттығу.** Мына сөздердің ішінен кісі аттары мен жер-су аттарын ажыратып жазындар.

Шоқан, Көкшетау, Абай, Бегабад, Жызак, Жамбыл Жабаев, Іле, Сырдария, Алматы, Мырза Ұлықбек, Қаратау, Арал теңізі, Аралбай, Қаратай, Балқаш, Ангрэн, Шыназ, Шыршық, Тұрап Айдаров, Айбек, Шарбақ, Гүлстан, За-рафшан.

 **20-жаттығу.** Берілген сөздердің бас әріппен жазылатынын бір бөлек жазындар.

дала, дос, көл, қала, ташкент, ағай, ертіс, шарбак, шымған, жаңбыр, зайсан, қазығұрт, әке, құлагер, ақтөс, сарыжайлау, адамдар, кісі.

 **21-жаттығу.** Мәтінді оқып шығындар, бас әріппен жазылуы тиіс сөздерді үлкен әріппен жазындар.


ТҮРКЕШ ҚАЛҚАҰЛЫ


Қазақтың халық ұлы түркеш қалқаұлы қазіргі орал облысында туып өскен. Жас күнінен ол күйші-домбырашылардан байбақты, баламайсан, байжұма, есжан күйлерін қызыға тындады.

Кейіннен түркеш небір тамаша күйлер шығарды. Әділетсіздікке, озбырлыққа қарсы күресті.

Түркеш шығармаларының негізгі арқауы — азаматтықты аңсаған халық образы. Оның «қарабас», «қоңыр ала», «салық өлген», «аңшылық», «теріс қақпай», «көңіл ашар», «байжұма», «ақсақ құлан» сияқты күйлері бар.

(З. Жанұзақова)

 **22-жаттығу.** Өздерің білетін қала, тау, өзен, ауыл аттарын топ-тобымен жазындар.


 **23-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Өз сыныбындағы оқушылардың аты-жөнін алфавит ретімен дәптеріңе жазып кел.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Бас әріппен жазу не үшін керек?
2. Үй жануарларының аттары қандай әріппен басталып жазылады?
3. Шығармалардың, газет-журналдардың, ән және күйлердің аттары қалай жазылады?

6-с а б а қ

ҚОСАРЛЫ ДЫБЫСТАР


 **24-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, жаттығуды көшіріндер.

Екі килогра..., төрт килогра..., телегра...а, гра..., он гра..., метал...ды әкелу, мета...ы көп, арти... ерия, килова..., килова...ы, ва... .

 **25-жаттығу.** Қосарлы дыбыстары бар сөздерді теріп жазындар. Дыбыстық өзгеріске ұшыраған сөздердің өзгеріске ұшырау себебін түсіндіріндер.

Түсті металдың бағасы қымбат тұрады. Электр энергиясы киловатпен өлшенетінін түсіндірді.

Прогресс — бұл даму дегені. Металды өндіру ауыр жұмыс.

 **26-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төмендегі сөздерге әр түрлі қосымшалар қосып көріндер. Қандай өзгеріс болғанын айтындар.

Пойыз, зауыт, грамм, металл.


Үлгі: пойыз 

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Сөз соңында кездесетін қосарлы дыбыстар көбірек қандай сөздерде кездеседі?
2. *Аттың, Саматта, паракқа, тараққа* деген сөздерде қайсы дыбыстар қосарланып кездеседі?

7-с а б а қ

БУЫН

 **27-жаттығу.** Өлеңді көшіріп жазып, дауысты дыбыстардың астын сызып шығындар.

БӘРІНЕН, ОТАН, СЕН ҚЫМБАТ!

Алтын бесік секілді,
Туып өскен жер қымбат.


Ақыл, сезім, ой, сана,
Адалдық, достық, ар қымбат.


Адамзатқа дүниеде,
Өмір-ау десем, ең қымбат.
Дарқан тірлік мекенім,
Бәрінен, Отан, сен қымбат!

(Д. Әбілов)

 **28-жаттығу.** Төмендегі сөздерді буынға бөліп жазындар.

Қала, қаламсап, әже, әке, бәкі, бәсеке, бәтенке, әдебиет, әділет, әйнек, әтеш, көктем, табиғат, ұршық, ұйық, тұйық, бүркіт, бүлдірген, күміс, бүлбүл, өлке, өспірім, экран, қора, өнер, ғалым.

 **29-жаттығу.** Өздеріңмен бір сыныпта оқитын достарыңның есімдерін буынға бөліп жазындар.

 **30-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Жұмбақтарды буынға бөліп жазындар. Шешуін табындар.

1. Таңертең төрт аяқты,
Түсте екі аяқты,
Кешке үш аяқты.
2. Қаудыр-қаудыр жарғағым,
Қартайғанша тозбайды.
3. Ұзын құйрық сауысқан,
Бір көлдің суын тауысқан.
4. Кілемнің түрлеріндей жүндері бар.
Айбаты жан шыдамас үндері бар.
Шаршы бой, сұлу құйрық, қысқа құлақ.
Келетін зиян қылып бір жері бар.

(Шешуі: жолбарыс, қауға, құлақ, адамның бала кезі, жас кезі, қартайған уақыты)

? *Сұрақтар мен тапсырмалар:*

1. Буын дегеніміз не?
2. Сөздердегі буын саны неге байланысты болады?

8-сабақ СӨЗ ҚҰРАМЫ

31-жаттығу. Мына сөздерді көшіріп жазып, салыстырып оқыңдар.

□□i□ □□□	□ □□□□□ □□□ □□□
□i□, □□□, □□□, □□□, □□, □н, □□□, □□□	□i□□ i, □□□□ □, □□□□ □, □□□□ i□, c□□ □, □н□ □, □□□□□□, □□□□□□.

32-жаттығу. Әуелі түбір сөздерді, сонан соң қосымшалы сөздерді көшіріп жазыңдар.

Жарқыраған ашық күн болатын. Төңірек құлаққа ұрған танадай, тып-тыныш. Тау, тас, өсімдіктің бәрі аңшының қимылын бағып, үнсіз тынып қалған тәрізді. Осы кезде тынық ауаны шыр ете қалған құс даусы бұзды. Аңшы мылтығын қозғамастан, мойнын екі жағына кезек бұрды. Бірақ капелімде ештеңе көре алмады.

(Ә. Нұршайықов)

33-жаттығу. Мына сөздерге тиісті қосымшаларын жалғап көшіріп жазыңдар.

Ән — шы

Біл — қыш

Оқу — ші


Айт — ғыш

Аң — ші

Жаз — гіш

34-жаттығу. Берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажыратып жазыңдар.

Өзенге, көпірдің, көрме, тарақ, сенгіш, балалық, жолдасқа, достар, өріс, жемісі.


 **35-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Өленді оқып, тек түбір сөзді ғана көшіріп жазындар.

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,
Қызыл гүлдер, көк гүлдер,
Күн нұрына боялып,
Көрік бердің далаға.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Түбір дегеніміз не ?
2. Қосымшалы сөз дегеніміз не?
3. Ешбір қосымша қоспай сөйлем құрауға бола ма?

9-с а б а қ СӨЗ ТАПТАРЫ

 **36-жаттығу.** Төмендегі сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойып көшіріндер.

Абай он жасқа келгенде, әкесі Құнанбай оны **Семей қаласына** әкеліп, **оқуға** берген. Абай **үш** жыл **медреседе** мұсылманша дін оқуын оқиды. **Ол** осы медреседе **арабша, парсыша** үйренеді. Абай оқуға **зерек** болған.


 **37-жаттығу.** Мына мақал-мәтелдерден сын есім болатын сөздерді тауып, оны көшіріп жазындар.

Тоқ қасқыр қорылдаса өз інінде, аш қасқыр қолға түсер кезіп түнде. Құрғақ уәде — қоңылтық кебіс. Кемпір — отаудың құлпы, кәрі ит — қораның құлпы. Аш есек ащы таяққа да төзеді. Кәрі ағаш сықырласа да сынбайды. Үлкен мырзаның қатесі де үлкен. Тәтті ұйқы тамақтан кем емес. Асыл сөз арнап берген сыйдан артық. Қызыл ағаштың да қышқылы бар. Тауы биік болса, шатқалы да терең. Шикі нан үгітілмейді. Жақсы көрші — жарым ырыс.


 **38-жаттығу.** Сұрақтарға жауап беріндер. Жазған сөйлемдеріндегі сан есімдерді табындар.

- Биыл нешінші сыныпқа келдің?
- Былтыр нешінші сынып едің?

- Сабақтарың нешеде басталады?
- Қанша оқулық алдыңдар?
- Үйіңе сағат нешеде барасың?
- Түстен кейін сабақ дайындауға қанша уақыт кетеді?
- Кешке нешеде ұйқыға жатасың?

 **39-жаттығу.** Төменде берілген сұрақтардың тұсына жауап болатын сөз жазыңдар.

Қандай? _____
 Кім? _____
 Неше? _____
 Не? _____
 Қанша? _____


 **40-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мына нақыл сөздерді түсініп оқыңдар. Сөйлемдерден есімдіктерді тауып, астын сызыңдар.

Өзі тазаға бәрі таза. Әркім өз қазын аққуым дейді. Сен жырламасаң екен, мен тындамасам екен. Дені сауға бәрі сау. Әр күннің өз таңы бар, әр таңның өз қамы бар. Ешкім екі рет жас болмас. Өзгелерді қорлағаның — өз басыңды ойламауың. Әр мылтықтан бір атқан, атқанын сирек құлатқан. Жалған нәрсенің бәрі жасық.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Зат есім деген қандай сөз табы?
2. Сын есімнің сұрақтары қандай?
3. Қанша?, неше? деген сұрақтарға қандай сөз табы жауап береді?

10-с а б а қ СӨЗ ТІРКЕСІ

 **41-жаттығу.** 1. Екі топтағы сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөз тіркесін жасандар да, тіркескен сөздердің қай сөз табынан екенін айтыңдар.


1. Тәтті, бақытты, жаңа, жемісті, ардақты, ағаш, мамандыққа, спортпен.

2. Балалық, ана, тағам, еңбек, қасық, баулу, оқулық, шұғылдану.


 **42-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сөз тіркестерін толықтырындар және сөз тіркестері әр түрлі сөз таптарынан екенін аңғарындар.

...күрек, биік..., оқыған..., ...өмір, үш..., ...әке, ...ат, ...сиыр, ауылдың..., кең... .

 **43-жаттығу.** Салыстырып көріндер. Сөз тіркесін жасандар.




2. Әрбір сөз тіркесінің мағыналарын түсініп алындар.

 **44-жаттығу.** Сөйлемдердің ішінен сөз тіркесін табындар.

Үлгі: Өзеннен су әкелдім. Өзеннен әкелдім.

1. Балабақшаға гүл ектім. 2. Көшеттерді су құйып отырғызындар. 3. Қырмызы гүлдер ашылды. 4. Елнұр жарысқа қатысты.

 **45-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Сөз тіркестерін оқып шығындар. Әуелі барыс, сонан соң табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі тіркестерді жазындар.

Мектепке келу, көшеде жүру, достармен бару, отауға кіру, қаладан қайту, ауылды сағыну, көшетті суару, есікті жабу, ыдыстарды жуу.

11-сабақ СӨЙЛЕМ


 **46-жаттығу.** Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырындар.

Қонырау соғылды. Сабақ басталды. Мұғалім сабаққа кірді. Мұғалім кезекшінің кім екенін сұрады. Ауа райы салқын бола бастады. Күздің күндері басталды. Егін пісті. Комбайндар далада қызу жұмысқа кірісті.


 **47-жаттығу.** Әрбір сөйлемнен соң тыныс белгісін қойып, сөйлемнің ара жігін ажыратындар.

Күн көтеріле бастады қалың шалғынның көк беткейлерінде жусап жатқан жылқылар да ояна бастады бұрын олар шашыраған қалпында әрбір орында кесек-кесек томардай мызғымай сілейіп қалған еді түнгі жайылымнан тойған малдың таңертеңгі шағырмақ күнге бой қыздырып жатқандары жатқан күйінде тұрғаны тұрған қалпында соңғы бір сәт ұйқыда болатын.

(М. Әуезов)

 **48-жаттығу.** Тірек сөздерді қатыстырып мәтін құрандар. Мәтіннің сөйлемнен тұратынына назар аударындар.

Тірек сөздер: дене шынықтыру, түскі тамақ, таңертең, желдеткіш, спорт, спортшы, денсаулық, жүгіру, жуыну, жүзу.

 **49-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Көп нүктенің орнына сөйлемнің баяндауышын қойып, сөйлемді аяқтандар.

Ұлытаудың бөктерінде кештің қоңыр салқын желі... Әсия төсек жинауды, іс тігуді ... Айбек ерте.... Сөз сүйектен... Ақжан кесеге шай.... Оқушылар шет тілін...


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Сөйлемдер неден құралады?
2. Сөйлем соңына не үшін сұрақ белгісі қойылады?
3. Көтеріңкі көңіл күйді білдіретін сөйлем соңына қандай тыныс белгісі қойылады?

12-сабақ
ПЫСЫҚТАУ САБАҒЫ

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Бастауыш сыныпта дыбыстар туралы не үйрендіңдер?
2. Бас әріп қай жерде қолданылады?
3. Қосарлы дыбыстарға қосымша қосылғанда қандай өзгеріс болады?
4. Буын саны сөздегі қандай дыбыстарға байланысты?
5. Төменгі сыныптарда қандай сөз таптарын үйрендіңдер?

 **1-тапсырма.** Әліпбидегі бірінші әріп пен ең соңғы әріпті және алдындағы әріпті қосып жазсаң қандай сөз шығады?

 **2-тапсырма.** «Қай әріпті жоғалттым?» деген ойын ойнаңдар. Ойынның шарты: оқушыларды екі топқа бөліп, тақтаға әріптері қалдырылған сөздері бар көрнекілікті іліп, тапсырма беріледі. Түсірілген әріпті әр топтан оқушылар біртіндеп жазып шығады. Қай топ тез жазса, сол топ жеңіске жетеді.

Көрнекіліктегі (плакаттағы) сөздер

1 топқа

Ш...йнек
М...шина
Кіт...п
Б...кі
Күл...ш


2 топқа

Ш...й
Д...птер
Күл...н
Д...рігер
Б...теңке


13—14-сабақтар
БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

СИНТАКСИС ЖӘНЕ ПУНКТУАЦИЯ


15-с а б а қ СӨЗ БЕН СӨЗ ТІРКЕСІ ТУРАЛЫ

 **1-тапсырма.** Төмендегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлем құраңдар. Сөйлем құрастыру үшін не істегенінді айтып бер.


Өзбекстан, мемлекет, ұлы, болашақ.

 **2-тапсырма.** Жоғарыда келтірілген сөйлемдердің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар екендігін айтыңдар. Тыныс белгісінің пікірді дұрыс жеткізудегі маңызы туралы айтып өтіндер.

Жақсы, кітап оқы.
Жақсы кітап оқы.


 **1 Сөз — зат немесе құбылыстың атауы.** Сөздер зат пен құбылысты, сана мен белгіні немесе іс-әрекетті атайды. Мысалы: *орман, қалың, ынталы*. Ал сөз тіркесі болу үшін толық мағаналы кемінде екі сөздің бір-бірімен тіркесіп, өзара байланыста айтылуы шарт. Мысалы: *темір жол, алтын сағат, ынталы оқушы* т.б.

Сөз тіркесін құрастырушы сыңарлардың бірі — **бағыныңқы**, екіншісі — **басыңқы** мүше ретінде қызмет атқарады. Келтірілген сөз тіркестерінің алдыңғы сыңарлары (*темір, алтын, ынталы*) — бағыныңқы мүшелерде, соңғы сыңарлары (*жол, сағат, оқушы*) — басыңқы мүшелер.

 **50-жаттығу.** Төменде берілген екі топтағы сөздердің бір-бірімен мағыналық байланысқа түсе алатындарымен сөз тіркесін жасаңдар.

1. Өткір. Балық. Тапсырманы. Ала. Сулы. Айтқанына. Төртінші. Қара ала. Шөп. Биік. Ерінбей. Қалың. Қызық.

2. Көну. Сиыр. Жер. Аулау. Сынып. Құс. Тау. Орындау.
Еңбектену. Жабу. Кітап. Орман. Қайшы.


 **51-жаттығу.** Берілген сөйлемдерді оқып, құрамындағы сөз тіркестерін сұрақ арқылы ажыратып, әрбір сөз тіркесін жеке-жеке жазып көрсетіндер.

Үлгі: Биологтар үшін дельфиндерді зерттеу көптеген қызықты деректерді ашты. Тіркестер: биологтар (не істеді?) деректерді ашты; қызықты (қандай?) деректерді; дельфиндерді (нелерді?) зерттеу; көптеген (қанша?) деректерді.




Дельфиндердің мінезінде тағы да бір жақсы қасиет бар екені анықталды. Ауыр жарақатқа ұшыраған, не қатты ауруға шалдыққан дельфин өз тобынан бөлініп, ашық теңіздің бір қиырына шығып кетеді. Осы жерде дельфин ең соңғы күшін жинап, зор шапшандықпен атылады да, жүрегі мертігеді.

(Ол кім? Бұл не? кітабынан)

 **52-жаттығу.** Төменде берілген сөз тіркестерін көшіріп жазыңдар. Олардың әрбір сыңарларының қандай сөз табынан болғанын айтыңдар.

Мектеп ауласы, спорттық кешен, ұлттық ойындар, салқын түсті, құшақ толы гүлдер, сурет салды, әдейі істеді, қызыл шарлар.

 **53-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Бірнеше сөз тіркестерін құрастырындар. Оларды сөйлемге айналдырындар.


Үлгі: ерте тұру, білім алу, жақсы жолдас, еңбек ету, кітап оқу, ән айту, өнер-білім, денсаулық, достық, ар-намыс.


Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық. Ерте тұрған еркектің ырысы артық.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Сөз тіркесі болу үшін кемінде неше сөз тіркелуі керек?
2. Бағыныңқы және басыңқы сыңарлар дегеніміз не?
3. Сөз дегеніміз не?

16-с а б а қ СӨЙЛЕМ

 **1-тапсырма.** *Алаңда балалар ойнап жүр* деген сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін ауыстырып көріңдер. Қандай мағына шығатынын айтындар.

 **2-тапсырма.** *Ташкент. Науаи көшесі. Біз екеуміз көшенің сол жағында тұрмыз.* Әр сөйлем неше сөзден құралғанын айтындар. Бір сөзден құралған сөйлем болатынын аңғарындар.

 **Біршама аяқталған ойды білдіретін бір сөзді, немесе бірнеше сөз тіркесін сөйлем дейміз.** Мысалы: *Түн. Вокзал. Перронға келіп пойыз тоқтады.* Сонымен бірге сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысып сөз тіркесін жасайды. Сондай-ақ әр сөйлем белгісі бір мақсатқа жұмсалып, соған сай интонациямен айтылады.


 **54-жаттығу.** Торкөздердегі әріптерді бағдаршамның бағытымен оқысақ Абай атаңның бір өлеңінен үзінді шығады.


□	□	□	□	□	□	□	□	□	□	□
□	□	□	□	□	□	□	□	□	і	□
і	□	□	□	□	□	□	і	□	□	□
□	□	□	□	□	□	□	□	□	і	□


Неше сөйлем бар екенін анықтап, сұрақ қойындар.

17-с а б а қ

ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕМ

 **1-тапсырма.** Біз бірнеше бала болып, ауыл сыртындағы өзенге балық аулауға бардық деген сөйлемнің мағынасын біліңдер. Сөйлем нені мензеп тұр?


 **2-тапсырма.** Өздерің танертең ұйқыдан ояңған соң не істейсіңдер? Осы туралы сөйлем құрастырыңдар.

 Баланың, яғни адамзаттың тілі шыққаннан бастап ең жиі қолданылатын сөйлем — **хабарлы сөйлем**. Ересек адамдардың ауызекі сөзі де, жазушылардың шығармалары да көбінесе хабарлы сөйлемдермен беріледі. Хабарлы сөйлемнің негізгі мақсаты сұраққа жауап беру түрінде жарыққа шығады.

Сонымен, **бір нәрсенің жайы туралы хабарлай айтылатын сөйлемді хабарлы сөйлем дейміз.**

Мысалы: *Жаңбыр жауып тұр. Ертең күн ашық болатын шығар.*


Хабарлы сөйлемдер бір қалыпта жай дауыспен айтылады да, соңынан нүкте қойылады. Мысалы: *Кешке қарай ызғарлы жел көтерілді. Бұлттар жөңкіліп көше бастады.*

 **58-жаттығу.** Мәтінді оқып шығыңдар, мазмұнын анықтап, әр сөйлемнің қандай сөйлем екенін, қандай ойдың көрсеткіші болып тұрғанын айтыңдар.

Көкшенің көк көлінің біреуінде отыратын Балта аулы жылқыны кезектесіп бағатын еді.

Осы кезек, бір күні Алтынсарыға келді. Алтынсары ауылдың ық жағында отыратын, бұрын бір сиыр, бір ат, кейде бітпеген, соңғы кезде тай-тұяғымен бес-алты жылқысы бар, шағын ғаналау шаруа еді.


Күн батар алдында ағытқан ауылдың биесі көлден су ішіп, бытырай жайылған кезде, қысыр сауатын тайлы биесін мініп, қолына құрық алып, Алтынсары жылқыларды жинады да, Ақшоқы тауына қарай беттете жайды.

 **59-жаттығу.** Өлеңді дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар. Өлеңнің әрбір тармағында хабарлы сөйлем бар екенін біліп алыңдар. Өлеңді жаттап алыңдар.

МЕНИҢ АПАМ


Мені жақсы көреді,
Күндей күліп жүреді.
Көп ертегі біледі.
Маған айтып береді.
Мен гүлдерді жұлмаймын,
Торғайларды қумаймын.
Айтқан сөзін тындаймын,
Апашымды сыйлаймын.

(А. Бақтыгереева)

 **60-жаттығу.** Берілген әрбір сөзге бір сөзден қосып, әуелі сөз тіркесін, сонан соң сөйлем құрандар.

Үлгі: руханият — сөз
жоғары руханият — сөз тіркесі
Жоғары руханият — жеңілмес күш — сөйлем.

Әмір Темір, егемендік, Отан, табиғат.

 **61-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мәтінді оқып шығып, сөйлемдердің жігін ажыратыңдар. Олардан соң нүкте қойып, келесі сөйлемді бас әріппен көшіріп жазыңдар.

Күнге шағылысқан күміс күмбездей төрт-ақ үй Асқардың көзіне алыстан шалынды уақыт майдың басы еді Көкшетау жерінің құйқалы қыртасына өскен неше түсті гүлдер неше түрлі шөптер қарағанда көз тоқтатпай масатыдай құлпырады құлпырған масаты дала денем шаңданбасын дегендей айнала толқыған сағымнан ақырын ғана сілкінеді түнде тауға қонақтап күндіз даланы кезіп келейін дегендей жан-жаққа тараған көктемнің құнарлы бұлты, аспанды жиектеп барып, әлде қайда тарамданып жауады.

(С. Мұқанов)

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Хабарлы сөйлем дегеніміз не?
2. Хабарлы сөйлемге қандай тыныс белгісі қойылады?
3. Бірнеше сөзді қатыстырып хабарлы сөйлем жасандар.


18-с а б а қ
СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМ

 **1-тапсырма.** Екі сөйлемді салыстырып көріңдер.

1. Бүгін ауа райы қалай болады?
2. Бүгін ауа райы ашық болайын деп тұр.

 **2-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріп көріңдер.


1. Малдың баласы не деп аталады?
2. Еріншектік жақсы қасиет пе?
3. Сабакқа кешігіп келесің бе?

 **Бір нәрсенің жайы туралы сұрақ қойыла айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз.**

Сұраулы сөйлем хабарлы сөйлемдерге қарағанда көтеріңкі дауыспен айтылады да, сонынан сұрақ белгісі қойылады. Мысалы:

— *Серікжан, неғып отырсың? Қашан келдің? Неге үндемейсің? Біреу ренжітті ме?* дегендер сұрақ түрінде айтылған сұраулы сөйлемдер. Бұл сұраулы сөйлем *неғып?*, *қашан?*, *неге?* деген сұрақ ұғымды сөздер мен ме сұраулық шылауы арқылы жасалып тұр. Сұраулы сөйлемдер *қашан?*, *кім?*, *не?*, *қалай?*, *қайтін?* деген сұрақ ұғымды сөздер арқылы жасалады.

Сұраулы мағынада айтылғандықтан, сұраулы сөйлемдер әрқашан жауап күтеді.

 **62-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып шығып, олардың қандай сөйлем екенін анықтандар. Сұраулы сөйлемдердің қандай сұраулық мағыналы сөздер арқылы жасалып тұрғанын айтындар да сұраулы сөйлем мен хабарлы сөйлемдердің оқылу интонациясының өзгешелігіне назар аударындар.

— Қайдан келесіз? — деп сұрапты тергеуші.

— Шыққан жерім артымда қалды, — депті Махамбет.


— Қайда бара жатырсыз?

— Баратын жерім алдымда.

— Деніңіз сау ма?

— Ауру болсам, атқа мініп осылай жүрем бе? — деп жауап катыпты ақын.

(«Жыл он екі ай» кітабынан)

 **63-жаттығу.** Мәтінді оқып шығып, сұраулы сөйлемдерді табындар, олардың оқылу ерекшелігін түсіндіріңдер.


— Ал енді қайтпекпіз?

— Қайтпек керек, ақылға келетін іс көрінбейді ғой.

— Не көрінді сендерге? Неге ұйлығасындар? Адамшылықтарың қайда? Кілең бағыланды қолдан тізіп беріп, үйде тыныш отырмақсындар ма? Неге ізденбейсіңдер? Неге жұртшылық қылмайсындар? — деп, денелі келген қараторы әйел шаптығып сөйлеп, көз жасына булығып жылап та жіберді.


— Бәсе десейші, сөйтпес пе?

(Б. Майлин)

 **64-жаттығу.** Мына хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырындар.

1. Бұл қыздың жасы он жетіге жаңа толды. 2. Бала атасының бетіне таңдана қарады. 3. Анау кезде отырғызылған жас шыбықтар көктеп қалыпты. 4. Өзінің жақсы көретін оқушыларының бірі Әділ екен. 5. Бүкіл ауылдың малы сол құдықтан суарылады. 6. Ақыры асыға күткен ұшу сәті де жетті.

(«Нұрлы жолдан»)


 **65-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырындар.

1. Күн ашық болайын деп тұр. 2. Мектепте ағам оқиды. 3. Жылыжайға көкөніс ектік. 4. Кәсіпкер болуды ұнатамын. 5. Спорттық ойындарда чемпион болғым келеді. 6. Біз алтыншы қабатта жасаймыз.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Сұраулы сөйлем деп қандай сөйлемді айтамыз?
2. Қандай сөйлемдерге сұрақ белгісі қойылады?
3. Сұраулы сөйлемдер қандай интонациямен айтылады?

19-с а б а қ ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ


 **1-тапсырма.** Мына сөйлемдерден қандай көңіл-күйді байқауға болады?

Жаңбырдан кейінгі ауа қандай тынық десеңші! Алақай, әкем маған компьютер әкелмек!

 **2-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдердің қандай жағдайда қалай айтылатынын біліп алындар.

Қап, әттеген-ай, қалаға баратын автобус кетіп қалған екен-ау!

Апыр-ай, сенің даусың қандай тамаша еді, қалқам!

 **1** Адамдар бір-бірімен сөйлесіп, тіл қатысқанда алуан түрлі көңіл күйін білдіріп, белгілі бір нәрсе жөнінде өздерінің сезімдерінен хабардар етіп отырады. М ы с а - л ы :

— *Сендер, бәрің мені аластауға бекінген екенсіңдер! Өздеріңе қолқанат болатын көмекшіні тапқан екенсіңдер!* деген сөйлемнің біріншісі — ыза, өкпе сияқты көңіл күйді, екіншісі — кекету, мысқыл ойды көңіл күйді білдіріп тұр.

Айдалада алтын ұя оңаша,

Шебер тіккен тақиядай тамаша! деген сөйлем тандану мағынасын береді.

Жасасын өзбек балуандары! деген сөйлем ұран мағынасында жұмсалған.

Қуану, өкіну, ренжу, аяу, тандану, сүйсіну сияқты көңіл күйіне байланысты айтылған ойды білдіретін сөйлемді лепті сөйлем дейміз.

 **66-жаттығу.** Төмендегі лепті сөйлемдерді оқып шығып, мағыналарын анықтаңдар.

Па, шіркін, мына атқа мінер ме еді! Алақай, ағам келе жатыр!

Тұр орныңнан! Қап! — деді Ахмет өте шығып. Түү, сіз қызық адам екенсіз! Құдай-ау! Ол бүгін келмеді-ау! Мына көгалға баурыңды төсеп жатсаң, шіркін!

(*Ф. Мұстафин*)

 **67-жаттығу.** Төмендегі өлең жолдарын мәнерлеп оқып, олардың мағыналарын анықтаңдар, леп белгісінің қойылу себебін түсіндіріңдер.


1. Қайтсін, қолы тимепті!?
Өлеңші, әнші, есіл ер,
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер!

(*И. Крылов*)

2. Бір құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық!

(*Ы. Алтынсарин*)


68-жаттығу. *Үй тапсырмасы.* Төмендегі лепті сөйлемдерді оқып, әрбір сөйлемнің қандай мағынада жұмсалып тұрғанын анықтаңдар.

 1. Үзілмей, қатаймай, бір қалыппен соққан қоңыр жел қандай рақат! (*М. Әуезов*) 2. Мырзасын қарай гөр! — деді біреу мысқылды үнмен. (*С. Мұқанов*) 3. — Қызың қыз-ақ екен! Ризамын! (*Ә. Мүсірепов*) 4. Мың-мың рақмет, ата-жан! Дос болса сіздей болсын! (*С. Мұқанов*) 5. — Қайран Базекем! — Асыл ағакем! — Ардақты арысым! — Қош келіпсің еліңе! — Келісің құтты болсын! — Қадамың құтты болсын, Базеке! — деседі. 6. Ой, байғұс бала-ай! Қарғадай баламды тағы шырылдаттың-ау, қанішер Майбасар! (*М. Әуезов*) 7. Ол неғылған оңбаған адам! (*Ә. Сланов*)

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Лепті сөйлем деп қандай сөйлемдерді айтамыз?
2. Лепті сөйлемдер адамның қандай көңіл-күйін білдіреді?
3. Лепті сөйлем соңына қандай тыныс белгісі қойылады?


20-с а б а қ
СӨЙЛЕМНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

 **69-жаттығу.** 1. Мәтінді мәнерлеп оқып шығындар. Әрбір сөйлем мағыналарын анықтандар. Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгісін қойып көшіріндер де мәтін ішінде неше кісінің сөзі бар екенін анықтандар.

- Доғар сөзді... Мен мұнда айтысуға келген жоқпын....
- Онда туыстарың бар ма еді....
- Жоқ....
- Ендеше, не аласың Қарағандыдан....
- Жұмысқа келе жатырмын....
- Шахтаға түсемін.....
- Өзің тым нәзіктеу екенсің, бойың да қораштау. Шахтаға сені алар ма екен...
- Қайдан білейін.... Біреу көмек етпесе.....
- Ондай танысың бар ма еді....
- Жоқ....
- Ендеше өзіңнің талабың мен қайратыңа ғана сен....- деді шал....

Бұл сөз жігіттің жүрегіне жылы тиді.....

(Н. Фабдуллин)

 **70-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып, әр сөйлемнің мағынасын анықтандар. Олардың қандай сөйлем екенін және ондағы тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріндер.

1. Адам істеген ісімен тілге алынады. 2. Егер үй жағдайыңыздағы пештен немесе газдан ақау сезе қалсаңыз, оны пайдалануға асықпаңыз. 3. Әншіге ең бастысы — әнді дұрыс орындау. 4. Базарды білген адам әрқашан қолын біреуге жайып отырмайды. 5. Бұзаулар өрістен келе жатты. 6. Тома-

рис — елдің болашағын қолына қылыш алып қорғаған. 7. Сөз тындап, сөз айтып үйренсек жаман ба? 8. Сейітжан, неғып тұрсың, қолыңдағы не? 9. Сол кісі жайлы повесть жазсаңыз болмай ма? 10. Осындай жыр кештері жиі болып тұрса ғой, шіркін!

(«Нұрлы жол» газетінен)



71-жаттығу. 1. Мәтінді оқып шығып, қарамен берілген сөздердің қандай ұғым атаулары екенін сұрақ қою арқылы анықтандар.

Мектепте **ынтамен** оқуға кіріскен бір бала жарты жыл өтпей-ақ хат танып алады. Ол атасына әр түрлі **кітаптар** оқып беріп жүрді. Ал атасы кітап сөзін зейін қоя, **қызыға** тындайды екен.

Күндердің күнінде атасының өзі де **хат** танығысы келіпті. Немересі атасына **әріптерді** көрсете бастайды. Қария әріптердің кейбірін ғана жадына сақтап, ал өзгесін ұмыта беріпті. Қанша бас қатырса да, немересіндей **судыратып** оқи алмайды. Бұған **немересі** таң қалады:

— Бұл қалай, ата? Мен кіп-кішкентай болсам да, **жақсы** оқып, жақсы жазамын, ал сіз болсаңыз **ежелеп**, жөнді оқи алмайсыз.

— «Жасыңда алған білімің зая кетпес, қартайғанда **ғылымға** қолың жетпес» — деп бекер айтпаған. Қарт адам **ұмытшақ** келеді. Білімді жасыңда үйренсең, ол тасқа таңба басқанмен тең, ал қартайғанда үйренсең, қарға түскен **ізбен** тең.

2. Жасыңда алған білімің зая кетпес — деген сөйлемде неше сөз тіркесі бар екенін анықтандар.



72-жаттығу. *Үй тапсырмасы.* Төмендегі өлең шумақтарын мәнерлеп оқып шығындар да, олардың мағыналарын анықтап ондағы тыныс белгілерінің нүкте, сұрақ немесе леп белгісі болу себебін түсіндіріңдер.

Кұр айғай бақырған —
Кұлаққа ән бе екен?
Өнерсіз шатылған —
Кісіге сән бе екен?

(Абай)

Мақтайсың туған жердің
Долданған боранын да.
Шіркін-ай, біздің жақтың
Желі де мықты-ау дейсін!

(Т. Молдағалиев)

МАҚТАНШАҚ ҚАҢБАҚ

Есімім менің қаңбақ,	Жел ұшырды бөспені.
Серігім жел мен шандақ.	Сөйтіп,
Қазіргі кәсібім өзіме	Жер тандап жүрген күшті,
Жақсы жер жүрмін тандап.	Сол бойда-ақ
Деп тұрғанда көшкелі,	Батпақты келіп құшты.

(Т. Бершібаев)

21-сабақ

ПЫСЫҚТАУ САБАҒЫ

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сөйлемдер айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді?
2. Хабарлы сөйлем деген не?
3. Сұраулы сөйлемнің соңына қандай тыныс белгісі қойылады.
4. Лепті сөйлемдер қандай дауыспен айтылады?

Бұл сабақ жарыс, бәйге түрінде өткізіледі. Бұл үшін, әуелі, 4 топқа бөлініндер. Жарыс бірнеше басқышта өткізіледі. Қайсы топ ынтымақты болып, білгірлігін көрсетсе және ең көп балл жинаса, сол топ жеңімпаз атанады.

1-басқыш. «Тез жүрер» ойыны.

Оқытушы топтың әрбір мүшесіне өтілген тақырып бойынша кезекпен-кезек бір сұрақтан береді. Оқушылар орнынан тұрып 3 минут ішінде жауап беруі тиіс.

Осы уақыт аралығында жауап бере алмаған оқушы тік тұра береді. Ал жауап берген оқушыға 10 балл беріледі. Тік тұрған оқушылар саны 10-нан айрылады және топ жинаған балл есептелінеді.

2-басқыш. Оқытушы әр бір топқа төмендегі хабарлы сөйлемді бөліп береді.

Осы хабарлы сөйлемдерді сұраулы, лепті сөйлемдерге айналдыру керек.

Әрбір дұрыс сөйлемге 1 балл беріледі. Дұрыс болмаса балл берілмейді.

3-басқыш. Оқытушы тақтаға әр бір топ үшін біреуден сөйлем жазады.


Сөйлемдерде тыныс белгісі мен емле қателеріне байланысты 5-тен қателер болады. Оқушылар оны қағазға көшіріп, қателерін табады. Сонан соң оқытушыға тапсырады. Әрбір табылған қате үшін 1 балл беріледі.


4-басқыш. Әр топтан бір оқушы тақтаға шығады. Оқытушы әр түрлі 5 сөйлем оқиды. Топ мүшесі 5 сөйлемді қатесіз, тыныс белгілерін қойып тақтаға жазу керек. Ең жоғары балл — 10 балл, әрбір қате үшін 1 балдан алып тасталынады.


5-басқыш. Жарыс аяқталып, нәтижелер есептелінеді. Егер топтарың жеңімпаз атанбаса немесе соңғы орынды иеленсе ренжімендер. Кейінгі осындай жарысқа дайындалындар, өтілген тақырыптарды қайталап оқып, тынбай ізденіп жақсы білім алындар.

22—23-сабақтар ЖАЗБА ЖҰМЫСЫ

24-сабақ СӨЙЛЕМ МҮШЕСІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

 **1-тапсырма.** 1. Бақ, гүл, тер. 2. Бақтан гүл теремін. Бірінші қатардағы үш сөз бен кейінгі қатардағы сөздердің бір-бірінен айырмашылығы неде?

 **2-тапсырма.** Отанды сүю туралы мақал табындар. Құрамында неше сөз бар екенін анықтандар.

 Сөйлемнің құрамында тұрып жеке сөздер немесе сөз тіркестері белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Құрамы жағынан сөйлем мүшелері жеке сөзден де, сөз тіркесінен де жасалады. Бірақ сөйлемнің әр бір

мүшесі белгілі бір сұраққа жауап беріп тұруы шарт. Мысалы, *Балалар соңғы күндері ескірген кітаптарды желімдеді* — деген сөйлемде 5 сөйлем мүшесі бар. Кімдер желімдеді — *балалар* (бастауыш), балалар не істеді? — *желімдеді* (баяндауыш), қашан желімдеді? — *соңғы күндері* (пысықтауыш), қандай кітаптарды? — *ескірген* (анықтауыш), нені желімдеді? — *кітапты* (толықтауыш).


Толық мағыналы бір сөзден болған мүшені сөйлемнің дара мүшесі дейміз.

Күрделі сөздерден, сөз тіркесінен болған мүшені сөйлемнің күрделі мүшесі дейміз. Мысалы, *Екі ана от басында үнсіз ғана ойға шомыпты* деген сөйлемде сегіз сөз, бес сөйлем мүшесі бар. *Кім ойға шомыпты?* — *ана* (бастауыш), *ана қайтты?* — *ойға шомыпты* (күрделі баяндауыш), *неше ана?* — *екі* (анықтауыш), *қайда ойға шомыпты?* — *от басында* (күрделі пысықтауыш).

Бір сөзден немесе бірнеше сөздің тіркесінен жасалып, белгілі бір сұраққа жауап беретін сөйлем бөлшегін сөйлем мүшесі дейміз.

Сөйлем мүшесі **тұрлаулы** мүшелер және **тұрлаусыз** мүшелер болып екі топқа бөлінеді.


Тұрлаулы мүшелер — *бастауыш, баяндауыш*. Тұрлаусыз мүшелер — *анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш*.

 **73-жаттығу.** Мәтінді оқып шығып, әр сөйлемнің неше сөйлем мүшесінен құралып тұрғанын сұрақ қою арқылы анықтандар.

Қаршыға — өте қырағы, сақ құс. Көзге көп түсе бермейді. Өзі сирек кездеседі. Орман — тоғайлы жерде анда-санда ғана оның «қия-қия-қия» деген даусын есітуге болады.


Қаршыға — аса епті, қайсар қыран. Көбіне орман-тоғайлы, таулы жерде мекендейді. Ол ұзақ отырып, өзінің жемін андиды. Торғай тұқымдастардан бастап шіл, кекілік, қаз- үйрек, ұлар, дуадақ, қырғауыл, қоян, қарсаққа дейін алады. Бұлар көбісіне оқша атылып, зу етіп барады да, өткір тырнағымен бүре түседі.

(Ол кім? Бұл не? кітабынан)


 **74-жаттығу.** Төмендегі сөздерді оқып, әр сөздің қандай сұраққа жауап болатынын анықтап, оларды дара, күрделі түріне ажыратындар. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырып жазындар. Екі сөйлемді сөйлем мүшесіне талдап, тіркесін анықтандар.

Үлгі: Анам менің жақсы адам.

Ана. Алып келді. Тәуелсіздік алаңы. Жасыл. Колледж. Кемел ұрпақ. Екі. Кітап құмар. Барып қайтты.

 **75-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып шығындар. Сөздердің қандай сұраққа жауап болатынын анықтап, жақша ішіне жазындар.

Өзен жағасына () екі лақ келді. () судан өтетін () көпір бар. Ол бір ғана () бөрене. Екі () лақ () көпірдің үстімен () қарсы жүрді. Олар () бір-біріне жол бермеді. Екеуі () сүзісті. Ақыры () екеуі де суға құлап түсті.

 **76-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мәтінді оқып шығып, жақша ішіндегі сұрақтардың орнына тиісті сөздерді қойып көшіріндер. Сұрақ орнына жазған сөздердің құрамын дара, күрделі мүшеге ажыратындар.

(Кімдер?) залға лық толды. Концерт (қашан?) басталды. Оқушылар (нені?) ықыласпен тыңдап отыр. Нұржан (кімнің?) атынан әншіге гүл сыйлады. Әнші гүлді (қалай?) алды.


Керекті сөздер: *көрермендер, уақытында, концертті, сыныбының, ілтипатпен.*

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Сөйлем мүшесі деп нені айтамыз?
2. Сөйлемнің дара мүшесі деген не?
3. Сөйлемнің күрделі мүшесі неден құралады?

25-сабақ


СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ

 **1-тапсырма.** Мына сөйлемнен *кім?* және *не істемекші?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді табындар.

Ағам биыл оқуын бітірмекші.

 **2-тапсырма.** Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем құрандар.

Көбелек, ұшты, сайда, көлбендеп.

 Сөйлем құрамында атқаратын қызметтеріне қарай сөйлем мүшелері **тұрлаулы мүшелер, тұрлаусыз мүшелер** болып екіге бөлінеді.

Сөйлем құрауға негіз болатын бастауыш пен баяндауыш тұрлаулы мүшелер деп аталады.

Бастауыш пен баяндауыш маңында топталып қызмет атқаратын **толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыштар** тұрлаусыз мүшелер деп аталады.

Мысалы: *Балалар бүгін терең өзенге барып шомылмақшы* — деген сөйлемнің бастауышы — *балалар*, баяндауышы — *барып шомылмақшы*, бұлар тұрлаулы мүшелер, *бүгін* — пысықтауыш, *өзенге* — толықтауыш қызметінде жұмсалып тұрған тұрлаусыз мүшелер.

 **77-жаттығу.** Мәтінді оқып шығындар. Бастауыш пен баяндауышты табындар.

ШАЛ МЕН БАЛАЛАР


Бір жарлы шал есегіне мініп жол жүріп келе жатса, есегінің бақырған даусын есітіп, бір топ бала алдынан жүгіріп шығады. Олар шалды әжуа, мазақ еткілері келеді.

— Ата, неге есегіңізді өлең айтуға үйреттіңіз? — дейді.

Сонда шал балаларға:

— Есегім өлең айтпайды. Сендердей жақсы жолдасын көрген соң қуанғаннан бақырады, — депті

(С.Көбеев)

 **78-жаттығу.** Төменде берілген кесте негізінде сөйлемдер құрастырындар. Тұрлаулы мүшелерді табындар.

Кім?	Кіммен?	Қайда?	Не істеді?
Не?	Нені?	Қайдан?	Не істеді?
Сапар	достарымен	көлге	барды.
Мысық	тышқанды	кұбырдан	ұстады.

 **79-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Өленді мәнерлеп оқындар. Тұрлаулы мүшелерді табындар.

ДАРХАН ДАЛАМ

Дархан далам, көсілген
кең даласын.
Құшағында масайрап
қаламын мен.
Алыс кетсем дәм айдап
бір өзіндей,
Алтын бесік қай жерден
табамын мен?
Дархан далам, бай өлке — атырабың,
Сыбдырлаған мен сенің жапырағың.
Кәусарыңнан бір қуат дарып бойға,
Көкірегімнен құйылып жатыр әнім!

(Б. Тобаяқов)


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Атқаратын қызметіне қарай сөйлем мүшелерін қалай бөлеміз?
2. Тұрлаулы мүше дегеніміз не?
3. Тек қана тұрлаулы мүшелерден сөйлем құрауға бола ма?

26-с а б а қ БАСТАУЫШ

 **1-тапсырма.** Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем құраңдар.

Пісті, келгенсіз, оқушысың.

 **2-тапсырма.** Нүктенің орнына тиісті сөзді қойып сөйлемді толықтырыңдар.

.... суда жүзеді.

Сөйлемде кім, не жөнінде айтылатын негізгі ойдың несібін бастауыш дейміз.

Мысалы, *Сағит базардан көжесі алып келді. Көжесі қуысқа жасырынып қалды* — деген сөйлемдердегі *Са-*

Ғит — кім?, *көжек* — не? деген сұрақтарға жауап беріп, дара бастауыш болып тұр.

Бастауыш мынадай сұрақтарға жауап береді: *кім?, не?, кімдер?, кімі?, нең?, неңіз?, несі?, нешеу?, қайсысы?, нешесі?, қаншасы?*

80-жаттығу. 1. Сөйлемдерді оқып шығып, әр сөйлемнің қандай мағынада айтылып тұрғанын анықтандар. Сөйлемдерді көшіріп жазып бастауыштардың астын бір түзу сызықпен сызындар да қарамен жазылған сөздердің мағынасын анықтап, олардың дара, күрделі болуын түсіндіріңдер.

1. **Ауылдың жаны** — терең сай, тасыған өзен гүрілдеп. (*Абай*) 2. **Адам тілі** тас жарар, тас жармаса бас жарар. (*Мақал*) 3. **Сен екеуіміз** өлмейтін әке тауып алғанымыз жоқ па? (*С. Ерубаев*) 4. **Аудандық оқу бөлімі** жұмысқа қызу кірісіп кетті. 5. **Білегі** жуан бірді жығады, **білімі** толық мыңды жығады. (*Мақал*) 6. **Қыздар** үлкен ағаш саясына келіп отырды. 7. **Сабақ** аяқталып келеді.

81-жаттығу. Мәтінді оқып, көшіріңдер. Әр сөйлемнің неше сөйлем мүшесінен құралып тұрғанын айтындар.

Көгілдір үйрек шын мәнінде өжет еді, бірақ әлі қауырсыны қатпаған жас болатын.

Көгілдір үйрек қалың құрақ ішінен құрт-шабақ аулайды. Бір мезгіл жиекке шығады. Ұяластары жиекте күн шуақтап жатыр. Көгілдір үйрек олардан аулақтау кетіп өзіне құмдақ жер тандап алды.

Көңілі жайланған көгілдір үйрек құмдаққа бауырын төсеп жата кетті. Бірақ аңдушы аяқ астында екен. Біреу оны бір терең түпсіз тұңғиыққа тастап кеп жіберді.




82-жаттығу. Әрбір сөйлемге бастауыш тауып, сөйлемдерді толықтырындар.

1. Биыл жайлаудың ... бітік өсіпті. 2. Алтын ... — мектебім. 3. Сәрсеннің ... оқу жылының соңына дейін таза сақтал-

ған. 4. Тұмау ... — құрт, тұман ... — жұрт. 5. Жылқының ... жақсы екеніне жұрттың көзі жетті. 6. Даниярдың тепкен ... қақпаны жанай өтті.

Керекті сөздер: ұя, шөбі, түбі, тұқымы, кітабы, добы.

 **83-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мына өлеңнен бастауыштарды табындар.


Түйем шықты өріске,
Боталарым маймандап.
Қойым өрді қаптайлап,
Қозыларым салды ойнақ.
Кілемдей жерім түрленді,
Қызғалдағым гүлденді.
Кемпірқосақ құрсаулап,
Көгім де жаңа түрге енді.


(Халық ауыз әдебиетінен)


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Бастауыш қандай сөйлем мүшесі?
2. Бастауыш қандай сұрақтарға жауап береді?
3. Кім?, не?, кімі?, несі? деген сұрақтарға жауап беретін сөздері бар сөйлем түзіндер.

27-с а б а қ БАЯНДАУЫШ

 **1-тапсырма.** *Не істеді?* деген сұраққа жауап беретін бірнеше сөз табындар.


 **2-тапсырма.** Жоғарыда келтірген сөздерінді *кім?, қашан?, қалай?* сұрауларына жауап беретін сөздермен толықтырындар.

 **Сөйлемде бастауыштың ісін, қимылын, жай-күйін білдіріп, ойды аяқтап тұратын мүшені баяндауыш дейміз. Мысалы: Тоқтар мән-жайға енді толық түсінді деген сөйлемде Тоқтар қайтты? — түсінді деген сөз Тоқтардың істеген ісін, қимылын білдіріп тұр.**


Сара қалада дәрігер болып істейді деген сөйлемде *Сара кім болып істейді?* — *дәрігер болып істейді* деген тіркес Сараның кім болып істейтін жайын баяндап, күрделі баяндауыш болып тұр.

Баяндауыш көбінесе сөйлем соңында тұрады.

Баяндауыш *не істеді?, не істемек?, қайтті?, қайтеді?, не істепті?, қандай?, кім?, не?* деген сұрақтарға жауап береді.

 **84-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып шығындар. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойындар. Баяндауыштарды бастауыштарымен тіркестіріп көшіріндер.

1. Мен мектепке ерте **келдім**. Қоңырау **соғылмаған екен**.
2. Серіктің әкесі аквариум **әкелді**. 3. Әсет апасымен бірге нағашыларына **барды**. 4. Тәрбие сағаты өте қызық **өтті**.
5. Әкем маған ат ерттеуді үйретіп **отырушы еді**. 6. Ол әдеби кітаптарды оқуды әдетке **айналдыра бастаған**. 7. Жақсы жолдастар бірін-бірі **сатпайды**.


 **85-жаттығу.** Төмендегі мәтінді оқып шығып, балықтың қандай қасиеттері бар екенін біліп алындар. Сөйлемдерден бастауыш пен баяндауыштарды тауып, астын сызындар.

БАЛЫҚТАР ӘЛЕМІ

Балық — желбезекпен тыныс алатын, дене температурасы тұрақсыз, аяқ орнына жүзу қанаттары бар омыртқалы су хайуанаты. Балықтың құйрығы етті және жақсы дамыған. Қарынның екі жағында құйрығы мен арқасында «қанаттары» бар. Түсі тіршілік ортасына сәйкес келеді.

Балықтың еті, уылдырығы, кейбір түрінің терісі пайдаланылады, балық майы алынады. Балықтың улы түрлері де бар. Әлемде қаны түссіз, мөлдір балықтар да тіршілік етеді.

(«Балықтар әлемі» кітабынан)

 **86-жаттығу.** 1. Мәтінді оқып шығып, онда айтылған әдет-ғұрыптарды есте ұстандар. Әр сөйлемнен бастауыш және баяндауыштарды тауып, астын сызындар. 2. Берілген мәтінге өз пікіріңді қос.


ӘДЕТ-ҒҰРЫП ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

Сәбиге көз тимес үшін бетіне күйе жағады.
Ұл өкпелегіш болса ырысы кем болады.
Ас үстінде көп сөйлеуге болмайды.
Қыдырымпаз болма, уақытты босқа өткізбе.
Төсек-орнынды өзің жина.
Тамақты сораптамай ішу керек.
Тамақ ішіп отырып газет, кітап оқыма.
Әр уақытта дененді тік ұста, бүкіреймей жүр.
Кісілермен сөйлескенде қолыңды қалтана салып тұрма.
Көшеде қатты дабырлап сөйлеме.

 **87-жаттығу.** Берілген сұрақтарға жауап жазып, сөйлемдерді толықтырындар. Жазған сөздеріңнің баяндауыш екенін біліп алындар.

Бір қоян жолдан сәбіз (*не емті?*). Ол сәбізді (*не істеді?*).
Жолда оған көжек (*не істеді?*). Қоян оны көмекке (*не істеді?*).
Көжек жол бойы сәбізді жалмап (*не істеді?*). Жеп таусыған соң көжек (*қайтті?*). Қоян артына (*қайтсе?*), көжек жоқ. Ал сәбіздің тұқымы ғана (*не қылады?*).

(«Балдырған» журналынан)

 **88-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мәтінді оқып шығып, көшіріңдер. Бастауыш пен баяндауыштарды табындар. Бастауыштың астын бір, баяндауыштың астын екі сызындар.

Ат ырсылдап еңтігіп қалды. Бөбек жан-жағына сергек көз тастады.

Шөп бастарынан сіркедей шықтар жылт-жылт етеді. Құздың тас төбесіне шығып ап, көз ұшында, бір орында канатының ұшы жыбырлап, шыр-шыр етіп тұрып алады.

Бөбек жас баланың жұдырығындай сұр торғайдың кіпкішкентай, бауырына қысып алған аяғын көрді. Бүкіл денесі сұп-сұп болғанымен, бауыры аппақ. Ілгері жақтан ұлы

теңіз жарқырап, балыққа тойған өгіз шағалалардың өкірген даусы естілді.

(Ә. Нұрпейісов)

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Баяндауыш тұрлаулы мүше ме, әлде тұрлаусыз мүше ме?
2. Баяндауыштың сұрақтары қандай?
3. Баяндауыш көбіне сөйлемнің қай жерінде кездеседі?

28-с а б а қ

БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШТЫҢ АРАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН СЫЗЫҚША


 **1-тапсырма.** Мына сөйлемдерді интонациямен оқындар.

Сен — темір де, мен — көмір,
Алысқалы келгенмін.

(Қазыбек)

Сіз — жалын шоқ, біз бір — май.

(Абай)

 **2-тапсырма.** Сөйлемді дәптерлеріңе көшіріп жазындар, қай жерге сызықша қойылатынын интонация арқылы анықтаңдар.

Бастауыш пен баяндауыш арасына мынадай жағдайларда сызықша қойылады:

1. Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғалы зат есімнен болса, араларына сызықша қойылады.

Мысалы: *Сейітжан — жүргізуші. Байлықтың атасы — еңбек, анасы — жер.*

2. Бастауыш зат есім мағынасында жұмсалған сын есімнен, сан есімнен болып, баяндауыш атау тұлғалы зат есімнен болған жағдайда араларына сызықша қойылады.

Мысалы: *Жақсы — ісімен жақсы. Екі — жұп сан, үш — тақ сан.*


3. Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болған жағдайда араларына сызықша қойылады.

Мысалы: *Бес жерде бес — жиырма бес. Үш жерде жеті — жиырма бір.*


4. *Бұл, сол, осы, мынау, анау, ол* деген есімдіктерінен жасалған бастауыштарды сол тұлғада айтылатын анықтауыштардан ажырату үшін бұлардан кейін сызықша қойылады.

Мысалы: *Бұл — мектеп, анау — спорт залы, мынау — кемел ұрпақ бауы.*


5. Бастауыш у жұрнағы арқылы жасалған тұйық етістіктен жасалса, бастауыш пен баяндауыш арасына сызықша қойылады. Мысалы: *Оқу-бәріміздің міндетіміз.*

 **89-жаттығу.** Көшіріп жазып, әр сөйлемдегі бастауыш пен баяндауышты табындар және олардың арасына сызықшаның неліктен қойылғандығын түсіндіріңдер.

1. Сөйлеу тіліне бай болу — жас авторлар үшін өте қажет. (*Газеттен*) 2. Бұл — ауылдың жиі отыратын жағы еді. 3. Жолдасым — отыз-қырықтардың шамасындағы адам. 4. Қара жолмен өрлеп бір арбалы келе жатыр. Бұл — Бәкен. (*Б. Майлин*) 5. Жаман дос — көлеңке.

 **90-жаттығу.** Тиісті жерінде бастауыш пен баяндауыштың арасына сызықша қойып мақалдарды көшіріңдер.

1. Су диқанның қаны, жер диқанның жаны. 2. Еңбек ердің сәні. 3. Халықтың ортақ үйі Отаны. 4. Бірлік бұзылмас қамал. 5. Білім таусылмас бұлақ, өнер өмірлік мұрат. 6. Өнерлі өрге жүзеді. 7. Ақыл көпке жеткізер. 8. Тәрбие өмірдің тұрлаулы ұстазы. 9. Еңбек түбі мереке. 10. Ырыс алды ынтымақ.

 **91-жаттығу.** Төменде берілген кесте бойынша сөйлем құрастырындар.

1	Бастауыш	Баяндауыш
	Атау тұлғалы сөз	Атау тұлғалы сөз
	Анасы	шебер
	Қызы	тігінші


2	Бастауыш	Баяндауыш
	Сан есім	Сан есім
3	Бастауыш	Баяндауыш
	Есімдік	Зат есім

Сұрақтар мен тапсырмалар:


1. Бастауыш пен баяндауыш арасына қандай жағдайларда сызықша қойылады?
2. Бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықшаға мысалдар келтіріп, оларды түсіндіріп беріндер.


29-с а б а қ

СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІ


 Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері мыналар: **толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш.**

ТОЛЫҚТАУЫШ

 **1-тапсырма.** *Кімге?, неге?, кімді?, нені?, кімде?, неде?* сұрауларына жауап беретін сөздерді жазындар.


 **2-тапсырма.** Сөйлемдерден *кімнен?, неден?, кіммен?, немен?* сұрауларына жауап беретін сөздерді табындар.

Достарыммен колледжге бардым. Кітаптан мақал-мәтел тауып, дәптеріме көшірдім.


 **Сөйлемде іліктен басқа септік жалғауларының бірінде келіп, басқа мүшелерді толықтырып тұратын тұрлаусыз мүшені толықтауыш дейміз.**

Толықтауыштар атау мен іліктен басқа септік жалғаулы сөздердің мына сұрақтарына жауап береді: *кімді?, нені?, кімге?, неге?, кімнен?, неден?, кімде?, неде?, кіммен?, немен?*


Мысалы: *Кітапты көзілдірікпен оқыды. Нені оқыды? — Кітапты (толықтауыш). Немен оқиды? — көзілдірікпен (толықтауыш).*

 **92-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып, толықтауыштарды табындар, сұрақ қойындар.


1. Адамның бір қызығы бала деген, Баланы оқытуды жек көрмедім. (*Абай*) 2. Біздің ауылды көріп келесіндер. 3. Жылқыда өт жоқ, өсер малда өлім жоқ. (*Мақал*) 4. Сүттен ақ, судан таза, біреуден артық, біреуден кем.

 **93-жаттығу.** Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем құрандар. Толықтауышты тауып, астын сызындар.

Қаламмен, ауылды, анамнан, кітапқа, өзенде.

 **94-жаттығу.** I. Жансүгіровтің «Жазғытұрым» өлеңінен алынған мына тармақтарда толықтауыш қызметін атқарып тұрған сөздер бар. Оларды табу үшін әуелі торкөздерді толықтырып алындар. Бос торкөздерге дауысты дыбыстарды қойып шығындар.

	Л		Ш	К		С		Н	Қ		Р	Қ		П	Т	
	Г		Н	Д		Р		Н	Ж		Р	Т		П	Т	

 **95-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Өлеңдерден толықтауыштарды табындар. Астын шартты сызықпен сызындар.

1. Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан!
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар, қалан!
2. Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын білуге,
Көкірегінде болсын көз.


(*Абай*)

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Сөйлем мүшесі деп нені айтамыз?
2. Сөйлемнің дара мүшесі деген не?
3. Сөйлемнің күрделі мүшесі неден құралады?

30-с а б а қ

АНЫҚТАУЫШ


 **1-тапсырма.** Сөйлемнен *қандай?* деген сұраққа жауап беретін сөзді табындар.

Ауылдың жаны терең сай.

 **2-тапсырма.** Төменде берілген бос торкөздерге сәйкес келетін сөздер жазындар.

Әдемі , Сұлу ,

Биік , Терең .


 **Сөйлемдегі заттық мағынасы бар мүшелердің сапасы мен белгісін айқындайтын тұрлаусыз мүшені анықтауыш дейміз.**

Анықтауыштың сұрақтары мыналар: *қандай?*, *қай?*, *қайсы?*, *(қайсысы?)*, *қайдағы?*, *кімнің?*, *қанша?*, *неше?*, *қашанғы?*

Анықтауыш, негізінде, есім сөздерден болған сөйлем мүшелерін анықтайды.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан.
Күз болып *дымқыл* тұман жерді басқан
(Абай)


Қандай бұлт? — Сұр (анықтауыш)
Қандай тұман? — Дымқыл (анықтауыш)

 **96-жаттығу.** Жаңылтпаштарды көшіріп жазындар. Анықтауыштарды табындар. Оларды жаттап алып, тіл байлықтарыңды молайтындар.

ЖАҢЫЛТПАШТАР

1. Ағаны бала ағаламағаны —
Бала ағаны бағаламағаны.
Ағаны бала ағаламағаны—
Әдепті бала бола алмағаны.


2. Шапанымда сан қалтам бар,
Қай қалтамда сары малтам бар?
Малтам жалғыз, қалтам сансыз,
Тапқан алсын, малтам даусыз.

 **97-жаттығу.** Сөйлемдерден анықтауыштарды табындар. Олардың сөйлемнің қай мүшесін анықтап тұрғанын айтындар.

1. Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп.


(С. Торайғыров)

2. Ердің атын еңбек шығарады. *(Мақал)* 3. Сіздің бар шығармаңыз осы үйден табылады. 4. Сен оқыған кітапты мен де оқыдым. 5. Біздің көп ұлтты елімізде барлық халықтардың құқықтары бірдей. *(«Нұрлы жол» газетінен)*

 **98-жаттығу.** Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып сөйлемдерді көшіріңдер. Анықтауыштарды тауып, астын сызындар.

1. ... керуен тәрізді, Торғын көкте жоғары. *(Ә. Сәрсенбаев)* 2. Ой, балалар, балалар! ... жел соқты. *(І. Жансүгіров)* 3. ...қоразға қоң бітпес. *(Мақал)* 4. ...костюм киеді, Күннің көзін сүйеді. *(Жұмбақ)*

Керекті сөздер: жылы-жылы, аппақ, көк ала, қорқақ.

 **99-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Жұмбақтарды көшіріп жазып, шешуін табындар. Құрамындағы анықтауышты анықтандар. Жұмбақтарды жаттап алындар, сөз байлықтарыңды молайтып барындар.


- | | |
|--|--|
| 1. Қозғалмайды,
Үш аяқтап тұрады.
Ауыл көшсе,
Шаңыраққа шығады. | 3. Ертеңгілік үлкен,
Кешкілік үлкен,
Талма түсте кішкентай. |
| 2. Кішкентай сары безер
Жер-дүниені кезер. | 4. Алты аяқты, төрт көзді,
Екі ауызды, бір сөзді,
Ынтымақпен ел кезді. |


Жұмбақтардың шешуі: *көлеңке, атқа мінген адам, тиын, мосы.*

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Анықтауыш деген сөйлемнің қандай мүшесі?
2. Анықтауыш көбіне қай сөз тобынан жасалады?
3. Анықтауыштың сұрақтары қайсылар?
4. Анықтауыш қатысқан сөйлемге мысал келтіріңдер.

31-сабақ ПЫСЫҚТАУЫШ


 **1-тапсырма.** *Кетті* деген сөзді *қашан?*, *қай жерден?*, *қалай?* сұрауларына жауап болатын сөздермен байланыстырыңдар.

 **2-тапсырма.** Кенейтірілген сөз тіркестерін сөйлемге айналдырыңдар.


 **Сөйлемде іс-әрекеттің мезгілін, мекенін, мақсатын, себебін, сын-сипатын білдіретін тұрлаусыз мүшені пысықтауыш дейміз.**

Пысықтауыштың сұрақтары мыналар: *қашан?*, *қайда?*, *қалай?*, *қалай қарай?*, *қайтіп?* *не себепті?*, *не үшін?*, *кім үшін?*, *неліктен?*, *қайдан?*, *не істеуге?*, *не мақсатпен?*, *не арқылы?* (*кім арқылы?*)


Мысалы, *Түнде* жаңбыр жауды. *Қашан* жауды? — *Түнде* (пысықтауыш). *Су жылжып* ақты. *Қалай* ақты? — *Жылжып* (пысықтауыш). Мен саған *жолыққалы* келіп едім. *Не үшін* келіп едім? — *жолыққалы* (пысықтауыш). Олар *ілгері қарай жүріп* кетті. *Қалай қарай жүріп* кетті? — *Ілгері қарай* (пысықтауыш).

 **100-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп, пысықтауыштардың астын сызыңдар. Пысықтауышқа қандай сұрақ қоюға болатынын айтыңдар.

1. Жасымда ғылым бар деп ескермедім. 2. Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын. (*Абай*) 3. Радио арқылы күнбе-күн байланысып тұрады. 4. Келген сайын ол елден бір үлкен жаңалық хабар әкелетін. 5. Асқар туған елі Көкшетауға екі айда өзер жетті. 6. Хатты Оспан арқылы жіберді. 7. Абайға үйдегі кемпір де бұрылып қарады. (*М. Әуезов*)

 **101-жаттығу.** Берілген қалыптар негізінде сөйлем құрандар. Сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібіне көңіл бөліндер.

Анықтауыш. Бастауыш. Баяндауыш.
Пысықтауыш. Анықтауыш. Бастауыш. Баяндауыш.
Бастауыш. Пысықтауыш. Толықтауыш. Баяндауыш.


 **102-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Оқып шығып, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін (толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш) табындар. Оларға қандай сұрақтар қоюға болатынын айтындар.

МҰРАТЫҢА КІТАП ЖЕТКІЗЕДІ

Жер бетіндегі адамның бөріне бірдей ортақ, шеті ойылмас мол қазына бар. Жақсылық бар ұлан-байтақ. Керегінше ал да, қажетіне жарат. Пайдалан. Қызығын көр. Ешкім қолыңнан қағып, ешқандай қызғаныш сөз айтпайды. Тек еріншек, енжар болма.

32—33-сабақтар БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

34-сабақ СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ

 **1-тапсырма.** Өзіңмен сабаққа бірге келетін достарыңның атын қосып сөйлем құрастырындар.

 **2-тапсырма.** Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлем құрандар.


Сұлы, арпа, бидай, тары, жүгері.

 **Сөйлемдегі қызметі бірдей, бір ғана сұраққа жауап беретін мүшелерді бірыңғай мүшелер дейміз.**


Мысалы: 1. *Ормандағы қарағай, терек, қайың гүлдене бастады.* 2. *Ол дәптерін, қаламын, кітабын алып, мектепке келді.*

Бірінші сөйлемдегі *қарағай, терек, қайың* деген сөздер *нелер гүлдене бастады?* деген бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бірыңғай бастауыштары болып тұр. Екінші

сөйлемде *дәптерін, қаламын, кітабын* деген сөздер *нелерін алып?* деген бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бірыңғай толықтауыштары болып тұр.


 **103-жаттығу.** Оқып шығып, бірыңғай мүшелерді тауып, олар сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын айтындар.

Көк арбаның сыртында қалың сақалды, ұзын шашты аталар, әкелер көрінеді. (*М. Әуезов*) 2. Туған жерінді, елінді, мектебінді, оқытушынды, партанды сүй. (*Ф. Сланов*) 3. Өткеннің жақсы, жаманы бүгінгі өлшеуішпен өлшенеді. (*Ф. Мұстафин*) Көл бетінде су құстары: үйрек, қаз, аққу, бірқазандар жүр. (*Ө. Қанахин*) 5. Бұл ойынға доп, тас, таяк керек болады. («*Нұрлы жол*»)

 **104-жаттығу.** Өленді оқып, бірыңғай мүшелерді табындар.

Көп аузынан түспейтін,
Отан деген немене?
Оның тұлға, түс, кейпін,
Досым, білгің келе ме?
Отан — сенің ата-анан,
Отан — досың, бауырың.
Отан — өлкен, астанан,
Отан — аудан, ауылын.

(*Б. Ысқақов*)

 **105-жаттығу.** Жақша ішіндегі сұрақтарға бірыңғай мүшелер арқылы жауап беріндер. Тыныс белгілерін қойындар.

1. (*Нелер?*) көгерсін деп күнде су құйдым. 2. Бағымыздағы (*қандай?*) гүлдерге құстар қонды. 3. (*Қай жерлерде?*) құрылыс жұмыстары жедел қарқынмен жүріп жатыр. 4. Отанымыздың мақтанышы болған (*кімдерді?*) қарсы аламыз.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері деп қандай мүшелерді атаймыз?
2. Бірыңғай мүшелер сөйлемнің қайсы мүшесі болса, соның сұрағына жауап беретініне назар аударындар.

35-с а б а қ

БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

 **1-тапсырма.** Мына сөйлемдегі бірыңғай мүшелер арасына үтір қойындар.

Әсия төсек жинауды іс тігуді тамақ пісіруді әжесінен үйренді.

 Сөйлемдегі бірыңғай мүшелерінің арасына мынадай жағдайларда үтір қойылады:

1. Егер сөйлемнің бірыңғай мүшелері бір-бірімен жалғаулықсыз байланысса, онда олардың арасына үтір қойылады.

Мысалы: Бақшада жүзім, алма өседі. Халқымыз қуанышты, бақытты тұрмысқа бөленіп отыр.

2. Егер жалғаулықтар сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің әрқайсысымен қайталанып келсе, араларына үтір қойылады.


Мысалы: Ауылда да, қалада да еңбек қарқыны күшейді. Бұл жұмысқа я сен, я мен кірісуім керек.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына мынадай жағдайларда үтір қойылмайды:


1. Бірыңғай мүшелер **мен (пен, бен), және** жалғаулықтары арқылы байланысса, олардың арасына үтір қойылмайды.

Мысалы: Ол жақсы ән мен тәтті күйді ұнатады. Еркін қазақша және орысша жақсы біледі.

2. **Да, (де, та, те), яки, не, немесе** жалғаулықтары қайталанбай, бірыңғай мүшелерінің арасында бір-ақ рет келсе, олардың арасына үтір қойылмайды. *Мысалы: Шәкен не Досжан келер.*


 **106-жаттығу.** Сөйлемді оқып шығындар. Көп нүктенің орнына мағынасына сай келетін бірыңғай мүшелерді (бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш) қойып, жаттығуды көшіріндер.

1. Тау етегінде малдар жайылып жүр. Олардың ішінде қой да,, бар. 2. Біз мектеп бауына алма ағашын, және отырғыздық. 3. Көктемде көлге үйрек....., ... ұшып келді. 4. Біздің үйге Сәрсен де,.... де келді. 5. Біз тоғай аралап жүріп қоян, ..., көрдік. 6. Түстен кейін үйірмеге де бардық, ... да ойнадық.

 **107-жаттығу.** Мәтінді оқып, құрамындағы сөйлемдерден бірыңғай мүшелерді тауып, олардың қандай тұлғада, қандай тыныс белгілермен ажыратылып тұрғанын түсіндіріңдер.

Бұрын мен кіммін?, қайда жүрмін?, неге жүрмін? Бүгінім неге осылай?, ертеңім не болады? деген тәрізді сауалдар төңірегінде ойланбаған. Жұрттың бәрі өзіндей. Мал бағады, шөп шабады, егін жинайды. Кәрісі де, жасы да, еркегі де, әйелі де қысы-жазы тыным таппайды. Ол да сол көптің бірі боп жүре берген. Сөйтсе, басқаша да өмір сүруге болады екен.

(М. Мағауин)

 **108-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Сөйлемдерді көшіріп жазып, бірыңғай мүшелерді байланыстырып тұрған жалғаулықтан кейін үтірдің қойылу, қойылмау себебін түсіндіріңдер.

1. Сыныпта Жанар мен Жантас екеуі ғана отыр. 2. Оның не ілгері, не кейін аттай алар түрі жоқ. 3. Ол өлкенің суы — толған балық пен құндыз, тауы — толған бұғы мен марал. *(Б. Соқбақбаев)* 4. Мына Мадияр сені де, мені де, әжеңді де жерге қаратты. 5. Ол — сенің я ағаң, я інің. 6. Асқар бүгін не ертең келеді. *(С. Мұқанов)*

36-с а б а қ

ПЫСЫҚТАУ САБАҒЫ

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері қайсылар?
2. Тұрлаусыз мүшелер нешеге бөлінеді?
3. Бастауыш деп қандай мүшені айтамыз?
4. Баяндауыш көбінесе сөйлемнің қай жерінде кездеседі?



4-тапсырма. Өлеңді оқып шығындар. Онда қатысқан сөйлем мүшелерін анықтаңдар.

Кешегі өткен ер Әбіш,
Елден бір асқан ерек-ті.
Жүрегі жылы, бойы құрыш,
Туысы жаннан бөлек-ті.

37-с а б а қ

ҚАРАТПА СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ



1-тапсырма. Төмендегі қаратпа сөзден кейін үтір немесе леп белгісін қойып көшіріндер. Оның сөйлем мағынасына әсері бар ма, жоқ па?

Міне апа раушангүл.
Міне апа Раушангүл.



2-тапсырма. *Інішек* сөзін сөйлемнің басында, ортасында және соңында пайдаланып көріндер. Сөйлемде қандай өзгеріс болғанын анықтаңдар.

Інішек, үй тапсырмасын орындап болдың ба?



1 Сөйлемде белгілі бір мүше бола алмайтын, бірақ тыңдаушының назарын, көңлін аудару үшін қолданылатын сөзді қаратпа сөз дейміз.

Қаратпа сөз сөйлемнің басында тұрса, одан кейін үтір қойылады. Мысалы: *Жанболат*, қасыма келші. *Әсем*, жүр бақшаға барайық.

Сөйлем басында келген қаратпа сөз көтеріңкі дауыспен айтылса, соңынан леп белгісі қойылады. Мысалы:


— *Үсен, Үсен, мынау тайыз жердегі балықтарды қарашы!*

(Б. Алтынсарин)


Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында келсе, оның екі жағынан да үтір қойылады. Мысалы:

Өленім, шарла ауылды,
Тында, *дала*, Жамбылды.

(Ж. Жаббаев)


 **109-жаттығу.** Оқып шығып, қаратпа сөздерді айтындар және тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

1. — Бұл етті турап бересіз бе, нағашы? — деді Ботакөз. (С. Мұқанов) 2. Аға, қозы түгел ме? (Б. Соқбақбаев) 3. Қарам, бері кел, Бізге де көңіл бөл. (Абай) 4. Ризамын, балам, ризамын! Ризамын елдің бәріне. (Жамбыл) 5. Ертең сабаққа келесің ғой, Аман? («Нұрлы жолдан»)


 **110-жаттығу.** Қаратпа сөздердің орнын өзгертіндер де, оған байланысты тыныс белгілерін қойып көшіріңдер.

Үлгі: *Арман, сен қайда кетіп бара жатырсың? Сен, Арман, қайда кетіп бара жатырсың? Сен қайда кетіп бара жатырсың, Арман?*

1. Талғат, сен кітапханаға барып келші. 2. Мен сізді жақсы көремін, апа!

 **111-жаттығу.** Қатар тұрған сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздердің қай сөйлемде қаратпа сөз, қай сөйлемде бастауыш екендігін анықтандар да, тиісті тыныс белгісін қойып көшіріңдер.

1. **Сәкен** бүгін «Нұрлы жол» газетін оқыды. **Сәкен** бүгін сен «Нұрлы жол» газетін оқыдың ба? 2. **Балалар** ертең тоғайға жидек теруге барамыз ғой? Ертең **балалар** тоғайға жидек теруге барады. 3. **Аманкүл апай** сіз биыл демалуға барасыз ба? **Аманкүл апай** биыл демалуға баратын болды.

 **112-жаттығу.** Төмендегі сөйлемдерді көшіріп жазындар. *Балам* сөзінің қай сөйлемде қаратпа сөз екенін, қай сөйлемде сөйлемнің қайсы мүшесі екенін айтып беріндер.

1. Балам, үлкеннің сөзін тындашы.
2. Ту ұстап алдында кетіп бара жатқан менің балам.
3. Баламды атқа мінгізді.


4. Баламның еңбегін бағалағандарыңыз үшін сіздерге алғысымды білдіремін.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қаратпа сөз дегеніміз не?
2. Қаратпа сөз сөйлем ортасында келсе қандай тыныс белгісі қойылады?
3. Өз сыныптастарының есімін қаратпа сөз етіп сөйлем құрастырындар.

38-с а б а қ

ЖАЛАҢ ЖӘНЕ ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМДЕР

 **1-тапсырма.** Тек қана бастауыш және баяндауыштан құралған сөйлем жазындар.

 **2-тапсырма.** Мына сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдап көріңдер.

Шығыстан жұмсақ салқын жел соғып тұр.


Мүшелерінің қатысына қарай сөйлемдер **жалаң сөйлем**, **жайылма сөйлем** болып екіге бөлінеді.

Жалаң сөйлем тек бастауыш пен баяндауыштан құралады.

Мысалы: *Қар жауды. Жер қата бастады.*


Жайылма сөйлемде тұрлаулы мүшелер де, тұрлаусыз мүшелер де болады.

Мысалы: *Халық атай біздің тілегімізді оған тәптіштеп түсіндіріп берді* деген сөйлемде бастауыш (*Халық атай*), баяндауыш (*түсіндіріп берді*), анықтауыш (*біздің*), толықтауыш (*тілегімізді, оған*), пысықтауыш (*тәптіштеп*) мүшелердің қатысымен жасалып тұр.

 **113-жаттығу.** Мәтінді оқып шығып, жалаң, жайылма сөйлемдерді табындар. Олардың қандай мүшелерден жасалып тұрғанын айтындар.


1. Біз атайдың бидай суырғанына қызыға қарап тұрмыз. Алтын дән маржандай судырап үйіліп жатыр. Шөп-шалам

ұшқындай түсуде. 2. Балалар күліп жіберді. Ол ренжіп қалды. 3. Нәтиже өзгермеді. 4. Кітаптар әкеліп қойылды.

 **114-жаттығу.** Төменде берілген жайылма сөйлемдерді жалаң сөйлемге айналдырындар.

1. Қар түсісімен жануарлар қысқы ұйқыға кетеді. 2. Қыста ұйықтайтын жануарлар өте көп. 3. Күн жылынып, мұз ерігенде бақалар тіріледі. 4. Жылан, кесірткелер қысқы ұйқыны жапырақтың астында, ағаш түбінде өткізеді.

(«Айналамен танысу» кітабынан)

 **115-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мына жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемдерге айналдырындар.


Көл тынық екен. Әкем қайтты. Әжем иіріп жатыр. Сарбаздар шырқап келеді. Ұшқыштар ұшты. Күн ыси бастады.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Тек бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлем не деп аталады?
2. Жайылма сөйлем деп қандай сөйлемді айтамыз?


39-с а б а қ

ЖАЙ СӨЙЛЕМ МЕН ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

 **1-тапсырма.** Төменде берілген жай сөйлемдерді бір-біріне байланыстырып, сөйлем құрандар. Жай сөйлемдерді қандай қосымшалар арқылы байланыстырдындар?

Қоңырау соғылды. Сабақ басталды.

 **2-тапсырма.** Осы екі жай сөйлемді бір-бірімен шылау арқылы байланыстырып, сөйлем құрастырындар.

 Сөйлемдер құрылысына қарай **жай сөйлем** және **құрмалас сөйлем** болып екіге бөлінеді.

Аяқталған бір ғана ойды білдіретін сөйлем жай сөйлем болады.

Мысалы: *Күз келіп қалды. Ағаштың жапырақтары түсе бастады. Егін жиналды.*

Бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлем құрмалас сөйлем болады.

Құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады. Мысалы: *Ол кеше келгенде, сен үйде жоқ едің.*

Құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдердің арасында *бірақ, өйткені, сондықтан* деген жалғаулықтар болса, үтір бұл жалғаулықтардың алдынан қойылады. Мысалы: *Қар кетіп болды, бірақ жер әлі көктей қойған жоқ.*



116-жаттығу. Құрмалас сөйлемнің ішіндегі жай сөйлемдердің арасына үтір қойып көшіріңдер. Олардың әрқайсысының неше жай сөйлемнен құралғанын айтыңдар.

1. Жау жағы бас көтеріп жолдан шыға Берікболдар жатқан жылғаға қарай беттеді. 2. Бір күні тоқсан аяқталып оқу қорытындысы шықты. 3. Пингвиндер құс болғанымен ұшу дегенді білмейді. 4. Қойшы қасқыр тартқан қара қойды алып келіп үйдің жанына байлап қойды. 5. Осы арада екі жақтың да әскерлері шатырларын тігіп демалуға жатыпты. 6. Олар жауларын тықсыра отырып Бүркітші тауына жетіпті.

(«Нұрлы жол» газетінен)




117-жаттығу. Төменде берілген жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырыңдар.

1. Кітапхана ашылды. Балалар дүркіреп кітапханаға кіріп келді. 2. Аманкүл апай оқушыларға сенбілік болатынын айтты. Оқушылар түстен кейін мектепке келді. 3. Бибігүл интернет-клубқа барды. Ол электронды кітапты ашып оқыды. 4. Әмірхан ғылыми жұмыспен шұғылданды. Ол шет елге барып қайтты. 5. Сабыр оқуын аяқтады. Ол ауылға демалуға келді. 6. Қарасу өзені тұнық. Өзенде балалар шомылып жүр.

 **118-жаттығу.** Адасқан жай сөйлемдерді орнына қойып, құрмалас сөйлем жасаңдар.

1. Жақсымен жүрсең жетерсің мұратқа, білімді мынды жығар. 2. Әдепті бала — арлы бала, жаманмен жүрсең, қаларсың ұятқа. 3. Өнерлі адам өрге озар, әдепсіз бала — сорлы бала. 4. Еңбек етсең ерінбей, өнерсіз адам жер соғар. 5. Тояды қарның тіленбей.

 **119-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Жұмбақтарды көшіріп жазып, шешуін табыңдар. Сөйлемдердің жай немесе құрмалас екенін айтыңдар.

1. Құйрығын бір қылып етті,
Қара құлын жылп етті.
2. Тарбаң, тарбаң, тарбиған,
Түрі жаман жарбиған.
3. Әкесі — тышқан,
Шешесі — құстан.


Шешуі: *тасбақа, жарқанат, сарышұнақ.*


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Құрмалас сөйлемнің құрамында неше жай сөйлем болады?
2. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер қандай жалғаулықтар арқылы байланысады?

40-с а б а қ

ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

 **1-тапсырма.** *Деді* сөзін қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар. Сөйлемде қандай тыныс белгілерінен пайдаланғандарыңды айтыңдар.

 **2-тапсырма.** Төменде берілген белгілерге сәйкестендіріп, сөйлем мүшелерін қойып, сөйлем құрастырыңдар.

« _____ ? » _____ : « _____ ».

❖ Сөйлеуші адам басқа біреудің сөзін бұлжытпай, сол қалпын сақтап айтуы мүмкін.

Басқа біреудің өзгертілмей айтылған сөзі төл сөз деп аталады. Сөйлеуші адам төл сөздің кімдікі екенін айқындап, өз сөзін қоса айтады.

Төл сөзді қолданушы адамның өз сөзі автор сөзі деп аталады.

«*Ғылым таппай мақтанба*», — деді Абай. Осы мысалдағы *Ғылым таппай мақтанба* деген — төл сөз, *деді Абай* — автор сөзі.

Төл сөз тырнақшаға алынып, бас әріппен басталып жазылады.

1. Төл сөз автор сөзінен кейін қолданылса, автор сөзінен соң қос нүкте қойылады. Мысалы: *Әмір Темір былай деді: «Күш — әділетте».*

2. Төл сөз автор сөзінен бұрын келсе, төл сөзден кейін үтір мен сызықша қойылады. Мысалы: *«Күш — әділетте», — деді Әмір Темір.*

❖ **120-жаттығу.** Мәтінді оқып шығып, одан төл сөз, автор сөздерін табындар. Олар кімдердің сөзі екенін және олардың қандай тыныс белгілерімен ажыратылып тұрғанын анықтандар.

Апасы Мағжанға қатты ренжіді. «Яслиден шығып, бақшаға келдің, үлкен жігітсің, бірақ әлі ақылың кірмепті. Қиқарлық — жарамсыз әдет. Жақсы бала апасының да, көкесінің де айтқанын бұлжытпай орындауы керек», — деді ол. Мағжан бұл сөздердің бірін есітіп, бірін естіген жоқ, бар ойы күшікте еді. Мағжан апасынан: — Күшікті үйге әкетеміз бе? — деп сұрады. (*М. Мағауин*)

❖ **121-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Төл сөз бен автор сөзінің орналасуын сызбамен көрсетіндер.


Үлгі: «Мен судан қорқамын», — деді Омар.

Сызбасы: « _____ », — ~~~~~.

1. Сағи былай деп сұрады: «Ол сенің інің бе?»
2. «Баланың жұмысы қиын болғандықтан көмектестім», — деді әкесі.
3. Киізі қырық жамау күркесіне келіп Жиренше былай деген екен: «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім».

 **122-жаттығу.** Мына сызба бойынша төл сөз бен автор сөздерін қатыстырып сөйлем құрандар.

1. «Төл сөз», — автор сөзі.
2. Автор сөзі: «төл сөз».
3. «Төл сөз, — автор сөзі, — «төл сөз».


 **123-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Өздерің күнделікті тұрмыста қолданатын төл сөздерінді сөйлем етіп, көшіріп жазып келіндер. Тыныс белгілерін дұрыс қоюды үйреніндер.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Төл сөз деп қандай сөзді айтамыз?
2. Автор сөзі деп ше?
3. Төл сөзі автор сөзінен бұрын келсе, қандай тыныс белгісі қойылады?

41-с а б а қ

ДИАЛОГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

 **1-тапсырма.** Екі адамның бір-бірімен сөйлескен сөздерін дәптерлеріңе жазыңдар. Қандай тыныс белгілерін қойғандарыңды айтыңдар.

 **2-тапсырма.** Төменде берілген әңгіменің тыныс белгілерін қалай қойылғанын түсіндіріңдер.

- Есімің кім сенің?
- Есімім — Ербол.
- Кімнің ұлысың?
- Сәрсеннің кішкене ұлымын.


Екі я одан да көп адамның сөйлескен сөзі диалог деп аталады.

Диалог — төл сөздің бір түрі.


Сөйлеуге қатысушылардың әрқайсысының сөзі жаңа жолдан басталып жазылады да, алдынан сызықша қойылады.

- Сен маған атыңды айтпадың ғой.
- Сіз өзіңіз сұраған жоқсыз ғой.
- Ал сұрайық.
- Атым — Сағит.
- Жігітсің, Сағит! Мына суреттеріңді көрейінші.
- Көріңіз.

(М. Иманжанов)

 **124-жаттығу.** Жақшаны ашып, сөйлемдерді көшіріңдер. Төл сөз бен автор сөзіне байланысты тыныс белгілерін қойыңдар.

1. Сабағыңды оқыдың ба? (деп сұрады әжем). 2. Демалыс күні мектеп бақшасына келіңдер де, ағаш егуге көмектесіңдер (деді сынып жетекшісі). 3. Ауылдың жанындағы өзенге барып суға түссем, қармақпен балық ұстасам, жақсы болар еді (деп ойлады Ерлан).

 **125-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мәтінді оқып шығыңдар, диалогқа байланысты тыныс белгілерін қойып жаттығуды көшіріңдер.

ӨРМЕКШІ, ҚҰМЫРСҚА, ҚАРЛЫҒАШ

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

Көремін, өрмек тоқып жүр.

Анау құмырсқаны көремісің?

Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.

Жоғары қара, аспанда не көрінеді?

Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет.

(Б. Алтынсарин)

42—43-сабақтар БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

СИНТАКСИСТЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

44-сабақ

СӨЙЛЕМНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Пысықтау үшін сұрақтар:


1. Сөйлем дегеніміз не?
2. Хабарлы сөйлем деп қандай сөйлемді айтамыз?
3. Лепті сөйлем қандай интонациямен айтылады?
4. Сұраулы сөйлемнен соң қандай тыныс белгісі қойылады?

 **126-жаттығу.** Әрбір сөйлемнен соң нүкте қойып, келесі сөйлемді бас әріппен көшіріңдер

Бір жағдай себеп болып мен Қытайға келдім біз терең ордан ағаш көпір арқылы өтіп, қалаға кірдік қала іші құлаққа ұрған танадай жым-жырт екен.

Сахарада тынысыңыз бір түрлі кеңейіп, ой-өрісіңіз де канат жаза түседі онда етек-женді кеңге салып, емін-еркін жүресіз онда құдайдың құстары да, аңдары да дарқан, қаннен-қаперсіз, еркіншілікте күн кешеді.

(Ш. Уәлиханов)

 **127-жаттығу.** Мәтінді оқып шығып, сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай қандай сөйлем (хабарлы, сұраулы, лепті) екенін айтыңдар.


АЛТАЙ ОРМАНЫ

Алтай жерінің асты қандай қазыналы болса, үсті де сондай бай ғой.

Мұның сынсыған орманының өзі бір байлық емес пе жатқан! Оны нағыз Тайганың өзімен ғана теңестіруге болады. Алтай орманын аралап көргендеріңіз бар ма сіздердің? О, ғажап қой оның іші! Балуан пішінді кедр ағашын көріп пе едіңіздер? Жел қозғағанда, оның жасыл


ине жапырақтарының ғажайып күйге ұқсайтын сыбдыр-сыбдырын естіп пе еді құлақтарыңыз? Кедрді көрмесеңіздер, оның үнін естімесеңіздер, онда Алтай орманын аралаңыздар. Көкке тіреу болған күміс дінгекті көріп пе едіңіз? Көрмесеңіздер, Алтайдың күміс қабақ қарағайына қараңыз сүйсініп.

(Ә. Нұршайықов)

 **128-жаттығу.** Көшіріп, бастауыштардың астын бір, баяндауыштардың астын екі сызындар.

Құлағына бір ызың келді. Ащы ішектен бұратылып шыққандай азалы үн. Өң мен түстің арасындай еміс қана естіліп еді. Енді сол дауыс күшейіп барады. Қоспан селт етіп оянғандай төбе шашы тікірейіп, бойы мұздап қоя берді. Тағы да қасқыр ұлиды. Қойшы біткеннің қас жауы.

(Т. Ахтанов)

 **129-жаттығу.** Суретке қарап төмендегі әңгімені жалғастырындар. Жазған сөйлемнің қандай сөйлем екенін айтындар.

Әйгерім мектепке келе жатты. Кенет жаңбыр құйып кетті. Ол дереу қолшатырын ашты да, төбесіне ұстап алды. Жаңбыр тамшылары қолшатырға тартылдап тама бастады. Бір кезде аянышты қыңсылаған дауысты құлағы шалды.

....



45-с а б а қ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІН ҚАЙТАЛАУ

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Тұраулы мүшелер дегеніміз не? Оған қайсы мүшелер жатады?

2. Бастауыш деген не? Сұраулары қандай?

3. Баяндауыш қандай мүше, қайсы сұрақтарға жауап береді?

4. Қандай жағдайларда бастауыш пен баяндауыш арасына сызықша қойылады?


 **130-жаттығу.** Көшіріп, бастауыштың астын бір, баяндауыштың астын екі сызындар.

ЖАҢЫЛМА

Бір топ бала көгалды алаңға жиналып, дөңгелене тұрады.


Ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шығарады. Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып кезкелген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды, басын сипайды. Оның әрекетін қайталай алмай қалған бала айыпты болып, өлең айтады, билейді, әңгіме айтып күлдіреді.

(«Қазақтың ұлттық ойындары» кітабынан)

 **131-жаттығу.** Әріптердің орнын ауыстыра отырып, жаңа сөз жасандар, сол сөздерді бастауыш не баяндауыш етіп, сөйлем құраңдар.

□	□	□	□
□	□	□	□

м	а	қ	т	а
қ	а	с	ы	қ

 **132-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Тірек сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құрап жазыңдар. Бастауыш пен баяндауыш арасына қажетті жерде сызықша қойыңдар.

Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, «Абай жолы» романы, Семей, «Ғылым таппай мақтанба», роман.

46-с а б а қ

СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІН ҚАЙТАЛАУ

Пысықтау үшін сұрақтар:


1. Тұрлаусыз мүшелер қайсылар?
2. Толықтауыш туралы мәлімет беріндер.
3. Анықтауыш дегеніміз не, сұраулары қандай?
4. Пысықтауыш қандай қызмет атқарады?

 **133-жаттығу.** Көшіріп, толықтауыштардың астын сызындар.

Баланың Алматы абақтысынан қашқанына жылға жақын уақыт болды. Бірақ миына сіңіп қалған дағдыдан әлі арыла алмайды. Темір сылдыр етсе, кісен сылдырағандай көрінеді. Тәуірірек киінген адам кездесе, Саймасайдың жақындары сияктанып елестейді.


Кешке Мақан аулына Меркеден екі салт атты келді. Бірі — қазақ, бірі — орыс.

(Ш. Мұртаза)

 **134-жаттығу.** Көшіріп, пысықтауыштардың астын өзіне тиісті шартты белгімен сызындар, оларға сұрақ қойындар.

Жантақ тамыры тереңге кетеді: суы мол, ылғалы бар жер қабатына жетпей тоқтамайды. Жантақты жерден құдық қазған шөл шаруалары мұны жақсы біледі. Құдықты жантақтың тамырын қуа қазады. Жантақ тамыры жуан сым сияктанып тереңге қарай, жер кеудесін тесе сүңгиді. Тереңге, суға жеткен соң, сым сияқты жалғыз тамыр таралып, суды сіміріп, ылғалды жоғары тарта бастайды. Сондықтан жантақ өсімдігі, қандай ыстық болса да, шөлдеп жұтап қалмайды, көгеріп, құлпырып өсе береді.

(Ө. Тұрманжанов)

 **135-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мына сөздерді анықтауыш етіп, сөйлем құраңдар.


Ауыр, жігерлі, терең, баланың, түйір, құрғақ, бес, қара, әдемі.

47-с а б а қ

СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІН ҚАЙТАЛАУ


Пысықтау үшін сұрақтар:

- 1 Сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгілері туралы айтып беріңдер.
2. Қаратпа сөз және оның тыныс белгілері туралы не білесіңдер?
3. Жалаң және жайылма сөйлемдердің бір-бірінен айырмашылығы неде?
4. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем туралы білетіндеріңді айтыңдар.

 **136-жаттығу.** Оқып шығып, бірыңғай мүшелерді табыңдар. Бірыңғай мүшелер сөйлемнің қандай мүшесі екенін ажыратып айтыңдар. Оларға байланысты тыныс белгілерінің қалай, неліктен қойылғанын түсіндіріңдер.

1. Ақ ботаны аялайды, еркелетеді. Бота да бала мінезді: ойнағанды, еркелеткенді, секіргенді жақсы көреді. «Тағы көк майса шөп алып кел» дегендей шөбі таусылып қалса, Медеуді тұмсығымен түрткілейді. 2. Алтай көрер көзге қораштау, денесі шағын болғанмен, сезімтал, зерек, пысық бала болатын. 3. Әңгімелерін түсте де, кешке де тіпті түні бойы да айтқыза беретін. Бертін келе тәуір болып алған соң, әжесінен тағы бір әңгімелер тапты. Ол — ел ішіндегі Зеренің көргені, естігені жайындағы әңгімелер.

(М. Әуезов)

 **137-жаттығу.** Құрмалас сөйлемнің ішіндегі жай сөйлемдердің арасына үтір қойып, көшіріңдер. Әр құрмалас сөйлемнің неше жай сөйлемнен құралғанын айтыңдар.

Қалың орманды аралап келе жатқан бір аю бал арасына кез болыпты. Ағаш басындағы бал арасына тамсанып аузынан сілекейі шұбырып оны жегісі келіпті. Аю ағаш басына өрмелеп ұяға жақындағанда ілініп тұрған ауыр

бөрене оған кедергі жасапты. Балға ұмтылған аю бөренені итеріп жібереді. Әрі серпілген бөрене өз салмағымен қайта оралғанда аюдың басына сарт ете қалады.

(С. Көбеев)

138-жаттығу. *Үй тапсырмасы.* Сөйлемдерді оқындар, қаратпа сөздерге тиісті тыныс белгісін қойып көшіріңдер.

1. Мұрат сен бүгін кезекшісің бе? Дәурен сен бүгін бетінді жумағансың ба? 2. — Күн жауып тұр ма, қарап келші балам — деді әжесі немересіне. — Әже күн жауған жоқ, жаңбыр жауып тұр, — деді есіктен кірген немересі.

48-с а б а қ


ТӨЛ СӨЗ БЕН ДИАЛОГТЫ ҚАЙТАЛАУ

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Төл сөз деген не?
2. Автор сөзі деп қандай сөзді айтамыз?
3. Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілерін біліп алдыңдар ма?
4. Диалог және олардың тыныс белгілері туралы не білесіңдер?


 **139-жаттығу.** Төл сөзге байланысты тыныс белгілерін қойып, жаттығуды көшіріңдер.

1. Шынымды айтсам Апырау осы рас па екен деп дүдәмалданған шақтарым да болды. (Ә. Нұршайықов) 2. Ой, жануар-ай! Шөлдеп қалған екен ғой дейді екеуі. 3. Істеймін деген істерінің бәрін істеп, менің тындырған жұмысыма мұғалім апай қалай қарар екен, қалай бағалар екен?, — деп тынышсыздана күткен еді. 4. Мұғалім апай былай деді. Адалдық адамның адастырмайтын абыройға жеткізетін алтын туы! (Ө. Тұрманжанов)

 **140-жаттығу.** Төменде берілген диалогтардың ұтымды мәнін айқындап, қолдану аясын анықтандар.


БАЛА ТІЛІ — БАЛ

1. — Папа, мысық түшкірді.
— Сен оған сау бол дедің бе?
— Жок.
— Неге?
— Сонан соң маған рақметті кім айтады?
2. — Бүгін тамаша түс көрдім.
— Айтсаңшы, ендеше!
— Тілім жетер емес, сен айтшы.
— Түсті көрген сен емес пе?
— Сол түстің ішінде сен де болдың ғой.

 **141-жаттығу.** Оқып шығып, төл сөз бен автор сөзін ажыратып, оларға байланысты тыныс белгілерінің қойылу ережелерін айтындар.

Мұрат — бүгін сыныпта кезекші. Кезекші болатынын ол кеше білген. Сабақтан соң, балалар сыныптан шығып бара жатқанда, мұғалім апай оны тоқтатып, өзіне шақыртып алып: «Мұрат, сен ертең сыныпта кезекшісің. Кезекші болу — сын, жауапты жұмыс. Сыныптың тазалығы үшін, тәртібі үшін, барлық сынып үшін сен жауап бересің», — деген. Осындай жауапты міндетті өзіне, сыныптағы ең кішкене Мұратқа сеніп тапсырғанына көңлі өсіп, төбесі көкке сәл жетпей қалған. «Бәсе, мен де ешкімнен кем емес екенмін ғой. Бойым кішкентай болғанмен, ойым кішкентай емес-ті. Сабақты ешкімнен кем оқымаймын. Балалар кішкенесің деп кемсіткенмен, апай кемсітпейді екен», — деп қуанған.


(Ө. Тұрманжанов)

 **142-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Өздерің сыныпта, үйде, көшеде біреумен сөйлескен әңгімелерінді диалог түрінде жазып келіндер.

СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ

49-с а б а қ

СӨЗ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

 **1-тапсырма.** Жолаушылар, кушіктер сөздерінің түбірін табындар. Оларды қосымшасынан ажыратып жазындар.

 **2-тапсырма.** Төменде берілген сөздерге тиісті қосымшасын қосып, жаңа сөз жасандар.

<i>ер</i>	—	<i>-да</i>
<i>жұмыс</i>	—	<i>-ақ</i>
<i>дәм</i>	—	<i>-шы</i>
<i>қон</i>	—	<i>-лік</i>
<i>тұз</i>	—	<i>-ді</i>

 **Сөз түрлі бөлшектерден құралады. Ол бөлшектер сөз құрамы деп аталады.**

Сөз құрамындағы әр бөлшектің өзіне лайықты мағынасы мен қызметі бар. Мысалы: *балықшыларға* деген сөз *балық-шы-лар-ға* деген төрт бөлшектен құралған. Мұндағы *балық* деген бөлшек суда өмір сүретін жәндіктің атын білдіреді. Ол бөлшек (*балық*) *балықшыларға* деген сөзге негіз болып тұр.

Сөздің мағына беретін ең түпкі бөлшегі негізгі түбір немесе түбір сөз деп аталады.

Түбір әрі қарай бөлшектенбейді. Мысалы: *ат, кел, ана, аға, бас, тас, қала, терезе, ауыл.*

Құрамында түбірі және бір я бірнеше қосымшасы бар сөз қосымшалы сөз деп аталады. Мысалы: *санақшыларымыздың* деген сөз жеті бөлшектен құралған: *сан-ақ-шы-лар-ы-мыз-дың*. Мұндағы *сан* деген түбір де, өзгелері — қосымша.

143-жаттығу. Сөйлемдерді оқындар. Ондағы сөздердің бөлшектерін анықтап, сызықша арқылы ажыратып көшіріңдер.

Үлгі: Шаң-ды су-лы шүберек-пен сүрт-ің-дер.

1. Шанды сулы шүберекпен сүртіндер. 2. Үйдің еденін уақыт-уақыт сыпырып отырындар. 3. Үйді таза ұстандар. 4. Денсаулық — зор байлық. 5. Жемісті, көкөністі қайнаған сумен жуып жеңдер. 6. Тамақ ішер алдында қол жууды ұмытпандар.

144-жаттығу. Сөздерді оқып шығындар. Түбір сөздерді бір бөлек, қосымшалы сөздерді бір бөлек етіп жазындар.

Терезе. Тілсіз. Шежіре. Қонақ. Өнерлі. Су. От. Оқушы. Терен. Құбылыс. Әдепті. Құрлық. Құстар. Өнім. Елсіз. Шөл. Түн. Ұшақ. Бөлме.

145-жаттығу. Сөздердің түбірлерін анықтап, оларды қосымшаларынан сызықша арқылы бөліп ажыратындар.

Өрім, құлақшын, сулық, орғыш, тұрмыс, өрме, сусын, орақшы, бояма, жаздыр, тазалық, басшы.

146-жаттығу. *Үй тапсырмасы.* Берілген суретке қарап «Туған жерім — тұғырым» атты шағын әңгіме құрастырындар. Мәтіндегі түбір сөздердің астын сызындар.




? *Сұрақтар мен тапсырмалар:*


1. Сөз қандай бөлшектерден тұрады?
2. Қосымшалы сөз деп қандай сөзді айтамыз?
3. Түбір сөзге екі мысал, қосымшалы сөзге екі мысал айтындар.


50-с а б а қ ҚОСЫМША

 **1-тапсырма.** Төменде берілген сөздердің түбірлерін тауып, астын сызып шығындар.

Бұлтты, ашық, нөсердей, тоғайлы.

 **2-тапсырма.** «Бір сөзге әр түрлі жұрнақ, әр түрлі сөзге бір түрлі жұрнақ» деген ойын ойнандар.



 **Түбірге жалғанатын бөлшек қосымша деп аталады.** Түбірдің соңғы буынының жуан немесе жіңішкелігіне қарай, қосымша да жуан, жіңішке болып түрленіп тұрады. Мысалы: *жылқышыларды, түйешілерден* деген сөздерде *жылқы* деген түбір жуан болғандықтан, *-шы, -лар, -дан* қосымшалары жуан да, *түйе* түбірі жіңішке болғандықтан, оған жалғанған *-ші, -лер, -ден* қосымшалары жіңішке.

Тіліміздегі қосымшалар екі түрге бөлінеді: **жұрнақ, жалғау.**

Жұрнақ деп өзі жалғанған сөздің мағынасын өзгертетін қосымшаны айтамыз.

Мысалы: *бөлім* деген сөз *-ім* жұрнағы арқылы *бөл* сөзінен туған. *Етікшілік* сөзі *-лік* жұрнағы арқылы *етікші* сөзінен туса, *етікші* сөзі *-ші* жұрнағы арқылы *етік* деген түбірден жасалған.

Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша жалғау деп аталады.


Мысалы: *Біз үйден мектепке бардық* деген сөйлемдегі сөздерді байланыстырып тұрған *-ден (үйден), -ке (мектепке), -қ (бардық)* жалғаулары. Бұл сөздерге осы жал-


ғауларды қоспай, *Біз үй мектеп бар* деп айтсақ, сөйлем мағынасы түсініксіз болады.

Сөйтіп, жұрнақ сөзден сөз тудырады, ал жалғау сөз бен сөзді байланыстырады.

Жұрнақтар түбір сөзге жалғаулардан бұрын жалғанады. Мысалы: *қой-шы-лар* деген сөзде *-шы* жұрнағы жалғанып тұр.

Қосымшаның түрлерін мына сызба арқылы көруімізге болады:




 **147-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып шығып, қосымшалы сөздер жұрнақтарының астын түзу, жалғауларын ирек сызықтармен сызып көшіріңдер.


Қазіргі кезде терең білім болмаса, елімізді өркендете алмаймыз. Келешектің кілті кемел ұрпақтың қолында. Әр оқушы жан-жақты білім алуға міндетті. Білім алу да зор күш екенін ұмытпа.

Жас дос! Уақытыңды бекер өткізбе. Кітап оқы, спортпен айналыс. Болашағыңды қазірден белгіле!

(Баспасөзден)

 **148-жаттығу.** Төмендегі сөздердің қосымшаларын жұрнақ және жалғау түріне ажыратып, олардың сөздерге жалғану орындарын анықтандар.

Әсемпаз, мұраға, жұмысшы, жұмыскер, аспазға, дәрігердің, дәріхана, дәріге, өнерлі, өнерпаз, өнерге, ұстаздан, ұстахана, сатушы, сатудың, қаламен, қалалы.


 **149-жаттығу.** Өлең сөздерін төмендегі сызбада берілгендей етіп түбір мен қосымшаға ажыратыңдар.

Үлгі: Оқу деген шыныдай
Тұрған сайын шыныққан

Түбір	Қосымша	
	Жұрнақ	жалғау
оқы	-у	
де	-ген	
шыны	-дай	
тұр	-ған	
сайын		
шынық	-қан	

Оқу білген адамдар
Май тамызған қылыштан.
Білмегенді білуге,
Есті бала тырысқан,
Есер бала ұрысқан.

(Ы. Алтынсарин)

 **150-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Өлеңді көшіріп жазындар. Түбір сөздердің астын сызындар.

Ана тілің — арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.


(К. Мырзалиев)


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қосымша дегеніміз не?
2. Жалғау деп қандай қосымшаны айтамыз?
3. Жұрнақ неше түрге бөлінеді?
4. Бір түрлі түбірге алдымен жұрнақ, сонан соң жалғау жалғап көріндер.

Үлгі: бөл-ім, шап-қы, етік-ші, бөл-дім, шап-ты, етік-тің.

51-сабақ ЖҰРНАҚ

 **1-тапсырма.** *Өнген, өнбе, өндірі, өнім, өңгіш, өнбек* сөздерінің түбірін табындар.

 **2-тапсырма.** *Әнші, күйші, биші, егінші* деген сөздер қандай қосымша арқылы жасалғанын айтындар.

 **Жұрнақтар екі түрлі болады: сөз тудырушы жұрнақтар және сөз түрлендіруші жұрнақтар.**

Сөздің мағынасын өзгертіп, жаңа сөз тудыратын жұрнақ сөз тудырушы жұрнақ деп аталады.

Мысалы: *киім, өнім* деген сөздер *-ім* жұрнағы арқылы *ки, өн* сөздерінен туған. Сол сияқты *аш, тол* сөздерінен *-ық* жұрнағы арқылы *ашық, толық* деген жаңа сөздер жасалған.


Сөздің негізгі мағынасын өзгертпей, оған қосымша мағына ғана үстейтін жұрнақ сөз түрлендіруші жұрнақ деп аталады.

Мысалы: *қалашық, көлшік* сөздерінің түбірлері — *қала, көл* дегендер:

-шық, -шік жұрнағы бұл түбірлердің негізгі мағыналарын өзгертпеген. Ол тек қаланың, көлдің кішкене екенін білдіріп тұр.

Жұрнақ арқылы жасалған сөз туынды түбір (туынды сөз) деп аталады.


Мысалы: *ауыз-дық, көр-ме, шеге-ле* т.б.

 **151-жаттығу.** Оқып шығып, сөз тудырушы жұрнақтар мен сөз түрлендіруші жұрнақтарды анықтаңдар. Оларды екіге бөліп, екі бағанға ажыратып жазындар.


Үлгі:

Сөз тудырушы жұрнақтар: *қон-ыс* Сөз түрлендіруші жұрнақтар: *іні-шек*

Қоныс. Інішек. Шайхана. Сандықша. Жазушы. Төбешік. Шапқы. Кішірек. Бөлме. Көрген. Жеңіс. Үлкендеу. Апай. Қуаныш. Ағатай. Сүзбе. Білім. Жауын. Күркешік. Шешеке. Келгелі. Айтар. Оқыған. Бума. Сөзшең. Жайылым. Сабау. Сорғыш. Жатақхана. Қонымды. Басқыш. Жылжымалы. Майысқақ. Ұшқыр. Тігінші. Құрылысшы.

 **152-жаттығу.** Көшіріп, сөз тудыратын жұрнақтардың астын бір, сөз түрлендіретін жұрнақтардың астын екі сызындар. Бір сөздің ішінде екеуі де кездесе, оның астын ирек сызықпен сызындар.

1. Құрылысшылар оқушыларға үлкен қамқорлық көрсетті. 2. Ауыр салмақты пойыз зулап келеді. 3. Алыстан ағараңдаған бірдеме көрінеді. 4. Аздап жауын жауып ашылған күзгі салқын күн. 5. Бас. Бастық. 6. Басқарма. Басшылық.

 **153-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Қарамен жазылған сөздердің жұрнақтарын түбір сөзден сызықша арқылы бөліп жазындар.

1. **Қорқақ** қоян, суайт сауысқан, даңғой есек, **ақылды** арыстан — бәрі жолаушы жүріп келе жатады. (*Ертегіден*)
2. Тұзақ **шашақты** құлақтарынан асып, мойнына іліккенде, **жыртқыш** төмен атылды. 3. Аспан **түнеріңкі**, ағаштар ақ қырау жамылып тұр. 4. Алыстан қарағанда жадағай дала таяна келе құмнан құралған **төбешік**, белес болып кетеді. (*Ғ. Мүсірепов*)

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Сөз тудырушы жұрнақ қандай қызмет атқарады?
2. Сөз түрлендіруші жұрнақ ше?
3. Жұрнақ пен жалғаудың айырмашылығы неде?

52—53-сабақтар БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ


МОРФОЛОГИЯ


54-сабақ

НЕГІЗГІ ЖӘНЕ КӨМЕКШІ СӨЗДЕР

 **1-тапсырма.** Төменде берілген сөздердің әрқайсысына сұрақ қойындар. Сұрақ қоюға болмайтын сөздерді анықтандар.

Жол, көрпе, жақсы, келді, және, пен, бағдарлама, ащы, да, фой, шықты, қол телефоны, көркем.

 **2-тапсырма.** Бірінші тапсырмада берілген сөздердің қайсысы сөйлем басында келмейді?

 Тілдегі әр сөз өзінше мағына білдіреді, өзінше қызмет атқарады. Барлық сөздердің мағыналары бірдей болмайды.


Сөздер мағынасына, түрленуіне, қызметіне қарай **негізгі сөздер** және **көмекші сөздер** болып екіге бөлінеді.

Жеке тұрып, белгілі бір сұраққа жауап беріп, сөйлемге мүше бола алатын сөздер негізгі сөздер деп аталады. Мысалы: *қызыл, көрді, алды, білім, ақыл, оқушы.*

Жеке тұрып белгілі бір сұраққа жауап бермейтін және сөйлем мүшесі бола алмайтын сөздер көмекші сөздер деп аталады. Мысалы: *деп, да, фой, және, бен.*

Кейбір сөздер негізгі сөз ретінде де, көмекші сөз ретінде де қолданылады.


Мысалы: *Әсем кітапханадан шықты. Сапар кітапты оқып шықты* дегендердегі **шықты** сөзі бірінші сөйлемде негізгі сөз болып, екінші сөйлемде көмекші сөз болып тұр. *Омар қызылшаны қапқа салды. Сәуле сәмкелерін орындыққа қоя салды* деген сөйлемдердегі **салды** сөзі алғашқы сөйлемде негізгі сөз ретінде, соңғы сөйлемде көмекші сөз ретінде қолданылған. Сонымен, жұмсалыу ретіне қарай **шықты, салды** сөздері алғашқы сөйлемдерде өз алдына мүше болып тұрса, соңғы сөйлемдерде дербес мүше бола алмай тұр.

 **154-жаттығу.** Төмендегі сөздерді оқып, мағынасы айқын сөздерді бір бөлек, мағынасы жоқ сөздерді бір бөлек жазындар.


Үлгі:

- 1) мағыналы сөздер: тақтай, ...
- 2) мағынасы жоқ сөздер: бен, ...

Тақтай, мал, бен, құйын, отыр, да, де, та, те, жаз, бүгін, алпыс, және, көрік, қана, ғана, бөлім, отыз, бұл, анау, пен, бенен, пенен, аст, үст, ман, тәрізді, шақты, туралы, әрі, таман, мейірімді, қара, сары, жылқы, кеше.

 **155-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Сөздерді оқып, әрқайсысының мағыналарын анықтап, олардың қандай сұраққа жауап беретінін анықтаңдар.

Қала. Танертең. Нашар. Мың. Сабын. Ақыл. Қайт. Ойнат. Шапқы. Қайшы. Құлагер. Сексен. Бесеу. Ұзын. Мынау. Бота. Балапан. Былтыр. Төртінші. Атақ. Мінез. Тарақ. Жеті. Ойпырмай! Қайда? Қысқа. Сұра.

 **156-жаттығу.** Екі топқа бөлініп жарыс өткізіндер. Бірінші топқа сөз тудырушы жұрнақтар беріледі, екінші топқа сөз түрлендіруші жұрнақтар беріледі. Осы жұрнақтарды қосып сөз жасау тапсырылады. Жұрнақтар тақтаға мына түрде жазылып қойылады. Қайсы топтың мүшесі білмей тоқтап қалса, сол топ жеңіліс табады.


Сөз тудырушы
жұрнақтар:


-шы
-лық
-ғы
-ым
-ші
-ліп
-гі
-хана

Сөз түрлендіруші
жұрнақтар:

-й
-шық
-шік
-шақ
-шек
-шыл
-шіл
-ғылт

55-сабақ ЗАТ ЕСІМ

 **1-тапсырма.** Алдымен кім? деген сұраққа жауап беретін бес сөз, содан соң не? деген сұраққа жауап беретін бес сөз ойлап жазыңдар.

 **2-тапсырма.** Аяз, аға, биік, кең, бес, отыз, мен, ол, оқы, бүгін, кеше, жалт, жылт сөздері не үшін әр түрлі сұрақтарға жауап беретінін ойлап көріңдер.

 **І Заттың (нәрсенің) атын білдіретін атау сөздер зат есім деп аталады.**

Зат есімдер **кім?, не?** деген сұрауларға жауап береді.

Мысалы, *ата, бала, оқушы, қойшы* сөздері *кім?* деген сұрауға жауап *берсе, ағаш, дәптер, жел, ешкі* сөздері *не?* деген сұрауға жауап береді.


Қазақ тілінде *кім?* деген сұрақ адамға ғана қойылады. Адам атауларына мынадай сөздер жатады:

а) кісі аттары: *Асан, Әлия, Иса, Айман, Жәмила* т.б.

ә) адамның туыстық атаулары: *ата, ана, апа, аға, іні, әке, шеше, бөле, жиен, нағашы, жеңге, келін, құда, жезде, құдаша, балдыз* т.б.


б) адамның кәсіп-мамандықтарының атаулары: *бағбан, дәрігер, егінші, инженер, оқушы, мұғалім, балықшы, суретші, ұшқыш, ұста* т.б.

Не? деген сұрақ қазақ тілінде адамнан өзге жан-жануарлардың және басқа заттардың атауларына қойылады. Ондай атауларға көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын деректі заттар да, оймен ғана танылатын дерексіз заттар да жатады.


 **157-жаттығу.** Кім?, не?, (кімдер?, нелер?), ненің?, несі?, кімді? сұрақтарына жауап беретін зат есімдерді тауып, олардың үстіне сұрақтарын қойып көшіріңдер.

Абай он жасқа келгенде әкесі Құнанбай оны Семей қаласына әкеліп, оқуға берген. Абай үш жыл медреседе мұсылманша дін оқуын оқиды. Ол осы медреседе арабша, парсыша үйренеді. Абай оқуға зерек болған.

(«Балдырған» журналынан)

 **158-жаттығу.** Мына мақал-мәтелдерден зат есімдерді тауып, оларға сұрақ қойындар.

Қанжар сүйектен өтер, сөз жүректен өтер. Тамақ — тәннің нәрі, ұйқы — жанның нәрі. Гүл шешегінен белгілі. Ой — сөздің бұлағы. Сиыр туласа, аттан бетер, адам туласа, иттен бетер. Көкте шолпан болғанша, көлде шортан бол. Кісіде ақыл болмаса, көз дегенің құр әйнек. Су — диқанның жаны.

 **159-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Зат есімдер қатысқан бірнеше сөйлемдер құрастырындар. Сөйлемдердегі зат есімдерді төмендегі топтарға бөліп жазындар.


Кісі аттары	Адамның туыстық аттары	Кәсіп-мамандық атаулары	Не? деген сұраққа жауап болатын зат есімдер

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Зат есім қандай сөз табы?
2. Зат есімнің сұрақтары қайсы?
3. Сыныптарыңдағы зат есім болатын заттарды атандар.

56-с а б а қ

ЖАЛПЫ ЕСІМ ЖӘНЕ ЖАЛҚЫ ЕСІМ

 **1-тапсырма.** Мына зат есімдердің кейбірі үлкен әріппен, кейбіреулері кіші әріппен жазылғанын байқап көріңдер.

Жамбыл, өзен, Құлагер, өлке, Бозсу, Бұхара, мақала, Айбек, ақын, жазушы, Ангрэн, Шыназ т.б.

 Зат есімдер **жалпы есім** және **жалқы есім** болып екіге бөлінеді.

Біркелкі заттардың, нәрселердің тобына жалпылама қойылған атты білдіретін зат есімдерді жалпы есім дейді.

Мысалы: көл, өзен, бала, адам, дәптер, кітап, көше, құс.

Жеке немесе дара заттарға, нәрселерге қойылған атауды білдіретін зат есімдерді жалқы есім дейді.

Жалқы есімдер үнемі бас әріппен жазылады. Жалқы есімдерге жататын сөздер:

1. Кісі аттары (кісінің өз аты, әкесінің аты, фамилиясы): Абай, Міртемір, Шоқан Уәлиханов, Абдулла Арипов, Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Мекембай Омарұлы т.б.


2. Мемлекет, республика, облыс, аудан, қала, көше, ауыл аттары: Өзбекстан Республикасы, Сырдария облысы, Орташыршық ауданы, Дархан аулы т.б.

3. Географиялық (жер, су, тау, орман т.б.) атаулар: Ертіс, Шарбақ, Шымған, Қызылқұм, Арал теңізі т.б.

4. Ұйым, мекеме, зауыт аттары: Асака автомобиль зауыты, Өзбекстан Республикасы Білім Орталығы т.б.


5. Газет, журнал, кітап, ән-күй, шығарма аттары: «Нұрлы жол», «Абай жолы», «Бала Шоқан», «Сары жайлау», «Кісен ашқан», «Қара жорға» т.б.

6. Мал мен хайуанаттарға арнап қойылған аттар: Байшұбар, Құлагер, Ақтөс, Төрткөз, Дәуторы т.б.

 **160-жаттығу.** Мына сөйлемдерден жалқы есім мен жалпы есімдерді тауып, оған сұрақ қойындар.


Құтан, дегелек, қара торғай, сары шымшықтар бір аяғымен түрегеліп тұрып, ал шымшық кішкене бұтақшаға екі аяғымен мықты бекініп алып ұйықтайды. Бұлбұл түнгі сағат екілерде оянады. Онан кейін орман бозторғайы оянады. Сағат үшке қарай көкек пен кезеген, сары шымшық оянады. Тек жалқау торғай ғана таңертеңгі сағат 5-ке дейін ұйықтайды.

(«Құстар тіршілігіндегі ғажайыптар» кітабынан)

 **161-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті жалқы есімдерді қойып, көшіріп жазындар.

1. Қазақстандағы биік таулар: ..., ..., ..., 2. Республикамыздағы үлкен өзендер мыналар: ... ,..., ..., 3. Өзбекстан-

ның астанасы — ... қаласы. 4. Қазақстандағы үлкен көлдер: ..., ..., ..., 5. Өзбекстанның облыс орталықтары мына қалалар: ..., ..., ...,

 **162-жаттығу.** Кіші әріппен берілген жалқы есімдерді (жер, су аттарын) бас әріппен жазып, мәтінді көшіріңдер.


Ертіс — солтүстік мұзды мұхитқа құятын үлкен өзен. Ол қытайдан басталып, қазақстанға қара ертіс деген атпен еніп, зайсан көліне келіп құяды. Зайсан көлінен шыққанда, өзен ертіс деп аталады да, обь өзеніне барып құяды. Ертіс алғашқыда ойлы-қырлы жазықпен ағады. Одан әрі алтайдың нарын, қалба, жоталары және басқа тау сілемдерінің аралағындағы тар шатқалдармен өскемен қаласына дейін ағады.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Жалпы есім деген не?
2. Жалқы есімдер қалай жазылады?
3. Әр түрлі жалқы есімдерге мысал келтіріңдер.


57-сабақ

ЗАТ ЕСІМНІҢ КӨПТЕЛУІ

 **1-тапсырма.** *Кімдер?, нелер?* деген сұраққа жауап беретін бірнеше сөз жазыңдар.

 **2-тапсырма.** Жазған сөздерінді мағынасына қарай көп нүктенің орнына қойыңдар.

...сабаққа келді.
...шөлді мекендейді.

 Зат есімдер жекеше түрде де, көпше түрде де қолданылады. Көптік мағынаны білдіру үшін зат есімдерге көптік жалғауы жалғанады.


Көптік жалғаулары мыналар:

**-лар, -дар, -тар,
-лер, -дер, -тер.**

Сөздің соңғы буыны жуан болса, көптік жалғауы да жуан түрде (**-лар, -дар, -тар**), соңғы буыны жіңішке болса, көптік жалғауы да жіңішке түрде (**-лер, -дер, -тер**) жалғанады.

Көптік жалғауының басқы дыбысының түрліше болуы сөздің соңғы дыбысына байланысты. Оны мына үлгіден көруге болады.

Сөздің соңғы дыбысы	көптік жалғауы	мысалдар
1. Дауысты немесе үнді р, у, й дауыссыздарынан соң	-лар, -лер,	оқушылар, көшелер, үйлер. таулар,
2. Ұяң, з, ж немесе үнді л, м, н, ң дауыссыз- дарынан соң	-дар, -дер	қаздар, қайыңдар. кілемдер, өзендер, көлдер.
4. Қатаң дауыссыздарынан соң	-тар -тер	қонақтар, аттар, достар, мектептер.

 **163-жаттығу.** Мәтінді оқып шығып, көп нүктенің орнына көптік жалғауының тиістісін қойып көшіріңдер.

Оның көз алдынан мәуелеген мүсін ағаш ...дың арасынан жасыл жібек шымылдығын сырғытып сығалағандай әсем көк үй ...дің кескіні көрінеді. Осы өмірді өз қол....-ымен жасап, еңбек пен қызыққа шүйгіген адам...ды көргенде, оның жаны сүйсінеді.

(*Ф. Орманов*).

 **164-жаттығу.** Төмендегі сөздерге көптік жалғауын қосып жазыңдар.

Үлгі: аналар.

Ана, ата, әпке, кітап, адам, жер, ел, азамат, ер, әйел, қыз, гүл, жігіт, өзен, көл, тау, дала, қала, көше, дәрігер, ғалым, дос.

 **165-жаттығу.** Өленді оқып, көптік жалғаулы сөздердің астын сызындар.

АТАМЕКЕН

Сүйіктіңдей жүретін кіл есінде,
Кір түсірме Ел деген ұлы есімге,
Атамекен — бақыты бабалардың,
Жеңіп алған сан ғасыр күресінде.

Күндерімен, түнімен, гүлдерімен,
Өзіндікі ол сенің білесің бе?
Өзіндікі үйлері, бақтары да,
Өзіндікі көшесі, жолдары да.

(К. Ахметова)

166-жаттығу. *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген көптік жалғауларға сәйкес келетін сөздер тауып жазындар:

...-тар, ... -тер, ... -дер, ... -дар, ... -лар, ... -лер.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Зат есімнің көптелуі дегенде нені түсінесіңдер?
2. Қазақ тілінде көптік жалғаулары нешеу?
3. Не үшін барлық зат есімдерге бір түрлі көптік жалғауы жалғанбайды?


58-с а б а қ


ЗАТ ЕСІМНІҢ ТӘУЕЛДЕНУІ

 **1-тапсырма.** Төменде берілген қосымшалардың мағынасын түсіндіріңдер.

арба 
-М
-Ң
-СЫ

арба 
-МЫЗ
-ҢЫЗ
-СЫ

 **2-тапсырма.** Жоғарыда берілген қосымшаларды мына сөздерге де жалғап көріңдер: *бала, көше.*

 Тәуелдік жалғауы белгілі бір заттың, нәрсенің кімнің меншігі екенін білдіреді. Тәуелдік мағына заттық ұғымды білдіретін сөздерге тәуелдік жалғауы жалғану арқылы жасалады. М ы с а л ы : *дәптер-ім, қалам-ың, балта-сы.*

Тәуелдік жалғауы үш жақта айтылады:

Жекеше:

Көпше:

1-жақ. Менің дәптер-ім	Біздің дәптер-іміз
2-жақ. Сенің дәптер-ің Сіздің дәптер-іңіз	Сендердің дәптерлер-ің Сіздердің дәптерлер-іңіз
3-жақ. Оның дәптер-і	Олардың дәптерлер-і

Тәуелдік жалғаулары мыналар:


Жекеше:


Көпше:

1-жақ. -м, -ым, -ім	-мыз, -міз, -ымыз, -іміз
2-жақ. -ң, -ың, ің (-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз)	-ың, -ің (-ыңыз, -іңіз)
3-жақ. -сы, -сі, -ы, -і	-ы, -і


Бірнеше заттың бір ғана адамға меншікті екенін білдіретін тәуелдіктің түрі онаша тәуелдеу деп аталады.


Мысалы:

Қағаз -ЫМ
-ЫҢ (-ЫҢЫЗ)
-Ы


Қағаздар -ЫМ
-ЫҢ (-ЫҢЫЗ)
-Ы

Бір немесе бірнеше заттың көп адамға, бірнеше затқа тән, меншікті екенін білдіретін тәуелдіктің түрі ортақ тәуелдеу деп аталады. Мысалы:

Қағаз -ЫМЫЗ
-ЫҢ (-ЫҢЫЗ)
-Ы


Қағаздар -ЫМЫЗ
-ЫҢ (-ЫҢЫЗ)
-Ы

Тәуелдік жалғауындағы сөз үнемі ілік жалғаулы сөзбен тіркесіп қолданылады. Мысалы: *менің дәптерім, мектептің есігі.*

 **167-жаттығу.** Тәуелдік жалғаулы сөздердің жалғауын сызықшамен жазындар.

Менің үйім
Сенің үйің
Сіздің үйіңіз
Оның үйі

Біздің үйіміз
Сендердің үйлерің
Сіздердің үйлеріңіз
Олардың үйлері


 **168-жаттығу.** Өлеңді оқып шығып, көп нүктенің орнына тиісті тәуелдік жалғауын қойып, көшіріңдер де, қай жақта тұрғанын айтындар.

АҚПАН

Менің ат... — Ақпан,
Келдім суық жақтан.
Мал...ды күт, ата,
Аяз...нан сақтан.

Басқалардан бөтен,
Жүріс... бар төтен.
Уақыт... аз әнтек,
Ертеректеу кетем.

(Н.Айтөв)

 **169-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төмендегі сөздерге тәуелдік жалғауының I және III жақ қосымшаларын қосындар. Қандай дыбыстық өзгеріс болғанын айтындар.


Ү л г і : бұлақ, бұлағым, бұлағы.

Бұлақ, құлақ, қап, тарақ, парак, кітап.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Қандай жалғауларды тәуелдік жалғауы дейміз?
2. Тәуелдік жалғауы қандай қызмет атқарады?
3. *Дәптер* сөзін үш жақта тәуелдендер.

59-с а б а қ ПЫСЫҚТАУ САБАҒЫ

 **1-тапсырма.** Мәтінді көшіріп жазындар. Жалқы есімдердің астын сызындар.


Асылы Қарауыл елін әншілер елі дейді. Өнері, ұстаған бүркіті мен жүгірткен тазысына ел қызыққан жанның бірі. Ақан серінің ұлы атасы — Құдайқұл болған. Құдайқұл ән

салып, серілік құрған. Одан Сапак, Бекназар, Қоскөлдің жағасын әнімен дүрілдетіп Біржан сал келеді. Өнші салдың асқақ үні Қорамса аулын шаттыққа бөлейді.

 **2-тапсырма.** Екі топқа бөлініп жарыс өткізіндер. Көптік жалғауын қалай меңгергендерінді анықтау үшін «Кестені толтыр» ойыны жүргізіледі. Мұғалім тақтаны екіге бөліп бір бөлігіне 6 зат есім, екіншісіне де сонша сөз жазады. Оқушылар шығып сол зат есімдерге көптік жалғауын жалғау керек.

1-топқа	2-топқа
Тас	Бақа
Терек	Көл
Қаз	Күй
Киіз	Қыз
Үй	Қасық
Бала	Ішік


Қайсы топ қосымшаны жылдам әрі қатесіз жалғаса, сол топ жеңімпаз атанады.


 **3-тапсырма.** Төмендегі сын есімдерге жақша ішіндегі зат есімдердің лайықтысын тіркеп жазындар.

- Өнерпаз (шығарма)
- Жасанды (суретші)
- Озат (бала)
- Әуесқой (серік)
- Тандаулы (ой)
- Сөзшең (шопан)
- Түйінді (кісі)

60-с а б а қ

ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ

 **1-тапсырма.** Оқыдым сөзін *кітап* сөзімен байланыстырындар. *Кітап* сөзіне қандай қосымша қосқандарынды айтындар.

 **2-тапсырма.** *Кітап, кітап-тың, кітап-қа, кітап-ты, кітап-та, кітап-тан, кітап-пен* сөздерін *алдым, беті, бардық, оқыдық, бар екен, таптың, бірге* сөздерімен байланыстырындар.

1 Сөйлемдегі сөздердің септік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысуы сөздің септелуі деп аталады.

Мысалы: *Егізден төл өседі, еңбекпен ер өседі* (Мақал) деген сөйлемдегі *егіз, еңбек* деген зат есімдер *-ден, -тен* жалғаулары арқылы *өседі* деген етістікпен байланысып тұр. Зат есімдер жекеше, көпше түрде тәуелденбей тұрып та септеледі.

Қазақ тілінде септіктің жеті түрі бар: **атау септік, ілік септік, барыс септік, табыс септік, жатыс септік, шығыс септік, көмектес септік.**

170-жаттығу. Берілген сөздерден жай септеуді бір бөлек, тәуелдеулі септеуді бір бөлек теріп жазыңдар.

Кітапқа, қарбызымды, онымен, соған, бұлардың, оларыңды, кірпішімізге, лағына, тастақтың, жүрегімде.

171-жаттығу. *Үй тапсырмасы.* Өздеріңнің мектепке алып жүретін сөмкелеріңнің ішіндегі оқу құралдарының төртеуінің атын жазыңдар. Олардың екеуін жай септендер, екеуін тәуелдеулі септендер.

? *Сұрақтар мен тапсырмалар:*

1. Зат есімнің септелуі дегенде нені түсінесіңдер?
2. Жай септеу деген не?
3. Тәуелдеулі септеу деп нені айтамыз?

61-с а б а қ АТАУ СЕПТІК

1-тапсырма. *Кім?, не?* деген сұрақтарға жауап беретін бірнеше сөз ойлап табыңдар.

2-тапсырма. Сөйлемнен *кім?, не?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді табыңдар. *Айгүл кітапханадан кітап алды.*

1 Атау септіктің арнайы жалғауы болмайды. Өйткені атау септігі сөзді атап қана қоятындықтан, басқа септіктерге негіз болады. Басқа септіктердің жалғаулары осы негізге жалғанады. Атау тұлғалы негіздерге түбір сөз (*ат, дәрігер*), туынды сөз (*білім, егінші*), біріккен сөз

(*алабұға, тасбақа*), қос сөз (*ата-ана, бала-шаға*), қысқарған сөз (*ӨзҰУ, ТМПУ*), көптік жалғаулы сөздер (таулар, көлдер) және тәуелдік жалғаулы сөздер (*балам, сәбилеріміз*) жатады.

Атау септіктің сұрақтары: *кім?, не?* Бұл сұрақтар бірде көпше түрде (*кімдер?, нелер?*), бірде тәуелдеулі түрде *кімім?, кімің?, кімі?, кімдер?, нем?, нең?, несі?, кімдерім?* және т.б.) қолданыла береді.

Атау септіктегі сөздер сөйлемде, негізінен, бастауыш болады. Мысалы: *Ана сендерді шексіз сүйеді.* Мұнда *ана* сөзі атау септігінде тұрып бастауыш болады.

Атау септіктегі сөздер сөйлемнің соңында келсе, баяндауыш қызметін де атқарады. Мысалы: *Асан — оқушы.*

Атау септіктегі зат есімдер басқа зат есімнен бұрын тұрып *қандай?, қай?* деген сұрақтарға жауап берсе, сөйлемде анықтауыш болады. Мысалы: *Өзбекстанда жеміс ағаштары көп өсіріледі* деген сөйлемде *жеміс* сөзі — анықтауыш.



172-жаттығу. Көшіріп жазындар. Жай септеу мен тәуелді септеуді ажыратындар. Жай септеудің астын бір сызықпен, тәуелді септеудің астын екі сызықпен сызындар.

1. Азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың. (*Ы. Алтынсарин*) 2. Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық. (*Абай*) 3. Ұлыны ұлы ұғады, дананы данышпан ғана түсінеді. (*Б. Момышұлы*) 4. Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті. 5. Балуанға оң терісі бірдей. Ер айтпас, айтса қайтпас. (*Мақалдар*)



173-жаттығу. Жұмбақтарды көшіріп жазып, шешуін табындар.

1. Бір тайға

Үш ағасы мінгесіп жүр,


Екі інісі ілесіп жүр.

2. Ішінде толып жатқан қазынасы бар,

Қорек қып пайдаланар тәмам халық.

3. Үй ішінде — бөлме,
Бөлме іші — көлде,
Түрлі ұсақ балық
Жүзді сайран салып.

Шешуі: кітап пен оқу, аквариум, қалам мен бес саусақ.


 **174-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздердің қандай сұрақтарға жауап болып тұрғанын анықтаңдар. Оларды құрамына қарай тандап, атау септіктегі сөздердің қандай тұлғада жұмсалатынын айтыңдар.

Балуан Шолақтың **бағы** ел үстіндегі құстай ұшты. Тоқсанбайдың асынан кейін «Көксеңгірдің Көктөбесін» жайлаған **ауылдар** оны бірінен соң **бірі** шақырып, қолдан-қолға тигізбеді.

Балуандық, әншілік, ақындық, серілік Балуан Шолақтың бір басынан табылады. Оның барған **аулы** ұлы думанға айналады. Жиналған **жұрт** оның тал бойынан мін тапқан жоқ.


— «Сегіз қырлы» дейтін жігіт осындай-ақ болар, — десті жұрт.

(С. Мұқанов)

 **175-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. Атау тұлғалы сөздерді тауып, олардың сөйлемде қандай қызмет атқарып тұрғанын айтыңдар.


Ертеде қазақ жерін жоңғарлар басып алыпты. Қазақтың Қожан, Мәнжі деген қос батыры қол жинап туған елін азат етуге жорыққа шығыпты. Олар жауларын тықсыра отырып, Бүркітші тауына жетіпті. Осы арада екі жақтың да әскерлері шатырларын тігіп, демалуға жатыпты.


(«Ел аузынан» кітабынан)


 **176-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мына сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастырыңдар.

Егемендік, Отан, бақытты ұрпақ, жыл, руханият.

62-сабақ ІЛІК СЕПТІК

 **1-тапсырма.** Мына сөздерге *-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің* жалғауларының бірін қосып көріндер: *аң, шөп, қаз, барыс, қой.*

 **2-тапсырма.** Жоғарыдағы сөздерге жалғау жалғап болған соң оларға мына сөздерді тіркестіріп көріндер: *іні, тамыры, қанаты, күші, жүні.*

 Ілік септіктегі сөз тәуелдік жалғаулы сөзбен байланысты болады да, заттың иесін я қатысын білдіреді. Мысалы: *Олардың қаламы, Әсияның дәптері* дегендердегі *олардың, Әсияның* деген ілік септіктегі сөздер *қалам және дәптер* иелерін атап көрсетіп тұр.

Ілік септік жай септеуде *кімнің?, ненің?, (қай?)* тәуелді септеуде *кімімнің?, кіміңнің?, кіміңіздің?, кімінің?, кіміміздің? кімдеріңнің?, немнің?, неңнің?, неңіздің?, несінің?, қайсысының?* деген сұрақтарға жауап береді.

Ілік септігінің жалғаулары: *-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің.* Бұлар жуан буыннан соң жуан түрде (*-ның, -дың, -тың*), жіңішке буыннан соң жіңішке түрде (*-нің, -дің, -тің*) жалғанады. Мысалы: *баланың, бидайдың, кітаптың, шешенің, үйдің, күректің.*


Ілік септіктегі сөз бен тәуелдеулі сөздер қатыстық мағынаны білдірсе, ілік жалғау көбінесе түсіріліп айтылады. Мысалы: *Шыршық өзені, Ташкент қаласы, Әуезов көшесі* т.б.

Ілік жалғаулы сөз сөйлемде әрдайым анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: **Ағаштың жапырақтары сарғая бастады** деген сөйлемде **ағаштың** деген сөз **ненің?** деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болып тұр.

 **177-жаттығу.** Төмендегі сөйлемдерді оқып шығып, көп нүктенің орнына ілік жалғауларының тиістісін қойып көшіріңдер.

1. Ақбаян ... шын аты Баян еді. 2. Ләззат... бір сәт қуанышына шыдай алмағанына түсіндім. 3. Келген уәкілдер...


ішінде үш-төрт әйел бар. (И. Есенберлин) 4. Өзен... арғы бетіндегі үйлер... маңында қыстақ.. тауықтары жерді копарып, жем іздеп жүр. 5. Қасқыр түйе... өркеші... арасына отырып алып, өзеннен өтеді. (Ертегіден)

 **178-жаттығу.** Мәтінді оқып, қарамен жазылған тіркестерді ілік септік жалғауының ашық немесе жасырын айтылуын анықтаңдар.




Бұл ойын **жастар кешінде** ойналатын ең қызықты **ойындардың бірі**. Ойынға **қатысушылардың саны** шектелмейді. Ойнаушылар қол ұстасып, шеңбер **бойымен** дөңгелене тұрады. Бір **ойыншының көзін** байлайды да, қолына таяқ ұстатып, **шеңбердің ішіне** кіргізеді. Бала шеңбердің ішінен шықпай жасырылған затты табу керек.

(«Қазақтың ұлттық ойындары» кітабынан)

 **179-жаттығу.** Мына мақал-мәтелдерді оқып шығып, ілік септікте тұрған сөздерді табыңдар.

Адамның айнасы — адам. Арыстанның баласы да арыстан. Түтіннің ащылығын мұржа біледі. Ағаштың жұмсағын құрт басар. Етікшінің дүниесі — бізі мен инесі.


 **180-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Көп нүктенің орнына ілік септігінің жалғауларын қойып, сөз тіркестерін көшіріңдер.


Ағам... тайы, ұста... көрігі, құлып... кілті, сұрақ... жауабы..., құс... қанаты, теңіз... толқыны, етікші... бізі.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Ілік септігінің сұрақтары қандай?
2. Жалғаулары ше?
3. Ілік жалғаулы сөз сөйлемде қандай қызмет атқарады?

63-с а б а қ БАРЫС СЕПТІК

 **1-тапсырма.** Мына сөздерге қандай жалғаулар жалғасақ, сөз тіркесі дұрыс болатынын анықтандар: *мектеп... бар, тақта... қараңдар, үлкен... сәлем беремін.*

 **2-тапсырма.** *Кімге?, неге?, қайда?* деген сұрақтарға жауап беретін бірнеше сөз жазындар.


 Барыс септігіндегі сөздер әрқашан етістік сөздермен байланысып, қимылдың бағытын, мезгілін білдіреді. Мысалы: *Сабира қалаға оқуға кетті. Жазушылар теңіз жағасына бір айға демалысқа кетті* деген сөйлемдердегі *қалаға, теңіз жағасына* дегендер *бағытты, оқуға, демалысқа* дегендер мақсатты, *бір айға* дегендер мезгілді білдіріп тұр.

Барыс септік жай септеуде *кімге?, неге?, кімдерге?, нелерге?, қайда?* тәуелді септеуде *кіміме?, кіміңе?, кіміне?, несіне?, кіміңізге?, неме?, неңе?, несіне?, неңізге?* деген сұрақтарға жауап береді.

Барыс септік жалғаулары: *-ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не, -а, -е.*

Барыс септіктегі сөздер *кімге?, неге?* сұрақтарына жауап берсе, толықтауыш болады. Мысалы: *Әкесі баласына дүкеннен ойыншық сатып әперді.*

Барыс септіктегі сөздер қолдануына қарай *қайда?* деген сұраққа жауап берсе, пысықтауыш болады. Мысалы: *Біз Батысқа қарай жүріп келеміз* деген сөйлемде *батысқа қарай* деген күрделі сөз пысықтауыш болып тұр.


 **181-жаттығу.** Мына сөздерді көшіріп жазындар. Барыс жалғауының астын сызындар.

Үлгі: *мұғалімге*.

Мұғалімге, мұғаліміме, мұғаліміңе, мұғаліміне, кітапқа, мектепке, үйге, ғалымға, теңдікке, дәптерге, құсқа, үйрекке, күнге.

 **182-жаттығу.** Мақал-мәтелдерден барыс септігінде тұрған сөздерді тауып, оған сұрақ қойындар.

Анаға баласы алтыннан да қымбат. Жаманға басшы болғанша, жақсыға қосшы бол. Көленкеге қарап көйлек пішпейді. Жолдасына жаны ашымаған, жауда қалады. Дос, досқа жаныңды қос. Тамырына қарап қан ал. Тауға шықсан, табаныңа қара.


 **183-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген сөздерге барыс септігінің жалғауын жалғаңдар. Дыбыстық өзгеріске ұшыраған сөздердің астын сызындар.

Мен, сен, ол, біз, сендер, сіздер, олар.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Барыс септігінің сұрақтары қандай?
2. Барыс септігінің жалғаулары ше?
3. Барыс септігіндегі сөздер сөйлемде қандай қызмет атқарады?

64-с а б а қ ТАБЫС СЕПТІК

 **1-тапсырма.** Бірінші және екінші бағандағы сөздерге қандай сұрақтар қояр едіңдер?

Сәкенді	Үйді
Оқушыны	Малды
Аяңды	Қолғапты
Інісін	Қолғабын

 **2-тапсырма.** Жоғарыда келтірілген сөздерге мағынасына сәйкес сөз тіркеп сөз тіркесін жасандар. Мысалы: *Сәкенді шақыр, үйді тазала* т.б.

Табыс септіктегі сөздер әрқашан етістіктермен байланысты болады.

Табыс септігінің негізгі сұрақтары: *кімді?, нені?*

Табыс септігінің жалғаулары:

-ны, -ды, -ты, -н


-ні, -ді, -ті.

Табыс жалғауының басқы дыбысының түрліше болуы септелетін сөздің соңғы дыбысына байланысты. Оны мына кестеден көруге болады:

Сөздің соңғы дыбысы және тәуелдік жалғауының жағы	Табыс жалғауы	Мысалдар
1. Дауыстылардан соң	-ны -ні	<i>қаланы көшені</i>
2. Ұяң және үнді дауыссыздардан соң	-ды -ді	<i>қымызды көлді</i>
3. Қатаң дауыссыздардан соң	-ты -ті	<i>кітапты күректі</i>
4. Тәуелдік жалғауының III жағынан соң	-н	<i>кітабын күрегін</i>

Табыс септіктің жалғаулары да сөйлемде бірде түсірілмей (ашық), бірде түсіріліп (жасырын) айтылады. Мысалы: *Мен хатты жаздым. Мен хат жаздым. Ол көйлекті тікті. Ол көйлек тікті.*

Табыс септіктегі сөздер сөйлемде әрқашан тура толықтауыш болады. Мысалы: *Қоңыраулар қаңғырлап, қаланы басқа көтерді. (С. Мұқанов)*

 **184-жаттығу.** Төмендегі әрбір сұрақтың тұсына жауабын жазып көрсетіндер.

Үлгі:


Сұрақ

— Тонды неден тігеді?

Жауап

— Тонды теріден тігеді

- Көйлекті неден тігеді?
- Малды кім бағады?
- Әнді кім айтады?
- Қағазды неден жасайды?
- Кітапты кім жазады?

 **185-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын бөлек етіп жазыңдар. Табыс септігінің жалғауы жалғанған кезде дыбыстық өзгеріс қай сөздерде байқалғанын анықтаңдар.

Көшені, кітабын, аулын, қақпағын, тарағын, жапырағын, гүлді, қасығын, көйлегін, сағатын, қайығын, ыдысты.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Табыс септігінің сұраулары қандай?
2. Табыс септігінің қандай жалғаулары бар?
3. Табыс септігінің жалғауы түсіріліп қалатын жағдайға мысал келтіріңдер.


65-с а б а қ ЖАТЫС СЕПТІК

 **1-тапсырма.** *Кімде?, неде?* деген сұраққа жауап беретін бірнеше сөз ойлап табыңдар.

 **2-тапсырма.**

<i>Кімде?</i>	<i>Неде?, қайда?</i>
Тұрсын-да	Тау-да, мал-да
Әжем-де	Ізі-нде, іні-нде
Ағасы-нда	Қолғабы-нда

Осы сөздердің жалғауларына көңіл аударыңдар.

 Жатыс септіктегі сөздер де етістіктен болған сөйлем мүшелерімен байланысып, мекендік, мезгілдік мағыналарды білдіреді: *Мен үйде отырдым. Ол мектепте болды.*

Жатыс септіктегі сөз жай септеуде *кімде?, неде?, кімдерде?, нелерде?, қайда?, қашан?* тәуелді септеуде

кімімде?, кіміңде?, кіміңізде?, кімінде?, кімдерінде?, кімдерімде?, кімдеріңізде?, немде?, неңде?, неңізде?, несінде?, нелерімде?, нелеріңде?, нелеріңізде?, нелерінде? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Жасымда ғылым бар деп ескермедім. (Абай) Мектебімізде әр түрлі үйірмелер бар.*


Жатыс септігінің жалғаулары: *-да, -де, -та, -те, -нда, -нде.*

Бұлар сөздерге үлгідегідей жалғанады:

Сөздің соңғы дыбысы және тәуелдік жалғауының жағы	Жатыс жалғауы	Мысалдар
1. Дауысты, үнді немесе ұяң з, ж дауыссыздарынан соң	-да -де	<i>қалада</i> <i>мұзда</i> <i>көлде</i>
2. Қатаң дауыссыздарынан соң	-та -те	<i>бесікте</i> <i>кітапта</i>
3. Тәуелдік жалғауының ІІІ жағынан соң	-нда -нде	<i>кітабында</i> <i>бесігінде</i>

Жатыс септіктегі сөздер сөйлемде толықтауыш та, пысықтауыш та, баяндауыш та болады. Мысалы: *Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ* дегендегі *құста, жылқыда* сөздері — толықтауыш.

Жазда шанаңды, қыста арбаңды әзірле (Мақал) дегендегі *жазда, қыста* сөздері — пысықтауыш. *Мен қаладамын, ол ауылда* дегендегі *қаладамын, ауылда* сөздері баяндауыш болып тұр.


 **186-жаттығу.** Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, қарамен жазылған сөздердің үстіне тиісті сұрағын қойындар.

Әуілдеген үкі мен жапалақтардың үні естілмейді. **Аспанда** ойнақ салатын сұңқарлар қазан **айында** жылы жаққа ұшып кетеді. Қазан айының аяғына дейін қаз, қоңыр үйректер **өзенде, көлде, қара суда** қонақтап жүреді. Айдың **аяғында** олар да кетеді.

Орманды жердің адамдары қыстың қандай болатынын, аюдың **қыста** ұйықтайтын апанын қай жерден қазғанына қарап біледі. (Ж. Өмірбеков)

 **187-жаттығу.** Мына мақал-мәтелдерден жатыс септігінде тұрған сөздерді тауып, оларға сұрақ қойындар.

1. Жолаушының жолдағысы жақсы, жолда болмаса үйдегісі жақсы. 2. Жерде жатқан жұмыртқа аспанда ұшқан құс болар. 3. Суда құнар да көп, судан зиян да көп. 4. Суықта тоқ отыр, жылыда аш отыр. 5. Сүлікте сүйек жоқ. 6. Жақсы ат жарыста өлер.


 **188-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төмендегі кестені толтырындар.

Септіктер:	Сұраулары:	Жалғаулары:	Мысалдары:
Атау			
Ілік			
Барыс			
Табыс			
Жатыс			

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Жатыс септігі қандай сұрауларға жауап береді?
2. Қандай жалғауларды жалғау арқылы жатыс септігін жасауға болады?
3. Жатыс септігіндегі сөз сөйлемде қандай қызмет атқарады?


66-с а б а қ ШЫҒЫС СЕПТІК

 **1-тапсырма.** Әрбір сөздің тұсына өзіне сай келетін сұрағын жазындар.

Терезеден	не?
Терезеге	ненің?
Терезені	неге?
Терезе	немен?
Терезенің	нені?
Тереземен	неден?

 **2-тапсырма.** Төмендегі жұмбақтың шешуін табындар.

Сырт еткіздім түймені,
Жарқ еткіздім бөлмені,
Шоқтан қолым күймеді.

 Шығыс септіктегі сөздер де етістіктен болған мүшемен байланысып, қимылдың болған орнын, мерзімін, себебін, нәрсенің неден істелетінін білдіреді. Мысалы: *Бұл әңгімені Әсиядан есіттім. Олар үйді ағаштан салды.*


Шығыс септіктегі сөз жай септеуде *кімнен?, кімдерден?, неден?, нелерден?, қайдан?, қашаннан?, тәуелді септеуде кімімнен?, кіміңнен?, кімінен?, немен?, несімен?* деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Мен әжемнен көп ертегі есіттім. Ол әкесінен рұқсат сұрады.*

Шығыс септігінің жалғаулары: *-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен.*


Шығыс жалғауының басқы дыбысының түрліше болуы септелетін сөздің соңғы дыбысына байланысты. Оны мына үлгіден көруге болады:

Сөздің соңғы дыбысы немесе тәуелдеулі сөз	Шығыс жалғауы	Мысалдар
1. Дауысты және ұяң з, ж немесе үнді р, л дауыссыздарынан соң	-дан -ден	<i>қаладан</i> <i>теңізден</i> <i>темірден</i>
2. Үнді м, н, н дауыссыздарынан және тәуелдеулі сөзден соң	-нан -нен	<i>қаламнан</i> <i>досыңнан</i>
3. Қатаң дауыссыздарынан соң	-тан -тен	<i>ағаштан</i> <i>төсектен</i>

Шығыс септігіндегі сөздер сөйлемде толықтауыш та, пысықтауыш та болады. *Сүттен қаймақ алады. Ертеңнен бастап үйірмеге қатысамыз* деген сөйлемдердегі *сүттен* — толықтауыш, *ертеңнен* — пысықтауыш болып тұр.

 **189-жаттығу.** Төмендегі қарамен жазылған сөздерге жалғанған шығыс септігінің жалғауын сызықшамен бөліп жазып, олардың сөздерге әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер.


1. Достықты **сырттан** іздеме, **жақыннан** ізде, **өзіңнен**, **ішіңнен**, **ішкі дүниеннен** ізде. Жаның жақсы, жүрегің жылы, ақылың парасатты болса — іздеген досың **алыстан** үйіріліп өзі келеді. (*Ә. Нұршайықов*) 2. Қаладан қайтар алдында Мағаш Михайловқа соңғы рет кірді. (*М. Әуезов*) 3. **Қимылдарынан**, **үндерінен жайшылықтағы қалыптарынан** айрылып отырғандықтары көрінеді. (*С. Сейфуллин*)

 **190-жаттығу.** Мақал-мәтелдерден шығыс септігінде тұрған сөздерді тауып, оған сұрақ қойыңдар.

1. Өткен бұлттан жаңбыр күтпе. 2. Ашқарақтықтан өлгенше, аштан өлген артық. 3. Адам болаттан да берік, әйнектен де күйреуік. 4. Пенде пейілінен табады. 5. Адам аласынан сөз аласы жаман, от шаласынан сөз шаласы жаман.

 **191-жаттығу.** Мына сөздерге шығыс септігінің жалғауын жалғап, сөйлем құрастырыңдар.

Әлем, аспан, тас, темір, ағаш, көмір, көше, жылқы, қоян, тері, алма, мата.

 **192-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Жұмбақтың шешуін табыңдар, шығыс септігінде тұрған сөзді атаңдар.

1. Көрдім мен терезеден өрнекті,
Біреу қолмен жасағандай көрнекті.
2. Тіріден өлі туады,
Өліден тірі туады.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Шығыс септігі септіктер қатарынан нешінші орынды иелеп тұр?
2. Шығыс септігінің сұраулары және жалғаулары қайсылар?
3. Шығыс септігіндегі сөз сөйлемде қандай қызмет атқарады?


67-сабақ КӨМЕКТЕС СЕПТІК

 **1-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға ауызша жауап қайтарындар.

Айжан үйде кіммен отыр? Базарбек кімдермен келді? Әлия кіммен сөйлесті? Шайды немен ішті? Үй нелермен жабдықталған? Айбек немен келді?

 **2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қандай жалғау қояр едіңдер?

Апам... бардым,
Қасық... жедік,
Досың... кел.

 Көмектес септіктегі сөздер етістіктермен тіркесіп, іс-әрекеттің құрамын, тәсілін және амалын білдіреді. Мысалы: *Көмір шахтадан арбашықпен тасылады. Адам еңбегімен бағаланады.* Бұл сөйлемдердегі *арбашықпен, еңбегімен* сөздері істің амалын, жолын білдіріп тұр.

Көмектес септіктегі сөз жай септікте *кіммен, (кімменен?), немен?, (неменен?), кімдермен?, нелермен?, қалай?* тәуелді септеуде *кіміммен?, кіміңнен?, кіміңізбен?, кімімен?, немен?, неңмен?, неңізбен?, несімен?, кімдерімен?, кімдеріңмен?, кімдеріңізбен?, нелерімен?, нелеріңмен?, нелеріңізбен?, нелерімен?* деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Оқушылар сенбілікке күректерімен, тырмаларымен, сыпырғыштарымен шықты.*

Көмектес септіктің жалғаулары: *-мен, -менен, -бен, -бенен, -пен, -пенен.*

Көмектес септіктің жалғаулары сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамастан, әрдайым жіңішке түрде жалғанады. Көмектес септік жалғауының сөздерге жалғану үлгісі мынадай:

Сөздің соңғы дыбысы	Көмектес жалғауы	Мысалдар
1. Дауысты не үнді дауыссыздардан соң	-мен	<i>баламен көшемен қаламмен</i>


2. Ұяң з, ж дауыссыздарынан соң	-бен	<i>қағазбен этажбен</i>
3. Қатаң дауыссыздардан соң	-пен	<i>қармақпен сүзгішпен</i>

Көмектес септіктегі сөздер сөйлемде толықтауыш, пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Әкем жұмысқа машинамен барып, жаяу қайтады. Ол жұмысты шын ниетімен істейді* деген сөйлемдердегі *машинамен* — толықтауыш, *ниетімен* — пысықтауыш болып тұр.


 **193-жаттығу.** Төменде берілген сөйлемдердің әрқайсысына сұрақтар қойып, көшіріңдер.

Үлгі: *Әкім досымен өзенге барды.
Әкім кіммен өзенге барды?*

Ажар құрбысымен әңгімелесті. Дәрігер ықыласымен емдеді. Балалар біліммен қаруланған. Спортшылар жақсы нәтижелермен қайтты. Мұғалім сабақты өмірмен байланыстырды.

 **194-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті көмектес жалғауын қойып, мақалдарды көшіріп жазыңдар.

1. Бойың... мақтанба, ойың... мақтан. 2. Еңбек... жарасқан, дем алам деп таласпас. 3. Диірмен тасы..., адамзат асы.... 4. Ой... бастап, қол... тындыр. 5. Жалғыз қол... жеті бірдей іске кіріспе. 6. Ағаш жемісі... де қымбат, желегі... де қымбат.

 **195-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген сұрақтарға жауап жазыңдар.

Үлгі: *Айман сәкіде кіммен отыр?
Айман сәкіде әжеммен отыр.*

Бақыт кімдермен келді? Әсем кіммен сөйлесті? Суды немен ішті? Сынып нелермен жабдықталған? Арман немен келді? Арғы бетке немен өтті?

? *Сұрақтар мен тапсырмалар:*

1. Көмектес септіктегі сөз сөйлемде қандай қызмет атқарады?
2. Көмектес септіктің басқа септіктен ерекшелігі неде?
3. Көмектес септіктің сұрақтары мен жалғаулары қандай?

68—69 сабақтар БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

70-сабақ

ЖАЙ СЕПТЕУ МЕН ТӘУЕЛДІ СЕПТЕУ

1-тапсырма. Мына сөздердің септелуінде қандай айырмашылықтар бар екенін анықтаңдар.

Киімнің	—	киімімнің
Ағашқа	—	ағашыңызға
Тіс пастасымен	—	тіс пастаңмен

2-тапсырма. Төменде берілген сөздерге септік жалғауларын жалғап, септеп көріндер.

Нағашы, қарындас, бөле.

1 Септік жалғаулары, негізінен, зат есімдерге және зат есім қызметін атқаратын басқа да сөздерге жалғанып, оларды етістіктермен байланыстырып тұрады.

Сөздердің септік жалғауда тұрып өзгерілуін септеу дейміз. Сөздердің септелуінің екі түрі бар: **жай септеу** және **тәуелді септеу**.

Тәуелдік жалғаусыз сөздердің септеуін жай септеу дейміз.

1. Жай септеудің үлгісі

□ □ □ □ і □	□ ү □ □ □ - □ □ □ □	□ □ □ □ □	К □ □ □ □		
		□ □ □ □	□ іңі □ □ □	□ □ □ □	□ іңі □ □ □
□ □ □ □	□ і □ □ ?, □ □ ?	□ □ □ □	□ □ □ □	□ □ □ □ □ □ □ □	□ □ □ □ □ □ □ □

Ілік	кімнің?, ненің?	бала- ның	шегенің	балалардың	шегелердің
Барыс	кімге?, не- ге?, қайда?	балаға	шегеге	балаларға	шегелерге
Табыс	кімді?, нені?	баланы	шегені	балаларды	шегелерді
Жатыс	кімде?, не- де?, қайда?	балада	шегеде	балаларда	шегелерде
Шығыс	кімнен?, неден?	баладан	шегеден	балалардан	шегелерден
Көмек тес	кіммен?, немен?	баламен	шегемен	балалармен	шегелермен

Тәуелдік жалғаулы сөздердің септелуін тәуелді септеу дейміз.

2. Тәуелді септеудің үлгісі

□□□□□	□□□□□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□□□	□□□□□□□□□□		
		I □□□	II □□□	III □□□
□□□□	□□□□□?, □□□□□? □□□□□□□□?, □□□□? □□□□□?, □□□□□?, □□□□?	атам інім	атаң атаңыз ініңіз	атасы інісі
I□□□	□□□□□□□□? □□□□□□□□□□? □□□□□□□□? □□□□□□□□? □□□□□□□□? □□□□□□□□?	атамның інімнің ініңнің	атаңның атаңыздың інісінің ініңіздің	атасы- ның інісінің
□□□□□	□□□□□□□?, □□□□□□□? □□□□□□□□□□?, □□□□□□□? □□□□□□□□□□?, □□□□□□□? □□□□□□□□□□?	атама ініме	атаңызға ініңе, ініңізге	атасына інісіне

□□□□□	□□□□□□?, □□□□□□□?, □□□□□□□?, □□□□□?, □□□□□□?, □□□□□?	□□□□□□ i□□□□i	□□□□□□ □□□□□□□□ i□□□□□ i□□□□□□ i□□□□□□	□□□□□□ i□□□□□
□□□□□	□□□□□□□?, □□□□□□□?, □□□□□□□□?, □□□□□□□- □□□, □□□□□□?, □□□□□□□?, □□□□□□□?	□□□□□□□ i□□□□□□	□□□□□□□ □□□□□□□□□ i□□□□□□ i□□□□□□□ i□□□□□□□	□□□□□□□- □□□ i□□□□□□□
□□□□□□	□□□□□□□□□?, □□□□□□□- □□□□□, □□□□□□□□□□? □□□□□□□□□?, □□□□□□□□? □□□□□□□□?, □□□□□□□□□? □□□□□□□□□?	□□□□□□□□□ i□□□□□□□□	□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□ i□□□□□□□□ i□□□□□□□□□ i□□□□□□□□□	□□□□□□□□- □□□□ i□□□□□□□□
К□□□□□□- □□□	□□□□□□□□□□?, □□□□□□□□- □□□□□, □□□□□□□□□□□? □□□□□□□□□□?, □□□□□□□□□□? □□□□□□□□□□?, □□□□□□□□□□□? □□□□□□□□□□?	□□□□□□□□□□ i□□□□□□□□□□	□□□□□□□□□□ □□□□□□□□□□□□ i□□□□□□□□□□ i□□□□□□□□□□□ i□□□□□□□□□□□	□□□□□□□□- □□□□ i□□□□□□□□□□



196-жаттығу. Дос, көл сөздерін тәуелдік жалғауының үш жағына қойып, жекеше, көпше түрде септендер.



197-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып шығындар, тәуелдік және септік жалғауларын тауып, олардың қандай жалғауда тұрғанын айтындар.

ШӘКІРТ ОЙЫ

Қараңғы қазақ көгіне,
 Өрмелеп шығып күн болам!
 Қараңғылықтың кегіне,
 Күн болмағанда кім болам?
 Мұздаған елдің жүрегін.
 Жылытуға мен кіремін,
 Еңбек, бейнет тарауы
 Рақатқа сарқылар,
 Қыздырып күннің карауы,

Надандық теңізі тартылар,
Орны отайып, көгерер,
Қызығын жайлап ел көрер.

(С. Торайғыров)

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Жай септеу мен тәуелді септеудің қандай айырмашылығы бар?
2. Септік жалғауы көбінесе қай сөз табына жалғанады?
3. Екі зат есімді алып, бірінші жай септеу үлгісінде, сонан соң тәуелді септеу үлгісінде септендер.

71-сабақ


КЕЙБІР ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖІКТЕЛУІ

 **1-тапсырма.** Төмендегі сөздерге қандай қосымша қосуға болатынын анықтаңдар.

Мен мұғалім... .
Сендер оқушы... .

 **2-тапсырма.** Төменде берілген сөйлемдерде сызықша не үшін қойылғанын мұғалімнің көмегімен біліп алыңдар.

Ол — суретші. Ол — дәрігер.

 **1** Жіктік жалғауы бастауыш пен баяндауышты байланыстырады. Сондықтан жіктік жалғаулы сөз әрқашан баяндауыш болады да, сөйлемді тиянақтап тұрады.

Жіктік жалғауы кез келген зат есімдерге жалғана бермейді, тек адамның кім екенін, қандай екенін, кім бола алатынын білдіретін, кәсібін көрсететін зат есімдерге ғана жалғанады. Мысалы: *Мен инженермін. Сіз дәрігерсіз. Сен үлкенсің т.б.*

Жіктік жалғаудың да үш жағы бар. Бірақ I-II жақтарының арнаулы қосымшалары болса, III жақта (зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктерде) ешқандай қосымша болмайды.

Мысалы:


Мен оқушымын	Мен біріншімін
Сен оқушысың	Сен біріншісің
Сіз оқушысыз	Сіз біріншісіз
Ол — оқушы	Ол — бірінші

Жіктік жалғаулары мыналар:

	Жекеше	Көпше
I жақ	-мын, -мін -бын, -бін -пын, -пін	-мыз, -міз -быз, -біз -пыз, -піз
II жақ	Жекеше -сын, -сің -сыз, -сіз	Көпше -сындар, -сіндер, -сыздар, -сіздер
III жақ	-ды, -ді, -ты, -ті	-ды, -ді, -ты, -ті


Есім сөздерге жалғанбайды.

Сөзге жіктік жалғауының жалғанып түрленуі сөздің жіктелуі деп аталады.

 **198-жаттығу.** *Ұшқыш, шахтер, жылқышы, суретші* сөздерін жекеше, көпше түрде жіктендер.


 **199-жаттығу.** Мына мақал-мәтелдерден жіктік жалғаумен келген сөздерді табындар.

Аш болсаң — азығыңмен, тоқ болсаң — қазығыңмен. Ақшамен ақжолтай бола алмассың. Үйінді сатсаң, күйінді бір жыл жөндерсін, үй сатып алсаң, бір-ақ жыл ғана жүдерсін. Анаңның жақсылығын ауырсаң білерсің, қайынның жақсылығын қыдырсаң білерсің. Өз халқыңды өз етсен, жат халыққа құл болмайсың. Ақ Еділдің өзі болмасақ та бұлағымыз, ақылды бастықтың өзі болмасақ та — құлағымыз. Қазынаны тереңнен табарсың, білімді кітаптан аларсың.

 **200-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойып, көшіріп жазыңдар.

Үлгі: *Мен азаматпын.*

Мен азамат...	Біз азамат...
Сен азамат...	Сендер азамат..
Сіз азамат...	Сіздер азамат...
Ол — азамат	Олар азамат...

 **201-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Бірінші бағанға кәсіп-мамандық атауларын, екінші бағанға қимыл атауларын жазыңдар да оларға жіктік жалғауын жалғандар.


Үлгі: тігінші айт
 есепші жаз


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Жіктік жалғауы қандай қызмет атқарады?
2. Жіктік жалғауы неше жакта айтылады?
3. Жіктік жалғаулы сөз сөйлемде қандай қызмет атқарады?


72-сабақ

КӨМЕКШІ ЕСІМДЕР

 **1-тапсырма.** *Иш, сырт, жан, тұс, маң* сөздерін қатыстырып сөйлем құрастырыңдар. Олардың толық мағынасы бар ма екендігін анықтаңдар.

 **2-тапсырма.** Төменде берілген сөз тіркестеріне *иш, сырт, жан, тұс, маң* сөздерінен сәйкесін қойып көшіріндер.


Мектептің...
Үйдің...
Қораның...
Көлдің...
Ауланың...

 Зат есімдер мағыналары мен сөйлемдегі қызметіне қарай **негізгі зат есімдер** және **көмекші зат есімдер** болып екіге бөлінеді.

Негізгі зат есімдер жеке тұрып толық мағынаға ие болады, сондықтан олар сөйлемде өз алдына жеке тұрып, сөйлем мүшесі бола береді. Мысалы: *Қорлық өмірден ерлік өлім артық* деген сөйлемдегі *қорлық*, *ерлік* деген зат есімдер *қандай?* деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде анықтауыш болып тұр. Сол сияқты *өмірден* деген зат есім *неден?* сұрағына жауап беріп, толықтауыш, ал *өлім* сөзі *не?* деген сұраққа жауап беріп, бастауыш қызметін атқарады.


Көмекші есімдерде толық мағына болмайды, олар негізгі зат есімдермен тіркесіп, күрделі сөздердің құрамында жұмсалып, көмекші сөздер тобына жатады.

Көмекші есімдерге мына сөздер жатады: *алд, арт, аст, ұст, жан, қас, ара, орта, иш, сырт, бас, бет, шет, төбе, тұс, маң, қыр, ұш* т.б.

 **202-жаттығу.** Берілген сөйлемдерді оқып шығып, көп нүктенің орнына тиісті көмекші есімдерді қойып көшіріндер.

1. Қарлығаштар ұяларын үйдің шатырына, мал қораның ..., құлаған құрылыстар мен зираттардың ... салады. 2. Жалбыз өсімдігі өзен-көлдердің жағалауында, дымқыл шалғынды жерлерде, арықтар ... өседі. 3. Аю орман ... көп кезді. 4. Жылда осылай таныс ауылдың ... ұшқанда тырналар аман-есен жеткенін хабарлайды.


(М. Тоқбергенов)

 **203-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып шығып, көмекші есімдерді негізгі мағыналы сөздерімен тіркестіріп жазындар.

Үлгі: *сәкінің үстінде*

1. Сәкінің үстінде етпетінен түсіп кіші інім Нұрбота жатыр. 2. Сәкіден қарғып түсіп, үй артындағы бақшаға қарай жүгіре жөнелді. 3. Таудың қия бетінде жайылып жүрген арқарды көреді. 4. — Мен келгенше қорым тастардың арасына барып, қозғалмай жатындар, — деді де, қасқырға қарсы беттеді.

(М. Зверев)

 **204-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Берілген көмекші есімдерден әуелі сөз тіркесін, сонан соң сөйлем құрастырындар.

Үлгі: *Алды. Үйдің алды. Үйдің алдында бақша бар.*

Алды. Асты. Үсті. Маңы. Сырты.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Көмекші есімдерде толық мағына бола ма?
2. Көмекші есімдер қандай жалғау жалғанған күйінде кездеседі?
3. Көмекші есімдерге төмендегі жалғауларды жалғап көріңдер.

Көмекші есім + Көптік жалғау + Тәуелдік жалғау + Септік жалғау

73-с а б а қ ПЫСЫҚТАУ САБАҒЫ

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ тілінде неше септік бар?
2. Атау септігінің сұрақтары қандай?
3. Ілік септігінің ерекшелігі неде?
4. Барыс септігі қандай сұрақтарға жауап береді?
5. Табыс септігі қандай сұрақтарға жауап береді?
6. Жатыс септігі қандай сұрақтарға жауап береді?
7. ШЫҒЫС септігінің сұрақтары мен жалғауларын атап беріңдер.
8. Көмектес септігінің басқа септіктерден айырмашылығы неде?

 **1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойып мақалдарды көшіріңдер.

1. Бір жең... қол шығар,
Бір жаға... бас шығар.
2. Біреу... мал қайғы,
Біреу.. жан қайғы.

3. Ұстаз.. шәкірт озар.
4. Ақылды ер... ішін..
Алтын ерлі ат жатыр.
5. Ата-ана... ақылы —
Сайрап жатқан жолмен тең.




2-тапсырма. Алдымен оқушылар екі топқа бөлінеді. Мұғалім қолында сөзпарақ. Онда бір заттың аты жазылған. Тақта екіге бөлінеді. Бірінші бөлікке үш конверт жапсырылған. Бір конвертке — «ілік», екіншісіне — «барыс», үшіншісіне — «табыс» деп жазылған. Екінші бөлікке де үш конверт жапсырылған. Олардың біріне — «жатыс», екіншісіне — «барыс», үшіншісіне — «көмектес» деп жазылған. Мұғалім қолындағы сөзпарақты көтереді. Онда мысалы, «көпір» сөзі жазылған болса, екі топ та сол сөзді жылдам септеп, конвертке апарып салу қажет. Онан соң мұғалім екінші сөзді көрсетеді. Ойын осылай жалғаса береді. Жылдам әрі қатесіз орындаған топ жеңімпаз атанады.

74-сабақ

ЗАТ ЕСІМНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ


Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Зат есім қандай сөз табы?
2. Жалпы, жалқы есімдер дегеніміз не, қалай жазылады?
3. Тәуелдік жалғауы деп қандай жалғауды айтамыз, олар қандай сөзбен байланысады?
4. Оңаша және ортақ тәуелдеудің қандай айырмашылығы бар?
5. Септік жалғауының түрлерін, сұрақтарын және қосымшаларын атаңдар.
6. Жай септеу мен тәуелді септеудің айырмашылығы неде?
7. Жіктік жалғауының ерекшелігі неде, қандай қосымшалары бар және олардың сөздерге жалғануы қандай?
8. Көмекші есімдер дегеніміз қандай сөздер, олардың мағыналық, тұлғалық ерекшеліктері туралы не білесіңдер?

 **205-жаттығу.** Мәтінді оқып шығып, әр сөйлемдегі қарамен жазылған сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын, сұрағын анықтап, олардың сөйлемде қандай мүше болып тұрғанын айтыңдар.


Ұлы ғұлама Әл-Фараби бір **үйдің** тұсына барғанда әрдайым **аттан** түсіп, жаяу өтеді екен. Мұны көрген **шәкірттері:** Ұстаз! Сіз неге осы үйдің тұсына келгенде аттан түсіп жаяу жүресіз? — деп сұрағанда: **Бұл үйде** менің ұстазым тұрған, сол **кісінің** құрметіне жаяу жүремін, — дейді екен. **Ұлылардың** ұстазды сыйлауы да **ұлы**. Адам ұлылыққа сол **ұстаз арқылы** жетеді.

Баланың мектепте бола тұра ұстазды ... көрмегендей болуы, **ғылымды** қадірлемегендіктен болады. Ал, **білім алу**, оның қадірін білу үшін әуелі **ұстазды** сыйлай білу қажет.

 **206-жаттығу.** Сөздерді оқып, мағыналарын анықтандар. Олардың жұрнақтарын сызықша арқылы бөліп, көшіріп жазыңдар.


Үлгі: *ег-ін-ші-лік.*


Егіншілік, жұмыскер, құймақ, торсыл, жауын, бөлім, басшы, келіншек, әнші, мұрындық, көзілдірік, киім, қуаныш, түйме, түйін, боран, инелік, қысқыш, тырнауыш, тырнақ, шығарма, көрпеше, түкірік, тұрмыс, жем, тізгін, басқарма.

 **207 жаттығу.** Сөздерге жақша ішіндегі жұрнақтарды қосып, туынды зат есім жасап көшіріндер, жұрнақтардың түрлену себебін айтыңдар.

Аға, апа (тай), ойын, қап (шық), сандық, құрық (ша), қалқа, сәуле (м), қой, су (шы), бала, таза (лық), байла, күзе (м), қуан, таян (ыш), шаруа, адам (шылық), ас, шай (хана), айла, қызмет (кер).

75-с а б а қ СЫН ЕСІМ

 **1-тапсырма.** Түсті білдіретін сөздерді тауып, оларды қатыстырып сөйлем құрандар. Сұрауларын анықтандар.

 **2-тапсырма.** Дәмді білдіретін сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар.

1 Әр алуан заттық ұғымды білдіретін зат есімнің толып жатқан сындық белгілері болады. Мысалы: Әсіресе, сары, қызыл, шымқай **қызыл** гүлдердің үлкен шоғы бірден назар аударады. Мұндағы **сары, қызыл, шымқай қызыл** сөздері гүлдің түсін білдіреді, үлкен сөзі — көлемін көрсетеді. *Қызық әңгіме басталып кетті* (қызық — әңгіменің сапасын білдіреді). *Жерде аламыш еріп жатқан қар бар* (аламыш — жердің белгісі). *Арық бұзау тез тұра алмайды* (арық — бұзаудың күйі). **Ынта-талы, жігерлі, зерек** жас ілгері оқуды ойлайды (**ынта-талы, жігерлі, зерек** сөздері — жас сөзінің сапасын білдіріп тұр).

Заттың түсін, сапасын, белгісін, күйін, салмағын, көлемін білдіретін сөздер сын есім деп аталады.

Сын есімдердің сұраулары — **қандай?, қай?** Мысалы: *кең көйлек — қандай көйлек?, қызыл орамал — қандай орамал?, шеткі үй — қай үй?*

208-жаттығу. Өлеңнен сын есім болатын сөздерді табындар.

БАҒДАРШАМ СЫРЫ



Бағдаршам аты,
Көп көзі бар батыр.
Ток болғанымен заты,
Өзінде көп ақыл.

Жанса көзі жасыл,
Жолың айдай ашық.
Жүре бергін батыл,
Керегі жоқ сасып.

Қызыл көзі жанса,
Мейлі көлік жоқта,
Қатып қалған жанша,
Қыбыр етпей, тоқта!


Сары көзі жанса,
Сен мынаны аңғар:
Тұрып қалмай онша,
Қозғалуға қамдан.

(А. Асылбеков)

209-жаттығу. Көп нүктенің орнына сын есімдерді қойып, сөйлемдерді көшіріндер.

1. Не деген ... сурет ол! 2. Жалаңаштың топырағы аса құнарлы: шөп те, егін де ... шығады. 3. Жақсы егін ... тұқымнан ғана өседі. 4. Кей жердегі құдықтың суы ... 5. Мектептің ... үйі салынғанға қуаныштымыз. 6. Бектай ... бала еді. 7. Бұл кезде көл беті ... еді. 8. Күн ... шоқтай болып шығып келеді.
(F. Мүсірепов)


Керекті сөздер: *жақсы, тамаша, жаңа, ащы, таза, өте зерек, қып-қызыл, тып-тыныш.*

 **210-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Сын есімдерге мысалдар ойлап табындар, оларды төмендегі кестеге орналастырындар.

Заттың түсі	Заттың дәмі	Заттың көлемі	Заттың сипаты	Заттың белгісі

76-с а б а қ

НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ТУЫНДЫ СЫН ЕСІМДЕР


 **1-тапсырма.** *Балалы үй, көктемгі егін, өнерлі жігіт* деген сөз тіркестіріндегі бөліп жазылған қосымшаларға көңіл аударындар. Өздерің де осындай сөз тіркестерін құрастырындар.

 **2-тапсырма.** Нүктелердің орнына сын есімдер қойып, сөз тіркесін жасандар.


... қыз, ... көйлек, ... сынып, ... аула.

1 Негізгі сын есімдерге — түбір сын есім жатады. Түбір сын есім жұрнақсыз, басқа сөздермен бірікпей, қосарланбай, тіркеспей, жеке тұрып-ақ сындық мағына береді. Мысалы: *көк, сары, кең, жылы, терең, таза, алыс*.

Түбір сөзге жұрнақтар жалғану арқылы жасалған сын есім туынды сын есім деп аталады. Мысалы: *атақты, сиыр-лы, сәулет-ті, пана-сыз, ақыл-сыз, қала-лық, көйлек-шең* т.б.


 **211-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып шығып, сын есімдерді табындар, оларды негізгі және туынды сын есімдерге ажыратындар.

1. Салмақпен бетін бұрып, кейін қараған Сарыбасқа Асқардың көзі түссе, көнтеқ ауыз, домалақ мұрын, тұз көз, бет пернесі татарға ұқсас тапал бойлы, талдырмаш сары жігіт екен. 2. Қыз: сұңғақ бойлы, талдырмаш, қанаттанып жетпеген қаздың балапанындай сары шашты, кескіні аршыған жұмыртқадай аппақ, көзі тұнық, қара, қылдырықтай қиылған қасы бар, садақтың оғындай тізіліп қайқиған ұзын кірпігі бар. (*С. Мұқанов*)


 **212-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мына сын есімдерді қатыстырып сөйлем құрастырындар. (Асты сызылған сөздерді анықтау).

Сүзеген, асау, еріншек, ұрыншақ, ашық, сынық, жабулы, бүркеулі, көйлекшен, етікшен, таудай, үйдей, ұйқышыл, сауықшыл.

77-с а б а қ ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ СЫН ЕСІМДЕР


 **1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып көріндер.

Ақ көйлекті ...
Қара шашты ...
Жирен қасқа ...

 **2-тапсырма.** Бірінші баған мен екінші бағандағы сөздерді салыстырып көріңдер. Сөздердің құрамында қандай айырмашылық бар екенін біліп алыңдар.


Ұзын
Қызыл
Қара
Үлкен

Ұзын бойлы
Ал қызыл
Қап-қара
Үлкен-үлкен

 Құрамына қарай сын есімдер **дара** және **күрделі** болып екіге бөлінеді.

Дара сын есім деп бір ғана сөзден жасалған сын есімді айтамыз. Мысалы: *сары, күрең, тайыз, қатты, ақылды, түнгі, ұмытшақ* т.б.

Күрделі сын есім деп екі не одан да көп сөздерден не бірігіп, не қосарланып, не тіркесіп барып жасалған сын есімдерді айтамыз. Мысалы: *аппақ, үлкен-үлкен, қара ала, қою қара сақалды, селдір қара мұртты* т.б.


 **213-жаттығу.** Мәтінді оқып шығындар да, сын есімдерді табыңдар. Дара сын есімді бір бөлек, күрделі сын есімді бір бөлек теріп жазындар.

БҮРКІТШІ

Күздің таңы баяулап атып келеді екен. Қос аңшы құстарын ұстап шықты да, белдеудегі аттарын кеп шешті. Мосқал жасты, бурыл сақал қарт бүркітші Бекбол, жуан торыға жақындай бергенде, арт жағынан ат пысқырды. Сұр тонды кеспелтек денесін шапшаң бұрып, сырт айналғанда, Бекбол кезең асып келе жатқан жүргіншіні көрді. Мойнына мылтық асынған, мезгілсіз жүрген жолаушы асығып, жедел келеді екен.


Бекбол ерге қонбай, тор атты сулығынан тартып, жүргінші келе жатқан жаққа бұрды. Ауыр бүркіт ұстаған оң қолын ердің үстіне салып, таңырқап тосып қалды.

(М. Әуезов)

 **214-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сын есімдерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Жапаның ... үйі суат бойына орналасқан. 2. Әйелі Ұлдан мен ... ұлы Жамбыл тынымсыз тіршілікпен айналысады. 3. Бала Жамбыл үшін бұл ... қуаныш. 4. Көпті көрген ауыл ақсақалдарының әрбір сөзінен ... әсер, ... қиялға беріледі. 5. Соңғы бір-екі жылдан бері баласының ересек тартып, сөз төркінін ұғуға ынта қоя бастағанын сұңғыла ана іштей аңғарып жүрсе де, ... , ... , ... баласына әзірше тіс жарып, сыр тартып көрген емес.

Керекті сөздер: *қараша, қара домалақ, үлкен, ғаламат, тәтті, қалқан құлақ, тобылғы түс, томпақ бет.*

 **215-жаттығу.** Өлеңдерді оқып шығыңдар. Сын есімдерді тауып, олардың құрамына қарай қандай сын есім екендігін айтып беріңдер.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың маңы — терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.


(Абай)

78—79-с а б а қ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

80-с а б а қ СЫН ЕСІМНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сын есім дегеніміз қандай сөз табы?
2. Сын есімнің сұрақтары қайсылар?
3. Дара және күрделі сын есім дегеніміз не?
4. Негізгі және туынды сын есімдер қалай жасалады?


 **216-жаттығу.** Мәтіннен күрделі сын есімдерді тауып, теріп жазыңдар.

Кеше күн алаулап шұғыла шашты. Құба жондар ал қызыл нұрға бөленді. Шаңылтыр аяз бетті қариды. Ақ қар жамылған даладағы жоталар шұбатылып жатыр. Мөп-мөлдір көк аспан мен ақ сәулелі көк жиектің арасын қызыл бояулы қарындаштың ұшымен батыра сызып қойғандай. Терістіктен ызғырық қатты жел көтеріледі. Ұшпа қар құйындата ұйытқи жөнелді.

(Б.Ысқақов)

 **217-жаттығу.** Мына сын есімдерді қатыстыра отырып, сөйлем құрастырындар.


Көп балалы, жібек көйлекті, қара ала, тап-таза, ащы, тапқыр, өткір, балықсыз, тұзды, кең, ауыр, биік.


 **218-жаттығу.** Мақал-мәтелдерді оқып шығындар, өздеріне ұнағандарын жаттап алындар. Сын есімдермен тіркескен сөздерді теріп жазындар.

1. Бейнетің қатты болса,
Тапқаның тәтті болады.
2. Көз қорқақ, қол батыр.
3. Жаман жолдас жауға алдырар,
Жаман би дауға алғызар.
4. Қатты жерге қақ тұрар,
Қайратты ерге бақ тұрар.

81-с а б а қ

САН ЕСІМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

 **1-тапсырма.** Ондық және жүздік мөлшердегі сандарды анықтандар, оларды қатыстырып, төрт сөйлем құрандар. Қандай сұрақтарға жауап беретінін айтындар.

 **2-тапсырма.** Санды білдіретін сөздерге *-ншы, -ыншы, -нші, -інші* жұрнақтарын қосындар. Қосымша қосылғаннан кейін мағыналарында қандай айырмашылық болғанын айтып беріндер.

1 **Заттың санын, ретін білдіретін сөз табы сан есім деп аталады.**

Сан есім *неше?, қанша?, нешінші?* деген сұрақтарға жауап береді.

Сан есімдер басқа сөздерге тіркестірілмей айтылғанда, санды дерексіз, жалпылай атайды. Мысалы: *бір, екінші, үш, төрт, бес* т.б. Сан есім өзге сөздермен қарым-қатынасқа түскенде, олардың мағынасы нақтыланады. Мысалы: *Екі айда алтыс күн бар. Төрт аяғымды тең басқан жорғамын.* Осындағы *ай, күн, аяқ* сөздері болмаса, *екі, төрт, алтыс* сөздері әйтеуір сандық ұғымды білдіріп қана қойған болар еді.

Басқа сөз таптарынан сан есім жасалмайды, негізгі сан есімдерге ғана қосымша қосылып, оны түрлендіреді. Мысалы: *бір-бірінші, екі-екеу, бір-біреу* т.б.

219-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, сан атауларын сөзбен жазындар, олардың мағыналық ерекшеліктерін түсіндіріңдер.

Бір адамның өмірін 100 жылға шамалап, оны бір дәуір деп атаған. Жүзді 4-ке бөліп, алғашқы 25 жасын дәурен деп, екінші 25-ті, яғни 50 жасқа дейінгі аралықты ел ағасы деп, үшінші 25-ті, яғни 75 жасқа дейінгі кезенді аталық жас деп, ал 75-ті қарттық жас деп атаған. Мүшелдік жыл санау есебі бойынша, бір адамның дәуірінде 8 мүшел (13, 25, 37, 49, 61, 73, 85, 97) болады деп болжалдап, оны 5 топқа бөлген.


(С. Қасиманов)

220-жаттығу. Өлеңді жаттап алындар. Сан есімнің астын сызындар. Жыл санауын үйреніп алындар.

ЖЫЛ САНАП КӨРЕЛІК

Жылдармен таныс:
Тышқан, Сиыр, Барыс.
Әрі қарай бұдан:

Қоян, Ұлу, Жылан.
Келесі бір көшің:
Жылқы мен Қой, Мешін.
Тауық пен Ит, Доңыз —
Он екі жыл деңіз.

 **221-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Цифрлармен берілген сандарды сөзбен жазып көрсетіндер.


100, 2015, 5, 19, 24, 40, 1000, 1000 000.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Сан есім дегеніміз қандай сөз табы?
2. Сан есімнің сұрақтары қандай?
3. Басқа сөз таптарынан сан есім жасала ма?

82-с а б а қ

ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ САН ЕСІМ


 **1-тапсырма.** *Жүз, мың* сан есімдеріне *бір* сан есімін қосып көріндер. Қандай өзгеріс болғанын айтындар.

 **2-тапсырма.** *Бесінші сынып, жиырмасыншы желтоқсан, екінші қабат* сөз тіркестеріндегі сандарды цифрлармен жазып көшіріндер.


 Сан есімдер құрамына қарай **дара** және **күрделі** болып екіге бөлінеді.

Бір ғана түбірден жасалған сан есімді дара сан есім дейміз. Дара сандардың атауы жиырма шақты сан. Мысалы: *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алтыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың, миллион, миллиард т.б.*

Күрделі сан есімдер екі немесе бірнеше түбірден жасалады. Мысалы: *екі жүз елу, мың тоғыз жүз алтыс бір т.б.*


 **222-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жазып дара сан есімнің астын бір рет, күрделі сан есімнің астын екі рет сызындар.

1. Ол жиырма сегізінші жылдың жазы еді. 2. Беске екіні қосса жеті болады. 3. Біз сапқа екі-екіден тұрдық. 4. Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді. 5. Ермен екі айтпайды. 6. Еңгезердей біреу кіріп келді.

 **223-жаттығу.** Сөйлемдерден күрделі сан есімдерді табындар. Олардың қалай жасалғанына назар аударындар.

1. Аяқ киім 5 есе, жүн маталары 5,5 есе, кондитер тағамдары 8 есе, сары май 2,5 есе, ет консервілері 2,8 есе артық шығарылды. 2. Қалқан маңына орнаған қардың тауы балаларға екі жақтан қызық болушы еді: 1-і сырғанақ үшін, 2-сі қоян ұстау үшін еді. 3. Бетпақтың бойына жусаны мен раңы аралас қалың шөп шығады. Малға ол мың да бір ас.

(С. Мұқанов)


 **224-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мына сөз тіркестерінен сөйлем жазандар.

Елу кітап, жүз елу қой, алпыс екі тамыр, 5-сынып, алтыншы қатар, бір жүз отыз бірінші үй, сексен түп көшет.

83-с а б а қ

САН ЕСІМНІҢ ЕМЛЕСІ

 **1-тапсырма.** Бүгінгі күнді дәптерлеріңе сөзбен жазындар.

 **2-тапсырма.** Өздеріңнің туған жылдарыңды, отбасыларыңда неше кісі барын, олардың туған жылдарын санмен жазып көрсетіңдер.

 Сан есімнің жазылу емлесінің мынадай түрлері бар:


1. Цифрмен жазылған сан есімдерге қосымшалар дефис арқылы қосылып жазылады. М ы с а л ы : *2-ге, 10-да, 4-тен, 50-мен т.б.*

2. Күрделі сан есімнің құрамындағы сандар бірібірінен бөлек жазылады. М ы с а л ы : *бір мың тоғыз жүз жетпіс төрт, бес жүз отыз бір т.б.*


3. -ынышы, -ініші, -нышы, -ніші деген ретті білдіретін жұрнақ орнына дефис қойылады. Мысалы: *23-мектеп, 2-көше, 6-қатар т.б.*

4. Сан есім мен зат есім тіркескенде олар бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы: *он кітап, 20 дәптер, 5 қарындаш т.б.*

5. Рим цифрымен жазылған сан есімнен кейін және жылдың, айдың, күннің ретін білдіретін сан есімнен кейін дефис қойылмай жазылады. Мысалы: *V сынып, VI курс, I жарты жылдық, 12 ақпан, 2015 жыл.*


 **225-жаттығу.** Мәтіндегі цифрмен жазылған сан есімдерді жақшаның ішіне әріппен жазындар.

1. Қаңтардың 6-сы мен 10-ының арасында, яғни төрт күнде, — деді Фатима қағазды оқып, — 1 метр 20 сантиметр қар жауған. 2. 11-де үйден шығып едік, міне сағат үш. 3. 2-ақ сағат уақыт берілсе, он километрдей жердегі ауылға барып қайтқым келіп отыр. 4. Олар I тоқсанның жоспарын жарты ай бұрын жиырма үш пайыз артығымен орындапты. 5. Керосиннен 18 литр кеткенде, жанармайдан 12-ақ литр кетеді. (*«Нұрлы жол» газетінен*)

 **226-жаттығу.** Берілген «Санамақ» ойынын жаттап алып, ойнап көріңдер. Өленнің әр қатарына назар аударындар. Көшіріп жазып, сан есімдерді табындар.

САНАМАҚ

Бір дегенім — білеу,
Екі дегенім — егеу,
Үш дегенім — үскі,
Төрт дегенім — төсек,
Бес дегенім — бесік,
Алты дегенім — асық,
Жеті дегенім — желке,
Сегіз дегенім — серке,
Тоғыз дегенім — торқа,
Он дегенім — оймақ,
Он бір кара жұмбақ.

 **227-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген ойын-жұмбақты шешіндер, сан есімдердің астын сызындар.

ТОРҒАЙ МЕН БҰТАҚ

Бір топ торғай ұшып келіп, ағаштың бұтағына қонып еді, бір торғайға бұтақ жетпей қалды. Сонан соң бір бұтаққа 2 торғайдан қонып еді, бір бұтақ артып қалды. Сонда бұтақ нешеу, торғай нешеу?

(Е. Сағындықов)

84-сабақ ЕСІМДІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

 **1-тапсырма.** Төменде берілген сөйлемдегі **ол** сөзін басқа сөзбен ауыстыруға бола ма?


Үйге қайтқанымызда ол менен ренжіді.


 **2-тапсырма.** Екі сөйлемді салыстырындар

Біреу есікті қақты.

Оның алмасы біреу еді.


Сөйлемдегі «*біреу*» сөзі қай сөйлемде сан есім, қайсы сөйлемде басқа сөз табы болып тұрғанын анықтаңдар.

 Есімдер тобына жататын сөз табының бірі — есімдік. **Есімдік деп зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына жұмсалатын, солардың орнын баса алатын сөз табын айтамыз.** Мысалы: *Бейсенбай оқып жүр* деудің орнына *Ол оқып жүр* десек те болады. Немесе *Марат қызық кітап оқыды* — *Марат сол кітапты оқыды*. *Үш шоқ гүлден букет жасапты* деудің орнына — *Бірнеше гүлден букет жасапты* деп айтсақ болады. Осы сөйлемдердегі *Бейсенбай* деген зат есімнің орнына *ол* — деген есімдік, *қызық* деген сын есімнің орнына *сол* деген есімдік, *үш* деген сан есімнің орнына *бірнеше* деген есімдікті пайдаландық.


 **228-жаттығу.** Өлеңдерден есімдіктерді тауып, олардың қандай сөздердің орнына жұмсалып тұрғанын айтыңдар.

Менің ұлым — сенікі,
Сенің ұлың — менікі,
Ер туған ұл — сенікі,
Бақытты біздің жердікі.

(Жамбыл)

 **229-жаттығу.** Төменде берілген есімдіктерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңдар.

Бірнеше, сол, ана, мынау, ешкім, ешқайсысы, бәрі, мен, олар, нешеу?

 **230-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Зат есімнің, сын есімнің, сан есімдердің орнына қолданылатын есімдіктерді бөлек-бөлек етіп, төмендегі кестені толтырыңдар.


Зат есімнің орнына қолданылатын есімдіктер	Сын есімнің орнына қолданылатын есімдіктер	Сан есімнің орнына қолданылатын есімдіктер
біреу	әлдеқандай	бірнешеу


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Есімдік деген қандай сөз табы?
2. *Мен, сен, ол* есімдіктері қандай сөз табының орнына қолданылады?

85-с а б а қ

ЕТІСТІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК


 **1-тапсырма.** *Оқыдым, ұйықтадым, ойладым, ойнадым* сөздеріне сөйлем құрастырыңдар.

 **2-тапсырма.** Төмендегі сөздердің бір-бірінен айырмашылығын табыңдар: *оқыдым, оқып жатырмын, оқимын.*

Қоян қаашты, тазы құды деген сөйлемдердегі *қаашты, құды* сөздері *қоян* мен *тазының* қимылдарын білдіріп тұр. Ал *Әсия өлең оқыды, Гүлбаршын тыңдады* дегендердегі *оқыды, тыңдады* сөздері *Әсия* мен *Гүлбаршынның* істерін баяндайды.

Заттың қимылын, ісін, күй-жайын білдіретін сөз табы етістік деп аталады.


Етістіктер *кім не істеді?, кім не қылды?, не істелінді?, кім қайтты?* деген сияқты сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Жұмысшы үй салды. Егінші егін жинады. Қар ереді. Жаңбыр жауды. Жер көгерді.*

 **231-жаттығу.** Мақал-мәтелдердегі етістіктерді тауып, астын сызып, көшіріп жазыңдар.

Үйінде атаңның намысын қорға, шет жерде Отаныңның намысын қорға. Қойдың сорлысы қорқауға ереді. Ішсең — тұнықты іш, жесең — піскенді же, сөйлесең — шындықты айт. Желкенді жел тұрғанда көтер. Секірмей жатып сырғуды үйрен. Анаға қарап қыз өсер, атаға қарап ұл өсер.

 **232-жаттығу.** Берілген етістіктерге зат есімдерді тіркестіріп жазыңдар.

... өлең айтты	... көтерді
... боздады	... терді
... күшіктеді	... өлшеді
... келіп отырды	... сызды

 **233-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген сөздердің жанына етістіктерді қойып, сөз тіркесін немесе сөйлем жасандар.

Үлгі: *Ат кісінейді*


Сияр ...	Қарға ...
Мысық ...	Қаз ...
Тышқан ...	Қой ...
Ара ...	Сауысқан ...

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Етістік дегенде қандай сөз табын түсінесіңдер?
2. Етістік қандай сұрақтарға жауап береді?
3. Етістік бола алатын бірнеше мысал келтіріңдер.

86-с а б а қ

ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕР


 **1-тапсырма.** Екі сөйлемдегі етістіктердің қандай айырмашылығы бар екенін анықтандар.

Кітапты бер.
Дәптерді алып бер.

 **2-тапсырма.** Нүктелердің орнына тиісті етістіктерді қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.


Мысық ...
Бота ...

Құлын ...
Сиыр ...

 Тұлғасы жағынан басқа сөз таптары секілді етістіктер де **дара** және **күрделі** етістік болып екіге бөлінеді.

Бір сөзден тұратын етістіктер дара етістіктер деп аталады. Мысалы: *айту, білу, сөйле, қимылда т.б.*


Бірнеше түбірден құралып, бір ғана сұраққа жауап беретін етістіктер күрделі етістіктер деп аталады. Мысалы: *алып келді, жазып берді, айтып жатыр, өтіп кетті т.б.*

 **234-тапсырма.** Төменде берілген жұмбақтарды шешіңдер, етістіктерді тауып, олардың тұлғасын анықтандар.


1. Құлпырса, қадірлейді, аялайды,
Қураса сыпырғышқа жарамайды.
2. Келсе де әні құлаққа,
Өзін ешкім көрмейді.
Жусан, қамыс, құраққа
Тіптен маза бермейді.

3. Байлаулы екі аяғым,
Қолымда екі таяғым.
Зыраймын қардың үстімен
Озамын атты кісіден.

Жұмбақтардың шешуі: *жел, гүл, шаңғышы.*

 **235-жаттығу.** Берілген дара және күрделі етістіктерді қатыстырып, сөйлем құрастырындар.

Жазады, жазып отыр, киінді, киініп жатыр, аялайды, елжірейді, бармақшы емес, тойғызды.

 **236-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Берілген дара етістіктерді күрделі етістікке айналдырындар.


Айт, бөлу, алу, шық, көтер, отыр, келу.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Дара етістік пен күрделі етістіктің айырмасы неде?
2. Дара етістікке үш мысал, күрделі етістікке үш мысал келтіріңдер.

87-сабақ

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ

 **1-тапсырма.** *Оқыдым, оқып жатырмын, оқимын* сөздерінің бірдей бөлектерін ажыратындар. *Оқы* түбіріне қосылып тұрған қосымшалардың қандай мағынаны білдіретінін айтындар.


 **2-тапсырма.** *Жаз* етістігіне *-ды, -ған, -ған екен, -а, -ды* қосымшаларын қосып көріндер. Қандай өзгешеліктер болғанын айтып беріндер.

 Қимыл, іс-әрекет белгілі бір уақыт аралығында болады. Мұны етістіктің шағы деп аталатын түрі білдіреді. Қимыл іс-әрекеттің орындалатынына, орындалуға тиістілігіне, орындалғандығына қарай етістік үш шаққа бөлінеді: **1) осы шақ; 2) келер шақ; 3) өткен шақ.**


Осы шақ іс-әрекеттің қазіргі кезде орындалып жатқандығын білдіреді. Мысалы: *Мен отырмын, мен жазып отырмын.*

Келер шақ істің сөйлеп тұрған уақыттан кейін істелетіндігін көрсетеді. Мысалы: *Ол оқуға бармақшы. Мен ертең ерте тұрамын.*

Қимыл, іс-әрекеттің өткен уақытта болғанын көрсететін етістіктің түрі өткен шақ деп аталады. Мысалы: *Тұрар қаладан келді. Олар таудан кеше қайтты.*

 **237-жаттығу.** Сөйлемдерден етістіктерді табындар. Олардың қай шаққа тиісті екенін айтындар.

1. Аю мен түлкі қараңғы түскен соң, ұрлана болып, тауық қораға келді. (*Ертегіден*) 2. Күзде құстар ұяларынан мыңмындаған балапан ұшырады. (*М. Тойберенов*) 3. Екі қозы көздері жәудіреп қорым тастың арасына сіңіп, қыбырламай жатыр. 4. Қасқырға қарсы жүгірген енелерін көргенде, екі қозының зәрелері ұшты. (*Ертегіден*) 5. Сәкінің үстінде етпетінен түсіп кіші інім жатыр. 6. Сол тұста дән шашылған екен. 7. Сәкіден қарғып түсіп, үй артындағы бақшаға қарай жүгіре жөнелмекші. (*К. Дүйсенов*)

 **238-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қойып, сөйлемдерді толықтырындар.

Осы шақ

Мен үлкен кісінің айтқанын орындап ...
Марат атасының көңілін сұрауға келе ...

Өткен шақ


Жидебай батыр Сыр бойында дүниеге ...
Шығыс жақ сарғайып таң да атып ...


Келер шақ

Мен қардың қалыңдығын, жер қыртысының температурасын ...

88-с а б а қ

ҮСТЕУ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

 **1-тапсырма.** Мына сөздердің мағыналарын түсініп алыңдар. Оларға сұрақтар қойып көріндер: *жаздығүні, жазғытұрым, қазір, ертең, таңертең, қазақша, жаңаша, етпетінен, әлдеқашан, жошыбай.*


 **2-тапсырма.** Осы сөздердің бірнешеуіне сөйлем құрастырып көріндер.

 Үстеу — қимылдың түрлі белгісін (мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын) білдіретін сөз табы.


Басқа сөз таптары секілді, үстеудің мағынасында да, тұлғасында да, сөйлемде атқаратын қызметінде де өзіне тән ерекшеліктері бар.

Үстеудің сұрақтары: *қашан?, қайтіп?, қалай?, қай жерде?, қанша?* т.б.

Мысалы: *Бүгін дем алмаған тек Жүнісбек қана* деген сөйлемде *бүгін* үстеуі іс-әрекеттің мезгілін білдіріп тұр. *Зәуре жүресінен отырып қалды* дегенде *жүресінен* үстеуі іс-әрекеттің қалай орындалғанын білдіріп тұр.


 **239-жаттығу.** Мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, жаттап алыңдар. Керекті жерде пайдала біліңдер. Үстеулерді тауып, астын сызып шығындар.

1. Ерте тұрған еркектің ырысы артық,
Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық.
2. Әсіре қызыл тез оңар.
3. Өлімнен басқаның ертесі жақсы.
4. Ілгері бастаған жасты
Кері тартқан кәрі қайтарады.

 **240-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып шығындар, үстеулерді тауып, оларды теріп жазындар.

1. Сабаншы — өте сирек кездесетін мысық тектес аң. Ол көктемде балалайды. Балалары өте тез жетіледі. 2. Динара

биыл бесінші сыныпта оқиды. Былтырғыға карағанда биыл тез әрі мәнерлеп оқуға төселіп қалған. Есептерді шығарғанда да алдына жан салмайды. Мұғалімдер оның бұл талабын жоғары бағалайды. Ол жазда нағашысының аулына бармақ. Жазғы демалысты асыға күтуде. 3. Әнуар қыста шаңғы тебуді, жазда өзенге шомылуды ұнатады. 4. Оқушылар биылғы оқу жылынан бастап ағылшынша тіл үйрене бастады.

 **241-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген үстеулерді пайдалана отырып, сөйлемдер құрастырындар.

1. Жоғары, төмен, ілгері, кейін.
2. Таңертең, сәскеде, түсте, кешке.
3. Биыл, былтыр, көктемде, жазда.
4. Бүгін, ертең, бүрсігүні, кеше.


89—90-сабақтар БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ


91-сабақ ПЫСЫҚТАУ САБАҒЫ

Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Есімдік деген қандай сөз табы?
2. Етістік деп қандай сөз табын айтады?
3. Дара етістік пен күрделі етістіктің құрамында қандай айырмашылық болады?
4. Етістіктің шақтары неге байланысты болады?
5. Үстеу дегеніміз қандай сөз табы?
6. Негізгі сөздер мен көмекші сөздердің айырмашылығы неде?

 **1-тапсырма.** *Біз, сен* есімдіктерін септеп, олардың септелуіндегі ерекшеліктерді айтындар.


 **2-тапсырма.** Сен қолыңдағы он бес кітапты маған бересің деген сөйлемдегі жіктеу есімдігін тауып, олардың қандай тұлғада тұрғанын және сөйлемдегі қызметін айтыңдар.

 **3-тапсырма.** Берген едім, беріп жатырмын, бермекпін деген етістіктердің құрамында және мағынасында қандай айырмашылық бар екенін айтыңдар. Берілген сөздерге сөйлем құрастырыңдар.

 **4-тапсырма.** Отыр, тұр, жатыр, жүр етістіктерін қатыстырып күрделі етістік құраңдар.

 **5-тапсырма.** Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойыңдар. Олардың қандай сөз табы екенін айтыңдар.

Тым ұзақ әңгіме, аса **қадірлі** ұстаз, **ең биік** тау, **өте** әдемі қыз, үйге **әрең** келді, тез оқиды, істі **шапшаң** істеді, төсекті **жылдам** жинады, **жақын** ауылдан келді, тау **қаладан** алыс жерде, **кешегі** әңгімені айтты, **жазда** шөп жинадық, **жасырын** келді, **қыстай** мал бақты.

 **6-тапсырма.** Геометриялық фигуралардың ішіндегі әріптерден сөз құрастыр. Оларға — хана жұрнағын жалғандар.

др
ә і

шр
е бе

хана

кт п
і а

а у
р у

 **6-тапсырма.** Сөйлемді оқып, етістіктерді тап.

Үлгі: Асан иттен қорыққанын білдірмеді.

1. Асан иттен қорыққанын білдіріп қойдық.
2. Мақсат есікті қаққан адамға ашпады.
3. Барлық құстардың тіршілігі бірдей болады.
4. Асқар үш досының да пікірін тыңдады.
5. Бүгін кешегідей жаңбыр жаумады.


Сөйлемдегі болымды етістіктерді болымсыз етістікке айналдырып, көшіріп жаз.

ФОНЕТИКА. ГРАФИКА


Фонетика — тіл дыбыстарының құрылымын зерттейтін сала. Фонетика дыбыстардың жасалу, айтылу, естілу және буын, екпін, үндесу мәселелерін қарастырады.

92-сабақ

ТІЛ ДЫБЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

 **1-тапсырма.** Сөйлеу мүшелері дегенде қайсы мүшелерді айтамыз? Сөйлеу мүшелері адамнан басқа қайсы жануар не жәндікте болады?

 **2-тапсырма.** Табиғатта тіл дыбыстарынан басқа да дыбыстар бола ма ?

 Тіл дыбыстары сөйлеу мүшелері арқылы жасалады. **Сөйлеу мүшелеріне өкпе, дауыс шымылдығы, ауыз қуысы, мұрын қуысы, таңдай, тіл, ерін** жатады. Әр дыбыстың жасалуына сөйлеу мүшелерінің қатысы да әр түрлі. Соған орай тілдегі дыбыстар да әр түрлі болады.

Адамның тілі — дыбыстық тіл. Тіл дыбыстары болмаса, тіл өмір сүре алмайды. Егер сөз дыбыстардың тіркесі түрінде айтылмаса, тіл қатынас құралы да, пікір алысу құралы да бола алмас еді.


Тіл дыбыстары сөз ішінде айтылады. Бір дыбыс әлденеше сөздің құрамында қайталанып қолданыла береді. Ол үш түрлі сипатта болады. Біріншісі — оның сапалық сипаты. **М ы с а л ы : тас, жас, қас.** Бұл сөздердегі дыбыстардың саны бірдей, бірақ бір дыбыс өзгеше болғандықтан, мұндағы сөздердің мағынасы да әр түрлі бо-

лып келеді. Екіншісі — сандық сипаты. Мысалы: *бала, ала, ал*.

Бұл сөздердегі дыбыстар саны әр түрлі, мағыналары да түрліше. Үшінші сипаты — орын тәртібінде. Мысалы: *тас-сат, қас-сақ*. Бұл жерде дыбыстардың орны өзгергендіктен мағынасы да өзгерді.

 **242-жаттығу.** Төмендегі сөздердің дыбыстарын мүмкіндігінше өзгерте отырып, жаңа сөз жасандар.


Сал, жұт, тас, тық, қаш, жан.

 **243-жаттығу.** Төмендегі сөздердің дыбыс санын көбейту арқылы мағынасы басқа-басқа сөздер жасандар.

Ал, ат, у, ыс, ас.

 **244-жаттығу.** Метаграммаларды шешіндер. Жауаптарындағы сөз мағыналары неліктен өзгерді?

Егер *m*-дан бастасаң —
Биіктердің биігі.
Егер *d*-дан бастасаң —
Қиындардың қиыны.

 **245-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлем құрастырындар.


1. Ауыл, туған, келді, көктем, кіріп.
2. Дала, жұмыс, басталды, қызу.
3. Оянды, қайта, табиғат.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Сөйлеу мүшелеріне нелер жатады?
2. Адамның тілі қандай тіл?
3. Тіл дыбыстарының неше түрлі сипаты бар екендігін айтып беріндер.

93-сабақ

ТІЛ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ЖАСАЛУЫ

 **1-тапсырма.** Мұрындарынды қолдарыңмен қысып тұрып «ң» дыбысын айтып көріндер. Бола ма екен? Не үшін?


 **2-тапсырма.** Тілдерінді ауыздарыңның сыртына шығарып тұрып «р» дыбысын айтып көріндер. Нені байқадыңдар?

Тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Оларға — *өкпе, дауыс шымылдығы (желбезек), таңдай, тіл, тіс, ерін, жақ* т.б. мүшелер жатады. Оларды күрделі үш топқа бөлеміз: *тыныс мүшелері, тамақ қуысы, ауыз қуысы және мұрын қуысы.*

1. Тыныс мүшелеріне, негізінен, **өкпе** жатады.

2. Тамақ қуысына **дауыс шымылдығы** немесе **желбезек, дауыс түтігі** кіреді.

3. Ауыз қуысы және мұрын қуысына **мұрын, тіл, таңдай, тіс, қызыл иек, ерін** сияқты мүшелер жатады.


 **246-жаттығу.** Мына сөздерді дауыстап оқып, әрқайсысы неше дыбыстан құралғанын айтыңдар.

Аз, көп, бес, алты, тоғыз, жиырма, балалар, азаматтар.


 **247-жаттығу.** Өленді оқып шығыңдар. Әр сөзде неше дыбыс, неше әріп барын айтыңдар.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті басы — ақ қырау, түсі суық
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

(Абай)

 **248-жаттығу.** Мына сөздерді көшіріп жазыңдар. Олардың мағынасын түсініп алыңдар.


Отан, ана, астана, азамат, ғылым, оқу, кітап, әдебиет, данышпан.

 **249-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Алдымен екі дыбыстан, сонан соң үш, төрт, бес, алты дыбыстан құралған сөздерді жазындар. Бір дыбыстан құралған сөз бола ма?

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Тыныс мүшелеріне нелер жатады?
2. Тамақ қуысы және ауыз қуысы деп қандай мүшелерді айтамыз?

94-сабақ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ

 **1-тапсырма.** Сынып журналында нешінші болып жазылғандарынды біліп алындар.


 **2-тапсырма.** Кісі аттарын әліпби ретімен жазып шығындар.

Бекболат, Абзал, Гүлжан, Бегалы, Ержан, Фариза, Айдын, Олжас, Елнұр, Сабира, Нұржас, Назерке, Әмірхан, Сабыр, Бибігүл, Мәдина, Зарина.

 **Әліпби** сөзі араб алфавитінің алғашқы екі әрпі — **алиф** пен **би** атауларының бірігуінен жасалған. Әліпби жазуда қолданылатын әріптердің рет тәртібі дегенді білдіреді.

Қазақ халқының жазу-сызуына Қазақстанға мұсылман дінінің, ислам мәдениетінің таралуына қатысты араб әліпбиі негіз болды. Алайда, қоғамда әр түрлі саяси-әлеуметтік өзгерістерге байланысты қазақ халқы араб әліпбиінен 1929 жылы латынға, ал 1940 жылдан бастап орыс әліпбиіне көшті.


Әліпбиде көрсетілген таңбалар — әріптер. **Әріп** — **дыбыстың жазудағы таңбасы**. Әліпбидегі әріптер белгілі бір тәртіппен орналасады. Түрлі сөздіктерді пайдалану үшін, әліпбидегі әріптердің орын тәртібін жақсы білу керек, сонда сөздіктен керек сөзді тез тауып алуға болады.

 **250-жаттығу.** Мына сөздерді әліпби тәртібімен тізіп жазындар.

Көлбака, шілдеhana, астық, әлеумет, ғарыш, қауіп, мінбе, риза, оттық, абырой, тыйым, фельетон, электр, асық, ділмар, қайнаға, дүрбі, бояу, әңгіме, газдандыру, шөп, ірімшік, іңкәр, шаш, эфир, юбилей, эмблема, ілтипат, ыза, ықтимал.

 **251-жаттығу.** Төмендегі сөздердің мағыналарын анықтап, оларды әліпби ретімен көшіріп жазындар.


Құс, қалам, қалақ, пышак, портрет, адам, орындық, көше, жаға, көмір, бидай, радио, шахта, латын, сандық, тәртіп, ұшқыш, қаңтар, киім, зерек, сәрсенбі, дүйсенбі, өсімдік, бүкіл, үкі.


 **252-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Өздеріңнің сыныптарыңдағы достарыңның есімдерін жазып алындар, сонан соң оларды әліпби ретімен орналастырындар.

95-с а б а қ

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ


 **1-тапсырма.** Төмендегі сөздердің бір-бірінен айырмашылығы қай дыбыста? *Бар-бер, қал-қол, сал-сол.*

 **2-тапсырма.** А, ә, о, ө, е, и, ы, і, ү, ұ, у, э дыбыстарын дауыстап айтып көріндер.

 **1** **Айтылу кезінде ауаның кедергіге ұшырамай шығуынан жасалған дыбыстарды дауыстылар деп атаймыз.**

Дауысты дыбыстар мыналар: *а, ә, о, ө, е, и, ы, і, ү, ұ, (у), э.*


Дауысты дыбыстар жуан және жіңішке, ашық және қысаң, еріндік және езулік дауыстылар болып жіктеліп, жұп-жұбымен бірнеше топқа бөлінеді.

 **253-жаттығу.** Мәтінді оқып шығындар. Қарамен жазылған сөздердегі дауысты дыбыстарды атап өтіндер.

Көрі әже күндегі **машығы** бойынша бесік **жырын** айтады. Өте бір **өзгеше**, ескі жыр. **Абайдың** өз әжесінен басқа


ешкімнен **естімеген** жыры. **Кішкентай** күнінде Абай өзі де кеш сайын осы **жырдың** тербеуімен **ұйықтайтын**. Сол **күндерден** бір ырғағы ауыспаған, бір сөзі де өзгермеген, ана **жүрегіндей** айнымас жыр.

(М. Әуезов)


 **254-жаттығу.** Жұмбақтарды оқып, олардың шешуін табындар. Қарамен жазылған сөздерде қанша дауысты дыбыс бар екенін айтындар.

- | | |
|--|--|
| 1. Тілі бар, үні жоқ,
Өзін адам түсінген.
Жүрегі бар да, қаны жоқ,
Сөйлеп тұрған ішінен. | 2. Ақ көйлекті , көк желек,
Орманда орны бір бөлек,
Әннің аты деседі,
Сызды жерде өседі . |
|--|--|

Шешуі: *кітап, қайың.*

 **255-жаттығу.** Мына сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырындар. Дауысты дыбыстардың астын сызып шығындар.

Алма. Алматы. Әлия. Доп. Ұя. Үкі. Бүркіт. Көпір.

 **256-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Метаграммаларды оқып шығындар. Оларды шешіндер. Дауысты дыбыстардың астын сызындар.

1. Бір адам шаттанса,
Мен оған бауырмын.
«Б»-ны «У»-ға ауыстырса,
Өлшеммін, дәуірмін.

(Бақыт-Уақыт)

2. Бір құлаштай матамын,
Жуынғанда аласың.
Алғы әріпті өшірсен,
Ең әдепті боласың.


(Сүлгі-Үлгі)

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Дауысты дыбыстар қалай жасалады?
2. Дауысты дыбыстар жұп-жұбымен қалай бөлінеді?
3. Дауысты дыбыстарды жатқа айтып беріндер.

96-с а б а қ

ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢШКЕ ДАУЫСТЫЛАР

 **1-тапсырма.** *Сал-сәл, қол-көл, от-өт, тор-төр, ұқ-үк, тыс-тіс* сөздерін бір-бірімен салыстырындар.

 **2-тапсырма.** Дұрысын оқысаң да, теріс қарап оқысаң да бір түрлі оқылатын сөздер ойлап табындар. Мысалы: *қазақ, нан.*

 Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай *жуан* және *жіңішке* дауыстылар болып екі топқа бөлінеді.


Жуан дауыстыларды айтқанда, тілдің ұшы кейін қарай тартылады да үсті сәл көтеріледі. Осы себептен жуан дауыстылар кейде тіл арты дауыстылары деп те аталады.

Жуан дауыстылар мыналар: *а, о, ұ, ы, (у).*


Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ұшы сәл ілгері қарай созылады да, үсті сәл төмендейді. Осы себептен жіңішке дауыстылар кейде тіл алды дауыстылары деп те аталады.

Жіңішке дауыстылар мыналар: *ә, е, ү, і, ө, э, и (ү).*

У дыбысы кейде жуан, кейде жіңішке айтылады. Мысалы: *жазу, ұшу, жиналу* дегендерде у дыбысы жуан айтылады; *теру, төгу, келісу* дегендердегі у дыбысы жіңішке айтылады. Бұл дыбыстың (у) жуан я жіңішке айтылуы сөз құрамындағы басқа дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке болуына байланысты.

 **257-жаттығу.** Сөздерді оқындар. Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек, жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек көшіріндер.


Қайық, құрлық, кендір, ауыздық, өндіріс, тұзақ, тілу, туыс, үкі, ұйқы, өткір, бөлдіру, орман, теңіз, түлкі, қасқыр, қырман, жеміс, жуғыш.

 **258-жаттығу.** Төмендегі мақал-мәтелдерден жуан дауысты дыбысы бар сөздерді бір қатарға, жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді екінші қатарға бөліп жазындар.

Үлгі: *Ата, отар, ...*

Күн, көз, ...

Атанның ғана ұлы болма, Отанның да ұлы бол. Күн көзі түспесе, алма да піспейді. Күлген ауыз көрікті, жылаған ауыз жырық. Қызыл түлкі — жер көркі. Сұлу жігіт — ел көркі. Сұлу қыздар — үй көркі.

 **259-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Бірінші бағанға жуан дыбысты сөздерді, екінші бағанға жіңішке дыбысты сөздерді ойларыңнан құрасытырып жазындар.

Үлгі: **жуан**
далалар

...

жіңішке
өрмекші


...

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Жуан дауысты дыбыс қалай жасалады?
2. Жіңішке дауысты дыбыс қалай жасалады?
3. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды жатқа айтып беріндер.


97-с а б а қ

АШЫҚ ЖӘНЕ ҚЫСАҢ ДАУЫСТЫЛАР

 **1-тапсырма.** Сөздердегі жуан дауысты дыбыстың орнына жіңішке дауысты дыбысты қойып айтындар.

Жон, сұр, сыз, сан, тұз, тыс, ыс.

 **2-тапсырма.** Айнаға қарап әуелі **а, ә, о, ө, е, э** дыбыстарын айтып көріндер, сонан соң **ы, і, и, ұ, ү, у** дыбыстарын айтындар. Қандай өзгеріс болғанын байқандар.


 Дауысты дыбыстар жақтың ашылу қалпына қарай **ашық және қысаң** дауыстылар болып екі топқа бөлінеді.

Ашық дауыстыларды айтқанда, жақ кең ашылады да, ауа еркін шығады.


Ашық дауыстылар мыналар: *а, ә, о, ө, э.*

Қысаң дауыстыларды айтқанда, жақ сәл ғана ашылады да, ауа қысылып шығады.


Қысаң дауыстылар мыналар: *ы, і, и, ұ, ү, у.*

 **260-жаттығу.** Қысаң дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек, ашық дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек көшіріңдер, бұл дыбыстар араласып келген сөздерді өз алдына бөлек жазыңдар.

Жаз, күн, орақ, қызыл, жарыс, еңбек, Ақтөбе, өсімдік, ферма, сән, бәкі, жез, мыс, қонақ, ыдыс, өзендер, күндізгі, қысқа, жиналыс, құндыз, тасу, инелік, кіріс, түйме, қуаныш, ескек, бұлбұл, көгершін.

 **261-жаттығу.** Мына сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздер қандай дауысты дыбыстан басталып тұрғанын айтыңдар. (Ашық дауысты ма, әлде қысаң дауысты ма?)

Ұясын ұнатпаған құс оңбас. Үйірсек үйірін табар. Үсті ине, тікпейді, икемді қол тігеді. Ынталыға іс әзір. Үлкеннің жолы да үлкен. Іскерді ісіне қарап танырсың. Уақыт — ұлы емші.

 **262-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Бірінші бағанға тек ашық дауыстыдан болған, екінші бағанға тек қысаң дауыстыдан болған сөздер ойлап табыңдар.


Үлгі:	ашық	қысаң
	әсемпаз	ырыс


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Ненің қатысына қарай дауысты дыбыстарды ашық және қысаң деп бөлеміз?
2. Ашық дауыстылар қалай жасалады?
3. Қысаң дауыстылар ше?

98-сабақ

ЕРІНДІК ЖӘНЕ ЕЗУЛІК ДАУЫСТЫЛАР

 **1-тапсырма.** Ашық дауысты дыбыспен келетін үш сөз, қысқа дауысты дыбыспен келетін бес сөз тауып жазыңдар.

 **2-тапсырма.** Айнаға қарап әуелі **о, ө, у, ү, ұ** дыбыстарын, сонан соң **а, ә, ы, і, и, е, э** дыбыстарын айтып көріңдер. Еріндерінде қандай өзгеріс болғанын айтыңдар.


 **1** Дауысты дыбыстар еріннің қатысына қарай *еріндік* және *езулік* дауыстылар болып екі топқа бөлінеді.

Еріндік дауыстыларды айтқанда, ерін сүйірленіп, ілгері қарай созылады.

Еріндік дауыстылар мыналар: *о, ө, у, ү, ұ.*

Езулік дауыстыларды айтқанда, езу тартылып, ерін кейін қарай жиырылады.


Езулік дауыстылар мыналар: *а, ә, е, и, ы, і, э.*

 **263-жаттығу.** Мына өлеңді оқып, езулік дауысты дыбыстардан басталған сөздерді теріп жазыңдар.


Үлгі: Ел, егін, ...

Ой, балалар, балалар!
Жылы-жылы жел соқты.
Жылғалардан су ақты.
Ауыл көшті қыстаудан,
Әне! Апамдар қой сауған.
Құс ұясын түзеді,
Тайымды ағам күзеді.
Ел ешкісін қырқыпты,
Егіндерін жыртыпты.
Ой, балалар, балалар!
Ойналық та күлелік.
Қос басына мінелік.

(*І. Жансүгіров*)


 **264-жаттығу.** Сөздерді оқып, еріндік дауысты дыбысы бар сөздерді бір бағанға, езулік дауысты дыбысы бар сөздерді екінші бағанға, еріндік, езулік дауыстылар араласып келген сөздерді үшінші бағанға көшіріңдер.

Дос, дала, таныс, мотор, көз, көмір, жону, әңгіме, кеме, электр, бұлбұл, мүше, тұрғылықты, метр, жу, турник, қосу, көну, жеміс, жусан, кассир, километр, курорт, білімді.

 **265-жаттығу.** Оқып шығып, жұмбақтарды шешіңдер. Еріндік дауыстыдан басталатын сөздердің астын бір рет, езулік дауыстыдан басталатын сөздердің астын екі рет сызып шығыңдар.

1. Өзі түзу, ісі қисық бір аттың,
Өшпес ізін бала кезден ұнаттым.
2. Арқаным бар тым ұзын,
Ала алмаймың бір үзім.
3. Кеудесінде жүрегі,
Өзі жансыз жүреді.

Ш е ш у і : *жол, сағат, қаламмен жазу.*

 **266-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Берілген сөздерден еріндік және езулік дауыстыларды табыңдар. Еріндік дауыстылардың астын бір рет, езулік дауыстылардың астын екі рет сызыңдар.

Шымған, Көктерек, Қарасу, Әндіжан, Шайхантаур, Көктөбе, Ұлытау.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Еріндік дауыстылар қалай жасалады?
2. Езулік дауыстылар қайсылар?


99—100-сабақтар БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

101-сабақ

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЕМЛЕСІ А, Ә ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

 **1-тапсырма.** А әрпінен басталатын үш кісі атын, ә әрпінен басталатын үш кісі атын жазыңдар.

 **2-тапсырма.** Мына сөздердің айтылуын салыстырыңдар: *сал — сәл, ал — әл, салым — сәлім, бары — бәрі.*


 1. А әрпі буын талғамай, сөздің барлық (алдыңғы, ортаңғы, соңғы) буындарында жазыла береді. Мысалы: *астық, қалашық, басқарма.*

2. Ә әрпі — буын талғайтын әріп. Бұл әріп, көбінесе, сөздің бірінші буынында қолданылады. Мысалы: *әсер, әзір, әлек, әйтеуір, әріп, әбігер, әдеби, әдеп, әділет, әжім, әйнек.*


3. Айтылу кезінде сөз ішіндегі а дыбысы ә болып айтылуы және естілуі мүмкін. Мұндайда, бұған қарамастан, а әрпінің өзі жазылады. Мысалы: *шай* (шәй емес), *даукес* (дәукес емес), *жай* (жәй емес).

4. Ә әрпі мына сөздерде екінші буында жазылады: *күмән, кінә, сірә, кінәрат, куә, куәлік, іңкәр.*

5. Жалаң түбірден немесе біріккен сөзден жасалған кісі аттарының соңғы буындарында ә әрпі жазылады. Олар мыналар: *Күләш, Күлән, Күләнда, Іңкәр, Бейсенәлі, Дүйсенәлі, Әбдікәрім, Қалиәкпар т.б.*

 **267-жаттығу.** А, ә әріптерімен келген төмендегі сөздерді көшіріп жазыңдар. Олардың жазылуын есте сақтандар.

Әжептеуір, әйтеуір, әлбетте, әйткенмен, ардагер, Айсұлу, Аян, қаламсап, әсемпаз, кінәлау, кінәсіз, мүсәпір, әділет, әдебиет, әлдеқайда, аралық.

 **268-жаттығу.** Өлеңді оқып шығыңдар, қарамен жазылған сөздердегі а, ә әріптері сөздің қай жерінде жазылғандарын айтыңдар.

**Аппақ керуен тәрізді,
Торғын көкте жоғары**

Келеді **самғап** жыл құсы —
Көктемнің тұңғыш **қонағы**.

Әнмен тербеп аспанды,
Бастаған алдын аққу, **қаз**,
«Ала келдім», — дегендей, —
Мейірі кең, **мырза жаз!**»


(Ә. Сәрсенбаев)


 **269-жатығу.** Көп нүктенің орнына *а*, *ә* әріптерінің тиістісін қойып көшіріндер.


1. Жанат ж...з... бастады. (*Ф. Мұст.*) 2. Д...улет кітаптарды, ...сіресе көркем ...дебиетті көп оқитын. (*С.М.*) 3. ...лияның б...л...лық ш...ғы ж...қсылыққ... толы. (*Х. Досп.*) 4. С...лем р...сімі игі жақсыларды төрге шақырды. (*М. Мағайын*)

102-сабақ

О, Ө ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

 **1-тапсырма.** **О** әрпінен басталатын 5 сөз және **ө** әрпінен басталатын 5 сөз жазындар.


 **2-тапсырма.** Қазақ тілінде **ө** әрпіне аяқталатын сөз бар ма? Ойлап көріндер.

 1. *О, ө* әріптері буын талғайды. Бұл әріптер, көбінесе, сөздің басқы буынында жазылады. **М ы с а л ы :** *орак, ормал, оттық, қоржын, қолғап, қолбасшы, өсімдік, өкпе, өрмекші, өшіргіш, көпір, көзілдірік, көктем.*


2. Сөздің басқы буынындағы еріндік *о, ө* дыбыстарының әсерімен екінші буындағы езулік *ы, і, е* дыбыстары сөйлеуде *ұ, ү, ө* түрінде айтылғанмен, жазуда *ы, і* әріптері сақталып жазылады. **М ы с а л ы :** сөйлеуде *орұн, ойұн, оқұту, қонұс, қонұз, қонұр, қойғұзу, өнөр, өңүр, өмүр, көмүр, өлең, өлкө* түрінде айтылатын сөздер мына түрде жазылды: *орын, ойын, оқыту, қоныс, қоңыз, қоңыр, қойғызу, өнер, өңір, өмір, көмір, өлең, өлке.*

3. *О* әрпі орыс тілінен енген сөздерде буын талғамай, барлық буындарда жазыла береді. Мысалы: *орден, ордер, зоология, кино, динамо*.


4. *О, ө* әріптері біріккен сөздерде және біріккен сөзден болған жалқы есімдерде ортаңғы, соңғы буындарда қолданыла береді. Мысалы: *көнетоз, алабота, итқонақ, қолөнер, Ботагөз, Ербол, Ақбота, Талдықорған, Алакөл, Байқоңыр, Актөбе*.

 **270-жаттығу.** Мақал-мәтелдерді оқып, қарамен жазылған сөздердегі *о, ө* әріптері сөздің қай жерінде жазылғанын айтындар.

Орнын таппаған **орынсыз** қалар. **Қорқақ қоразға қоң** бітпес. Атаңның ғана ұлы **болма**, Отанның да ұлы **бол**. **Көз** мыңды **көрер**, **көңіл** бірді сүйер. **Өмірді** тану — ғылым, өзінді білу — **өнер**. **Дос** — өлер, достық — **өлмес**.

 **271-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, жаттығуды көшіріп жазындар.

Ұзын б...йлы; т...ғыз ...рынды ұшақ; к...мбеге жету; к...пiрден ...ту; к...рнекі құрал; м...мын бала; ұзын м...йын; м...лдір су; н...сер жауын; ...нерлі жастар; ...тініш жазу.

 **272-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* **О, ө** әрпімен келген төмендегі сөздерге алдымен сөз тіркесін, сонан соң сөйлем құрастырындар.

Үлгі: *Орамал*
Қызыл орамал
Қызыл орамалды қыз аялдамада тұр.


Өрмек, көрме, жолдас, тоғыз.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. **О, ө** әріптері буын талғайды ма, жоқ па?
2. Бірінші буында келетін **о, ө** дыбыстары келесі буында келетін **ы, і** дыбыстарына қалай әсер етеді?

103-сабақ

Ұ, Ү ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

 **1-тапсырма.** Мына сөздерді оқып шығындар: *Ұмсынай, ұршық, жүдырық, жұртышылық, ұйық, жүз, күл, күлкі, күміс, бүгін, бүркіт.*

 **2-тапсырма.** Күнде өздерін пайдаланатын сөздердің ішінен ұ және ү дыбысы бар сөздерді атап өтіңдер.


 1. **Ұ, ү әріптері буын талғайды.** Бұл әріптер көбінесе сөздің басқы буынында жазылады. Мысалы: *ұтан, мұнай, мұқаба, тұқым, үлкен, күрес, үкі, жүзім, сүйену.*

2. **Ұ, ү әріптерінің сөздің ортаңғы және соңғы буындарында жазылуы сирек кездеседі.** Ортаңғы, соңғы буындарында ұ, ү әріптері жазылатын сөздер мыналар:


а) жалаң сөздер: *мазмұн, дәстүр, бұлбұл, дүлдүл, мағлұмат, мақұлдау, мәжбүр, байғұс, нақұрыс;*

ә) біріккен сөздер: *аққұтан, көкқұтан, басқұр, бүрсігүні, Сейітқұл, Бибігүл;*

3. Сөздің басқы буынындағы еріндік ұ, ү дыбыстарының әсерімен одан кейінгі буындағы езулік *ы, і* дыбыстары *ұ, ү* түрінде айтылды. Ал жазуда *ы, і* әріптері сақталып жазылады. Мысалы: *құлын-құлүн, жұлдыз-жұлдүз, күндіз-күндүз, ұшқын-ұшқұн, ұйқы-ұйқұ, күлкі-күлкү, құндыз-құндүз, үйір-үйүр, үңгір-үңгүр т.б.*


 **273-жаттығу.** Көп нүктенің орнына **ұ, ү, ы, і** әріптерінің тиістісін қойып, жаттығуды көшіріңдер. Емлесі қиындық келтіретін сөздерді орфографиялық сөздіктен қараңдар.

Күзг... суық, түнг... салқын, күнд...зг... ыстық, ұз...н құр...к, мәжб...р болу, мазм...ндама жазу, қамшының бүлд...ргесі, бүрс...г...ні келмек, құм...рсаңның илеуі, түй...ншекті шешу, күлк...лі жағдай, үлкен толқ...н, сөзін мақ...лдау, түлк...нің терісі.

 **274-жаттығу.** Мәтінді көшіріп жазыңдар. Қарамен жазылған сөздерде қандай дауысты дыбыстардың барын айтыңдар. Өткен тақырыптарды еске түсіріңдер.

Ленің Балқашқа **құйған** сағасы қалың **құрақ**, жалпақ көгалымен көктемде ерекше бір көркіне кіріп еді. Айдынын **акқу**, қаз, алуан түрлі **үйректер** мекендеген қамыс ішінің алаңдарындағы көк үйірімдер құс базарына **ұқсайды**, күндіз-түні тынымсыз **үн** қатады.

Көлде құс **үні**, көктігінде мал дыбысы, белесінде егіс **дүбірі** Іле сағасынан өмір үшін көтерген. Осы думанның қалың ортасы — Фани басқарған **түйе** фермасының аулы. (С. Бегалин)

 **275-жаттығу.** Мына сөздерді басқа сөздермен тіркестіріп, үлгі бойынша сөз тіркесін жасандар және олардың емлесін есте сақтаңдар.

Үлгі: *тынық су, мейраммен құттықтау.*

Тұнық, құттықтау, бұйығы, момын, үндемейтін, бұйрат, бұқара, бұлт, бұрғы, бүлдірген, бүркіт, дұшпан, дүйсенбі, дүние-қор, жұлдыз, жұмыртқа, жүзбе-жүз, жұп-жұбымен, жүйрік, жүйітқу, күкірт.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Ұ,ү әріптері буын талғай ма?
2. Басқа буындағы ұ,ү дыбыстарының әсерінен кейінгі буындағы қандай дыбыстар айтылуда өзгереді?

104-с а б а қ У ӘРШІНІҢ ЕМЛЕСІ

 **1-тапсырма.** Бірінші бағандағы сөздер мен екінші бағандағы сөздерді салыстырыңдар.

Су	Сау
Ту	Бау
Бу	Жау
Жу	Ау

 **2-тапсырма.** Мына сөздердің қайсысында у дыбысы жуан, қайсысында жіңішке болып тұр. Оның себебін анықтаңдар.

Көтеру, жұмылдыру, азу, асу, тебу, келу, беру, ұстау.

1. У дыбысы дауысты дыбыстан кейін келсе дауыссыз дыбысты таңбалайды. Мысалы: *сау, тарау, елеу, егеу* т.б.

2. У дыбысы дауыссыз дыбыстан кейін келсе дауысты дыбысты таңбалайды. Мысалы: *бу, жу, айту, күлу, түсу* т.б.

3. У дыбысы жуан дауысты да (мысалы: *жазу, қайту, айту, бару*), жінішке дауысты дыбысты да таңбалайды (мысалы: *түсу, ісу, икемдеу, жүзу*).

4. *Бу, ту, қу, жу, сау, дау, ау, су* етістіктеріне тұйық етістіктің у жұрнағы жалғанғанда, олар *буу, туу, қуу, жуу, сауу, жауу, ауу, суу* түрінде жазылады.

276-жаттығу. Оқып шығып, құрамында у әрпі бар сөздерді табындар.

1. Екі жаман ауыл болмас, ауыл болса қауым болмас. (Мақал) 2. Төрт аяғы қаққан қазықтай тіп-тік, сұлу тай екен (С. Мұқанов) 3. Мен емес пе шалғы алып, шөбін шапқан, Малына құдық қазған, қауға тартқан? (С. Торайғыров) 4. Сапардың қуанышы ұзаққа созылмады. Түсуді ойлап, қайта еңкейіп көрді де, төбе құйқасы шымырлап, басы айналып, көзі қарауытқандай болып, буындары дірілдеп қоя берді. (М. Иманжанов)

277-жаттығу. Сөздердің қайсысында у әрпі дауысты, қайсысында дауыссыз дыбыстың таңбасы екенін айтып беріндер.

1. Сулы жер, ауыспалы егіс, уақытты үнемдеу, егін ору, шөп шабу, отты көсеу, ауа толқыны, уәдесінде тұру, рудаға бай, шөпті маялау.

2. Ашығу, туыс, астау, булану, бауыр, бұрқану, уақыт, молекула, аялдау, ақтарылу, ағызу, баулау, дуадақ, дауыс, жусан, уылдырық.

278-жаттығу. *Үй тапсырмасы.* У дыбысы дауысты болып келетін үш сөзге және у дыбысы дауыссыз болып келетін үш сөзге мысал ойлап табындар.

? *Сұрақтар мен тапсырмалар:*

1. **У** дыбысы дауысты ма әлде дауыссыз ба?
2. **У** дыбысы жуан дауысты ма әлде жінішке дауысты ма?

105-с а б а к

Ы, І ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

1-тапсырма. Мына сөздерді салыстыра оқып, айырмашылығын біліп алыңдар.

Іні	Ыдыс
Ін	Ырыс
Сіңлі	Ыстық
Кірпі	Ынта

2-тапсырма. Сөз басында **ы** мен **і** келетін, сөз ортасында **ы** мен **і** келетін, сөз соңында **ы** мен **і** келетін сөздерге мысал жазыңдар.

1 **Ы, і әріптері буын талғамайды.**

Бұл әріптер сөздің барлық буындарында жазылады. Мысалы: *ынта, ілгек, ыстық, істік, дауыл, дәуір, орындық, өндіріс, жапырақ, жалынышты, өткірлік т.б.*


Кейбір сөздерге қосымша жалғанғанда, олардың түбіріндегі **ы**, **і** әріптері түсіп қалады.

1. *Халық, орын, мұрын, әріп, ерік, ерін, бөрік* сияқты т.б. сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, соңғы буындағы **ы**, **і** әріптері түсіріліп жазылады. Мысалы: *халық+ы= халқы, орын+ы= орны, мұрын+ы= мұрны, әріп+і= әрпі, ерік+і=еркі, ерін+і= ерні т.б.*


2. *Ойын, орын, жиын, қиын* деген сөздерге етістік тудыратын **а** жұрнағы жалғанғанда, түбірдегі **ы** әрпі түсіп қалады. Мысалы: *ойын+а=ойна, орын+а= орна, жиын+а=жина, қиын+а= қина.*

3. Сан есімдердің ішінен алты, жеті, екі сан есімдеріне **ау, еу, жұрнағы** жалғанғанда, соңғы **ы (і)** әріптері түсіріліп жазылады. Мысалы: *алты+ау= алтау, екі+еу= екеу, жеті+еу= жетеу.*


4. **Ы, (і)** әрпіне біткен етістіктерге **у жұрнағы** жалғанғанда, сөз соңындағы **ы (і)** әрпі түсіріліп жазылады. Мысалы: *тасы+у=тасу, оқы+у=оқу, қоры+у= қору, ірі+у=іру, телі+у= телу, кемі+у= кему т.б.*

 **279-жаттығу.** Құрамында **ы (і)** әрпі сақталған және қосымшалар жалғануына байланысты бұл әріп түсірілген, төмендегі сөздердің емлесін есте сақтаңдар. Бұларды қатыстырып сөйлем құрандар.

Жолдасына бұйыру, бұйрық беру, қорықпа, қорыққан, қорқыту, қорқақ, жігін айыру, айырмай ұстау, көп уақыт, уақтылы тамақтану, қырық дәптер, қырқыншы мектеп, қырықаяқ, малды айыру, пышақтың жүзі қайрылу, қайтару, қайырма жаға.

 **280-жаттығу.** Көшіріп, көп нүктенің орнына **ы, і** әріптерінің біреуін жазыңдар. Егер бұл әріптерді жазуға болмаса, көп нүктені алып тастап, біріктіріп жазыңдар.

1. Тонғандарың мына тұс-тұсындағы ау...лдарға барып, жылынып қайтыңдар. 2. *Сенің ау...лықның тұсында жиырма кісі бар (М. Әуезов)* 3. *Жақып ұзын бойын онша созбай, созалаңдап ор...нынан тұрды да, бөліп-бөліп екі-ақ ауы...з сөз айтты.* 4. Мұндайда ау...зын бағатын күзетші Мәмет карт та сөйледі. (*Ф. Мұстафин*)


 **281-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төмендегі **ы, і** әрпімен келген сөздерді оқып, жазылу орнына көңіл бөліңдер.

Мылтық, ғылым, ғалым, балым, балық, ағыз, тыс, арық, толық, мамық, семіз, тіл, күлкі, кітап, білім, тіс, жүріс, иіс, берік, көлік, інжу.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. **Ы, і** әріптері буын талғайды ма, жоқ па?
2. **Ы, і** әріптері қандай жағдайларда түсіріліп жазылады?

106-с а б а қ И ӘРПІНІҢ ЕМЛЕСІ

 **1-тапсырма.** **И** әрпімен келген сөзді **й** әрпімен келген сөздермен салыстырыңдар.

Ирек, ести, сөйлеу, ойла, ойна, иіс, ит, илеу, айт.

 **2-тапсырма.** **И** дыбысы қай сөзде жуан, қай сөзде жіңішке айтылады?

Ине, риза, иілу, инелік, жиын, жиналыс.

І *И* әрпі жалаң *и* дыбысының да, қосарлы *ый, ій* дыбыстарының да таңбасы ретінде қолданыла береді. **М ы с а л ы :** *кино, теннис, бригада* деген сөздерде *и* әрпі жалаң дыбысты (*и* дыбысын) таңбалайды. Бұл әріп *қи, жи, ылди, тасиды, тоқиды* деген сөздерде *ы+й* әріптерінің қосындысының таңбасы ретінде, ал *ки, киім, би, билеу, кемиді, ириді* деген сөздерде *і+й* әріптерінің қосындысының таңбасы ретінде қолданылады.

Қазақ тілінде *и* әрпі бірде жуан, бірде жіңішке дыбыстың таңбасы ретінде қолданылады. **М ы с а л ы :** *риза, Иса* деген сөздердегі *и* жуан да, *ине, икем* деген сөздердегі *и* жіңішке.

282-жаттығу. Көп нүктенің орнына **и, й** әріптерінің тиістісін қойып көшіріндер. **И** әрпінің қандай дыбыстардың орнына жұмсалып тұрғанын айтындар.

Ж ... нау, к ... ік, ұ ... ым, ... іс, қ ... ық, тұ ... ық, нас ... хат, б ... ік, қ ... ық, ... гілік, к ... ім, уақ ... ға, ... мек, х ... м ... я, к ... оск, Укра ... на, комба ... н, сү ... ек, мәден ... ет, сү ... ық.

283-жаттығу. Мына мақал-мәтелдерді жаттап алындар. **И, й** әрпі бар сөздерге көңіл аударындар.

Ине өткен жерден

Жіп өтер.

Иесі жоқтың — асы жоқ.

Иілген басты қылыш кеспес.


284-жаттығу. *Үй тапсырмасы.* Көп нүктенің орнына **у, и** әріптерінің тиістісін қойып көшіріндер де, олардың қай дыбыстардың таңбасы ретінде қолданылып тұрғанын айтындар.


1. Қабанбай жастайынан жаудың жа ... ыздығын көзімен көреді. 2. Жылқыға т ... ген шапқыншыларға қарсы айқаста көзге түседі. 3. Ол жа ... ға аттанбақ болғанда, қасына ешкім ермейді. 4. Бөгенбай, Еділ, Жайық, Сырдар...яны жаудан азат етті! 5. Қазақ тар ... хында өзіндік орны бар Бөгенбай туралы дастан, жырлар шығарылған. 6. Бірде екі адам да ... ласып, ханға келеді. («Қазақтың батырлары»)


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. **И** әрпі қандай дыбыстардың таңбасы ретінде қолданылады?
2. **И** дыбысы жуан ба, жіңішке ме?


107-сабақ
Я, Ю ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

 **1-тапсырма.** *Миуа, айуан, бейуақ, хайуанат, кейуана, диуана, қиуа* деген сөздердің дәл осылай жазылатынын біліп алындар және есте сақтандар.


 **2-тапсырма.** **Я** және **ю** әріптері қатысқан қанша сөз білетіндерінді сынап көріңдер.

 1. **Я** әрпі *й* және *а* дыбыстарының қосындысының таңбасы ретінде, ал **ю** әрпі *й* және *у* дыбыстарының қосындысының таңбасы ретінде барлық буында жазылады. Мысалы: *яғни, яки, аяқ, қоян, таяқ, аяз, таяныш, ясли, юбилей, аю, ою, кею, көрнею, юбка, қою.*

2. Орыс тілінен енген сөздерде **я, ю** әріптері дауыссыз дыбыстан кейін жазыла береді де, **я** әрпі жалаң *а* дыбысының, ал **ю** әрпі жалаң *у* дыбысының таңбасы ретінде қолданылады. Бұл жағдайда олар (**я, ю**) өзінің алдындағы дауыссыз дыбысты жіңішкертеді. Мысалы: *отряд, снаряд, сентябрь, полюс.*

 **285-жаттығу.** Мына сөздерді дауыстап оқындар. Оларды қатыстырып бірнеше сөйлем құрастырындар.


Аю, ою, жию, қию, мия, сия, дария, мая, бояу, тақия, ұя, аяз, пияз, жаю, сарғаю, қараю, кенею.

 **286-жаттығу.** Жұмбақтардың шешуін табындар. **Ю, я** әріптерімен келген сөздердің жазылуына көңіл аударындар.

1. Аяғы жоқ, қолы жоқ, көйлегі жоқ, қарны тоқ,
Құлағы мен көзі жоқ, жоқ тіпті қол мен аяғы,
Бірақ ғажап өнерпаз, мәнерлеп ою ояды.

2. Көк ала костюм киеді,
Күннің көзін сүйеді.

Шешуі: *қарбыз, аяз.*

 **287-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мына сөздерді көшіріп жазыңдар. И дыбысының айтылу ерекшелігіне назар аударыңдар.


Ерғали, Иманәлі, Иса, Сырдария, Науаи, иік, иіс, сабын, иіс су.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. **Я, ю** әріптері жалаң дыбыс па, әлде қосарлы дыбыс па?
2. Орыс тілінен енген сөздерде **я, ю** әріптері қандай дыбыстан соң келеді?


108-сабақ

Ә, Ё ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

 Ә және ё әріптері — орыс тілінен енген дауысты дыбыстар. Ё дыбысы й және о дыбыстарының бірігуінен жасалған. Ә және ё әріптері тек қана орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Мысалы: *электр, экран, эшалон, аэроклуб, шахтёр, шофёр, ёлка, слёт.*


 **288-жаттығу.** Төмендегі сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жазыңдар. Бұл сөздердің айтылуын, жазылуын есте сақтаңдар.

Экватор, экипаж, этаж, элеватор, элемент, этажерка, электр станция, аэроклуб, аэростат, аэродром, поэма, шахтёр, дирижёр, монтёр.

 **289-жаттығу.** Мына өлеңді жаттап алыңдар.

Аяз ата мерейі кең,
Құшағы — жаз, құлашы — дән,
Әр жыл сайын айтып өлең,
Ёлка сайын шырқайды ән.

(А. Тоқмағанбетов)

 **290-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мына сөздерді көшіріп жазындар. Олардың қалай жазылатынын есте сақтандар.

Жақия, тақия, баяу, ұя, аяз, пияз, аю, жаю, сарғаю, қараю, кенею.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Ә қандай дыбыс?
2. Ә дыбысын айтқан кезде дыбыстау мүшелері қызметінде қандай ерекшеліктер болады?
3. Ә дыбысы бар сөздерден мысал келтіріндер.
4. Ә дыбысы сөздің қандай буындарында келеді? Мысал келтіріндер.

109-с а б а қ ПЫСЫҚТАУ САБАҒЫ

Пысықтау үшін сұрақтар:


1. Дауысты дыбыстарды танудың негізгі белгілерін айттып беріндер.

2. Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінуі неге байланысты?

3. Қазақ әліпбиі нешінші жылы түзілген?


4. Дауысты дыбыстар ненің қатысына қарай жуан және жіңішке болып бөлінеді?

5. У дыбысы қай кезде дауысты, қай кезде дауыссыз болады?


 **1-тапсырма.** Сөздердегі жуан дауыстылардың орнына жіңішке дауысты дыбыстарды қойып, көшіріндер.


Үлгі: *жон-жөн.*

Жон, сұр, сыз, сан, тұз, тыс, ыс.

 **2-тапсырма.** Мына сөйлемдерден ашық және қысаң дауыстыларды тауып, ауызша айтып беріндер.

Аз сөйлеген — ақылды. Ағаш еккен — адамның досы. Анаң бір қолымен ұрып, бір қолымен сылар.

 **3-тапсырма.** Қайсы сөздер дұрыс жазылмай тұрғанын анықтандар.
Әріп, алтау, ерін, ойыны, тасу, кеміу, жетісу.


 **4-тапсырма.** Мақал-мәтелдерден у әрпін тауып, оның қай буында дауысты, қай буында дауыссыз болып тұрғанын айтыңдар.


Тәні саудың — жаны сау.
Ауру — астан.
Дау — қарындастан.
Ауру кісі күлкі сүймес.
Ауыр жүкті жылқы сүймес.
Туысы бірдің — уысы бір.

 **5-тапсырма.** Өткендерді қайталап оқыңдар. Өздеріңе ұнаған көркем әдебиеттегі кейіпкерге хат жолдандар.

110—111-сабақтар БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

112-сабақ ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

 **1-тапсырма.** Мына сөздерді алфавит ретімен жазып көрсетіндер.
Арыстан, қоян, түлкі, кірпі, ит, түйе, сиыр, жылқы, бота, құлын, бұзау, қозы, лақ.

 **2-тапсырма.** Б, в, г, ғ, д, ж, з, у, т, р, с, ф, х, к, қ, ш, р, л, й, м, н, ң дыбыстарын айтып көріндер. Қай дыбыс қайсы дыбыстау мүшесі арқылы жасалатынына көңіл бөліндер.

 **1** Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыздар дейміз.

Дауыссыз дыбыстар мыналар: *л, р, й, м, н, ң, у, б, в, г, ғ, д, ж, з, һ, п, т, с, к, қ, х, ф, ц, ш, ч, ы.*

Дауыссыздарды айтқанда өкпеден шыққан ауа дыбыстау мүшелерінің бірінің кедергісіне ұшырайды. Осыдан салдыр пайда болады. Дауыссыздар дауыс пен салдырдың қатысына қарай **қатаң, ұяң және үнді** болып үш топқа бөлінеді.


1. Қатаң дауыссыздарда дауыстың қатысы болмайды, тек қана салдырдың қатысынан құралады. **Қатаң дауыссыздар мыналар: п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, х, ч, ц.**

2. Ұяң дауыссыздар дауыс пен салдырдан құралады. Оларда дауыстан салдыр басым болады. **Ұяң дауыссыздар мыналар: б, в, г, ғ, д, ж, з, һ.**

3. Үнді дауыссыздар да дауыс пен салдырдан құралады, бірақ оларда салдырдан дауыс басым болады. **Үнді дауыссыздар мыналар: р, л, й, у, м, н, ң.**

Дауыссыз дыбыстардың кестесі


Қатаң	п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, х, ч, ц
Ұяң	б, в, г, ғ, д, ж, з, һ
Үнді	р, л, й, у, м, н, ң

 **291-жаттығу.** Мәтінді оқып шығындар, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардан басталған сөздерді ажыратып айтып беріндер.

ТҮЛКІ МЕН ҚАРҒА

Түлкі: — Амансың ба, қарға? Сен, қандай сұлусың?! Қанатың қандай әдемі, тұмсығың қандай жылтыр?! Сенің даусың да тым жақсы болар. Жақсылап бір сайрашы, мен тындайын, — деді. Мақтаншақ қарға аузын үлкейте ашып, қарқ етті. Аузындағы ірімшік жерге түсті. Ірімшікті түлкі қағып алып:

— Қош, ақымақ қарға, — деп жүріп кетті. Ақымақ қарға ірімшіксіз қалды.


 **292-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, оқып шығындар. Сөздердің қайсысына қатаң, қайсысына ұяң дауыссыздарды қойғандарынды айтындар.

1. (т-д); биік ...ау, бітпейтін ...ау, ыдысындағы тамақты т...уыс, әдемі ...ауыс, бір ...оп жылқы, ...оп ойнау;

2. (ш-ж); арасына ...ек қою, біреуді ...ек көру, кесек қантты ...ағу, пешке от ..ағу, ... ағала көлге қонды, сен өзен бойын ...ағала;

3. (с-з); бо... уақыт, бо... көде, ке...ек күту, ке...ек тас, жа... адам, жауынды жа..., жерге қа...ық қақты, күміс қа...ық,;

4. (п-б); қымыз са...ыр, са...ыр ет, ..іл ыстық жақта өмір сүреді, сабағыңды жақсы ...іл.

 **293-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген сөздерді үш бағанға бөліп жазыңдар. Бірінші бағанға — қатаңнан, екінші бағанға — ұяңнан, үшінші бағанға үндіден басталған сөздерді теріп жазыңдар.


Үлгі:	Қатаң	Ұяң	Үнді
	Қасық	Бала	Нан.


Бағдат, вагон, гүл, ғалым, Дариға, Зейнеп, Жаңылхан, Майра, нан, паң, пайда, тас, су, көк, қор, фабрика, цирк, шаш, чек, ащы, банк, қаржы.

113-с а б а қ

К, Қ, Г, Ғ, Х ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ


 **1-тапсырма.** **К-қ** және **г-ғ** әріптерінен басталатын бірнеше сөзді айтыңдар.

 **2-тапсырма.** **Қ** мен **ғ** әріптері жуан сөздерде, **к** мен **г** әріптері жіңішке сөздерде кездесетінін біліп алыңдар.


 1. Қазақ тілінде **қ-к**, **ғ-г** дауыссыздары жуан және жіңішке түрінде жұп құрайды. Дауыссыз **қ** — жуан да, оның сынары **к** дыбысы — жіңішке. Сондай-ақ, **ғ** дыбысы — жуан да, **г** дыбысы — жіңішке дауыссыз.

Қазақ тілінің төл сөздерінде **қ**, **ғ** дауыссыздары жуан дауыстылармен тіркесіп қолданылса, **к**, **г** дауыссыздары жіңішке дауыстылармен тіркесіп қолданылады. Мысалы: **қасық**, **қоңыр**, **қызыл**, **қоныс**, **ағару**, **тағалау** деген сөзде **қ**, **ғ** дауыссыздары бір өңкей жуан дауыстылармен тіркесіп тұр. Ал **күн**, **күміс**, **күзетті**, **кендір**, **көгершін**, **егіс**, **шегелеу** деген сөздерде **к**, **г** дауыссыздары бір өңкей жіңішке дауыстылармен тіркесіп тұр.


2. **Х** әрпі басқа тілден енген сөздерде (мысалы: **хат**, **хал**, **халық**, **тарих**, **асхана т.б.**) және кісі аттарында (**Ахмет**, **Хамит**) жазылады.


 **294-жаттығу.** Мына сөздерді оқып, **к, қ, ғ, г** дыбыстарының қайсылары жуан сөздерде, қайсылары жіңішке сөздерде келгеніне көңіл бөліңдер.

Қаламқас, кеменгер, ғалым, Гүлсім, Фалия, Гүлнар, Гүлбану, гүл, білгіш, сүзгіш, егістік, егіс, Ғали.

 **295-жаттығу.** Көп нүктенің орнына **х** немесе **қ** әріптерінің тиістісін қойып сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Кішкентай Әлі ұста...анаға жақындаған сайын көңілденіп жүре берді. 2. Әр кезде сол есіктен баж етіп шала жанған көмір, темір ұш...ындары ат...ып шығады. 3. Еңбек адамның жанын бәле-жаладан са...тайды ғой. (Д. Досжанов) 4. Шаш шаһарында тұрғанда Әбу Насыр әл-Фараби ша...тың бау-бақшасын күтіп-баптапты. 5. Бақшадағы ...ауыз жанында бағдат кілемше үстінде, құс жасты...қа шынтағымен сүйеніп, ол ой үстінде отырады.

 **296-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген «**қ** дыбысы» деп аталатын сөзжұмбақты шешіндер.




 **Сұрақтар мен тапсырмалар**


1. **К, қ, ғ, г** дыбыстары буын талғайды ма әлде жоқ па?
2. **К, ғ** және **к, г** дыбыстарының айырмашылығы қандай?

114-сабақ

Б, В, Г, Д ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

 **1-тапсырма.** Мына буындардан сөздер құрандар.




 **2-тапсырма.** Мына сөздерді дауыстап оқындар. Баян, Бақыт, болашақ, борсық, бота, дала, дана, дағды, дағдарыс, вагон, Волга.

1 1. Дауыссыз *б, д* дыбыстары қазақ тілінің төл сөздерінде сөздің басында да, ортасында да қолданыла береді. Мысалы: *балапан, бағбан, бастау, бұрау, булану, дала, дайындау, дабыл, дақыл, дауласу, дауыл, абайлау, төбе, тебен.*

2. Дауыссыз *в* дыбысы орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Мысалы: *вагон, вазелин, вокзал, волейбол, авария, август, автобус, автоколонна.*

3. Дауыссыз *б, в, г, д* дыбыстары қазақ тілінің төл сөздерінде сөз аяғында келмейді. Тек орыс тілінен енген сөздердің ғана соңында қолданылады. Мысалы: *клуб, штаб, микроб, архив, педагог, округ, наряд.* Сөз соңындағы ұяң *б, в, г, д* дыбыстары қатаң *п, ф, к, т* дыбыстары түрінде айтылып, қосымшалардың басқа дауыссыз дыбысы қатаң болып жалғанады. Мысалы: *клубтың, клубқа, педагогтар, педагогтың.*

 **297-жаттығу.** Мына сөйлемдерден **б, д** әріптерінен басталып жазылған сөздерді ғана теріп жазындар.

Бала атаулының жаз болады десе, ерекше сағынатыны — бүлдірген. Бірақ Бақанастың өз өңірінде ол өспейді.


Бүлдірген дегенде, Абай да елең етіп, сұрастыра бастап еді. Тәкежан жаңа ат үстінде жүріп естіпті. Тәкежан осыны айтқанда, жаңағы көп бала алаңдап:

— Жүр ендеше, барайық!

— Барып теріп қайтайық!


— Иә, сәт, бүлдірген, бүлдірген! — десіп ойнақ салды.

(М. Әуезов)

 **298-жаттығу.** Көп нүктенің орнына **д, т** дыбыстарының тиістісін қойып, жаттығуды көшіріңдер.

1. Киіміне қарайған ...ақ түсіпті. Жұп сан емес, ... ақ сан.
2. ...аулы мәселе, ...аулы жер. 3. Жаңа ...әуір адамдары. Ол

наукасынан ...әуір болды. 4. Үйдің іші адамға ...олы екен. Ол — ...олы адам. 5. Оның мінезі шы ... ыр еді. Үйдің ша ... ыры көк сырмен боялған.

 **299-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Мына сөздерді дауыстап оқып, көшіріп жазындар. **Б, в, г, д** әріптерінің сөздің қай жерінде келетініне назар аударындар.

Бота, Бағлан, болашақ, борсық, бота, дала, дана, гүл, дағды, дағдарыс, вагон, Волга, дүлдүл, бақа, балға, дүкен, дүлей.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. **Б, б, г, д** дыбыстары қазақтың төл сөздерінің сөз аяғында келе ме?
2. Сөз соңында келетін ұяң **б, в, г, д** дыбыстары қалай айтылады?

115-с а б а қ

Ф, Ц, Ч, Щ, ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ


 **1-тапсырма.** Спорт ойындарының аттарын табындар.

 **2-тапсырма.** Туған жер туралы бір шумақ өлең жазып көріңдер.


 1. **Ф, ц, ч, щ** әріптері орыс тілінен енген сөздерде және кісі аттарында кездеседі. Мысалы: *фабрика, авиация, центнер, очерк, борщ, буфет, щи, Хафизов, Музаффар, Фархат* т.б.

2. **Щ** әрпі қазақтың байырғы сөзінде, мәселен, *ащы, тұщы, кеңсе* сөздерінде жазылады.


3. **h** дыбысы санаулы сөздерде ғана жазылады. Мысалы: *қаһар, қаһарман, қаһарлы, гауһар, жиһан, еһе, уһ, уһлеме* т.б.

 **300-жаттығу.** Құрамында **ф, ц, ч, щ** әрпі бар төмендегі сөздердің мағыналарын анықтап, көшіріп жазындар да, олардың емлесін есте сақтаңдар.

Асфальт, цирк, цемент, чек, форточка, тумбочка, чемпион, чемодан, щетка, футбол, фабрика.

 **301-жаттығу.** Мына сөйлемдерден **ц** әрпі бар сөздерді тауып, көшіріп жазындар.


Инженер циркуль, сызғыш алып, жоба жасады. Бұл — жаңа цехтың жобасы. Құрылысқа екі машина цемент түсірілді. Құрылысшылар фундамент құяды. Оспан цифрларды әдемі жазады. Ташкентке хайуанаттар циркі келді.

 **302-жаттығу.** Төмендегі сөздерді оқып, мағыналарын анықтаңдар, оларды қатыстырып бірнеше сөйлем құрастырындар.

Цемент. Цирк. Циркуль. Фуфайка. Целлофан. Конференция.


116-сабақ

ҚОСАРЛЫ ДАУЫССЫЗДАР ЕМЛЕСІ

 **1-тапсырма.** *Металл, грамм, киловатт, прогресс* сөздерінің қалай жазылатынын біліп алындар.

 **2-тапсырма.** Мына сөзге әр түрлі қосымша қосып көріндер.


(дан) (дың) (Металл) (ы)
(ды) (да)

 1. Қосарлы *сс, лл, тт, мм* дыбыстарына біткен сөздер түбір қалпында өзгеріссіз жазылады. Мысалы: *прогресс, металл, киловатт, грамм*. Орыс тілінен енген бұл сөздерге қосымша жалғанғанда, қос дауыссыздың соңғы сыңары түсіп қалады. Мысалы: *прогресс — прогрестің, прогресі; металл — металдың, металға, металы; грамм — грамнан, грамды, грамы; киловатт — киловатқа, киловаты*.

2. *нд, мп, кт, нг, мб, ск, фт* дыбыстарының тізбегіне біткен сөздер түбір күйінде өзгеріссіз жазылады. Оларға дауыссыз дыбыстан басталған қосымшалар *ы* немесе *і* дәнекері арқылы жалғанады. Мысалы: *фонд — фондыға, штамп — штампына, ромб — ромбыға, киоск — киоскіде, шрифт — шрифтімен*.

3. *Ст, сть, зд* дыбыстарының тізбегіне біткен термин сөздер түбір күйінде сол қалпында жазылады. Мысалы: *трест, ведомость, поезд, разъезд*. Бұл сөздерге қосымшалар жалғанғанда, соңғы *т, ть, д* дыбыстары түсіріліп жазылады. Мысалы: *треске, ведомосы, пойызбен*.

4. Соңғы дыбыстары *ог, уг* болып келген сөздерге және *рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, нкт, кль, брь, бль* сияқты тіркес дыбыстарға біткен сөздерге қосымшалар әрдайым жіңішке түрде жалғанады. Мысалы: *педагогтер, педагогі, геологке, фактісі, пункті, пункттер, бинокльмен т.б.*


 **303-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, жаттығуды көшіріңдер. Емлесі қиындық келтіретін сөздерді орфографиялық сөздіктен қараңдар.

1. м — мм: гра...атикалық талдау, мақтау гра...отасы, радио хабарларының бағдарла...а, екі килогр... кант, төрт жүз гра...ды бөлу, жолдасынан телегра...а алу.

2. л — лл: бағалы мета..., мета...ды көп өндіру, ауыр арти...ерия, сурет га...ереясы, криста...дай таза, үлкен ко...екция.

 **304-жаттығу.** Төмендегі сөздерге қосымша жалғап жазыңдар.

Конгресс, август, миллиграмм, турист, альпинист, разъезд, ведомость, журналист, подъезд, ватт, прогресс, тракторист.

 **305-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төмендегі сөздерді оқып, мағыналарын анықтап, оларға септік жалғауының қосымшаларын үлгі бойынша жалғап жазыңдар да, қосымша жалғанғанда, түбірдің соңғы дыбыстарының қатанданып айтылатынына көңіл аударыңдар.

Үлгі: *каталог — каталогқа*

Каталог. Аэроклуб. Биолог. Микроб. Метеоролог. Драматург. Йод. Лимонад. Масштаб. Миллиард. Рекорд.

117-сабақ

АЙЫРУ (Ъ) ЖӘНЕ ЖІҢШКЕЛІК (Ь) БЕЛГІЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

1 Айыру (ъ) және жіңішкелік (ь) белгілері орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Мысалы: *съезд, разъезд, подъезд, адъютант, альбом, фильм, альманах, роль, руль т.б.*

Сөз жіңішкелік белгісіне (ь) бітіп, оған дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, жіңішкелік белгі сақталып жазылады. Мысалы: *токарьға, токарьдың, токарьмен.*

Жіңішкелік белгісіне біткен сөздерге жалғанған қосымша дауысты дыбыстан басталса, онда түбір соңындағы жіңішкелік белгі түсіп қалады, жазылмайды. Мысалы: *ролі, биноклі, ансамблі.*

306-жаттығу. Мына сөздерді көшіріп жазыңдар:

Апрель, январь, сентябрь, июль, фильм, подъезд, разъезд, бюллетень, медаль.

307-жаттығу. Төмендегі сөздерді оқып шығыңдар. Оларға алдымен дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалар, екінші жолы дауысты дыбыстан басталатын қосымшалар жалғап көріндер. Екі түрлі қосымшалар жалғанғанда қандай өзгерістер болғандығын түсіндіріңдер.

Рояль. Бинокль. Туннель. Фонарь. Спектакль. Дирижабль. Мебель. Автомобиль.

308-жаттығу. Мына мақалдарды көшіріп жазыңдар және жаттап алыңдар.

Игі істер өлмейді, ізгі ойлар өшпейді. Жақсымен сөйлессең, балға шекер қатқандай. Жаманмен сөйлессең, итке сүйек атқандай. Кісі көркі — жүз, жүздің көркі — көз, ойдың көркі — тіл, тілдің көркі — сөз.


118—119-сабақтар БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

120-сабақ


БУЫН

 **1-тапсырма.** Төмендегі сөздерді буынға бөліп жазыңдар.

Қағаз, қалам, қаламсап, саяхатшы.


 **2-тапсырма.** Мына сөздерде қанша дауысты дыбыс, қанша дауыссыз дыбыс бар екенін айтыңдар.

Жоғары руханият — жеңілмес күш.


 Сөз буынға бөлінеді. **Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.** Мысалы: *Тор-Фай* (екі буынды сөз), *о-қу-шы* (үш буынды сөз).

Дауыссыз дыбыстардың ешқайсысы да өздігінен, яғни дауысты дыбыссыз буын жасай алмайды. Буынның жасалуы үшін дауысты дыбыстың болуы шарт.

Дауысты дыбыс жеке тұрып та, дауыссыз дыбыспен тіркесіп те буын құрай алады. Мысалы: *ы-дыс, а-ға, е-гін-ші-лік.*

 **309-жаттығу.** Мына сөздерді буынға бөлінген күйінде оқып шығып, көшіріп жазыңдар.

Дәп-тер, қар-лы-ғаш, ұ-зақ, сыз-ғыш, кі-тап, ө-шір-гіш, мұ-ға-лім, ға-лым, қа-ла, а-на, а-та, а-па, ә-же, ше-ше, ба-ла, ой-на, о-қы.


 **310-жаттығу.** Өлеңнің әр сөзін буынға бөліп, дұрыстап оқыңдар, көшіріп жазыңдар.

ТҰЛПАР

Тұлпарыма қарасам,
Танадай көзі жайнайды.
Аққудай мойны иіліп,
Қазығында ойнайды.


Тоқымы — жібек, ері — алтын,
Ауыздығын шайнайды.
Үзеңгісі сыңғырлап,
Қарасам көзім тоймайды.

(Жамбыл)

 **311-жаттығу.** Сөздерді буынға бөліп оқып шығындар. Алдымен бір буынды сөздерді, онан кейін екі буынды сөздерді, ең соңында көп буынды сөздерді көшіріп жазындар.


Жаз, жайлау, жиналыс, суландыру, уақыт, аудан, өр, ылди, коюлану, ұялшақ, бассейн, ұйымдасу, төрт, төрттік, бұлттану, жәрдемдесу, ою, сай, сая, саяхат.

121-с а б а қ БУЫННЫҢ ТҮРЛЕРІ

 **1-тапсырма.** Графикалық ойын. Бұл ойынды ойнау үшін дауысты дыбыстарды (□) төртбұрыш, дауыссыз дыбыстарды (△) үшбұрыш деп шартты белгімен белгілеп аламыз. Тақтаға осындай белгілер бар оқушыларды шақырамыз. Мысалы: △ □ △, △ □. Осы графика бойынша буындар құрастырамыз. Сендер де ойнап көріңдер.

 **2-тапсырма.** Мына сөздерді буынға бөліп жазындар. Буындардың әр түрлі дыбыстардан құралғанына көңіл бөліңдер.

Торғай, карт, бұлбұл, бағбан, сушы, жол, көш, шақ, қақпан, сілеусін, жолбарыс, шырша, жеміс, жабдық.


 **1** Дауысты және дауыссыз дыбыстардың өзара алмасып келуіне қарай қазақ тілінде буын үш топқа бөлінеді: **ашық буын, тұйық буын және бітеу буын.**

Бір ғана дауысты дыбыстан жасалған немесе дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбыспен аяқталған буынды ашық буын дейміз. Мысалы: а-на, а-та.

Дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбыспен аяқталған буынды тұйық буын дейміз. Мысалы: ақ, өң, ат, із, ай, ін.


Дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбыспен аяқталған буынды бітеу буын дейміз. Мысалы: жең, қол, көз, моншақ.

Бітеу буын төрт дыбыстан да құралуы мүмкін. Мұнда бітеу буынның соңғы екі дыбысы дауыссыз болып келеді. Оның ең соңғы дыбысы қатаң болып, оның алдында үнді дауыссыз тұрады. Мысалы: *қант, бұлт, төрт, сырт, қарт.*


 **312-жаттығу.** Төмендегі сөйлемдерден ашық, тұйық және бітеу буынмен келген сөздерді бөлек-бөлек топтап жазыңдар.

Үлгі: *мал, жаз (бітеу буын).*

Жегісу аймағын қазақ, қырғыз елі қанаттаса мекендейді. Халқының негізгі кәсібі — мал, егін шаруашылығы. Бұл маңның егіні суармалы, оның үстіне жері құнарлы. Алатау аңғарларының шөбі шүйгін, мал қонысына мейлінше жайлы. Адамдар жаз айларында малдарын таудағы жайлауға шығарады. Тауға үйренген мал құз, қияны қапталдап, биік таулардың үстіндегі көкмайсаға жайылады.

 **313-жаттығу.** Сөздерді буынға бөліп көшіріңдер. Ашық буындарды тауып, астын сызыңдар.

Әже, кеме, көмір, желке, жеміс, жаға, тағалау, қамыс, қала, мойында, алты, жеті, өкпе, асау, келте, қызылша, қалта, көлеңке, терезе, ұйқы, сіріңке, үзенгі, әңгіме, бетеге.

 **314-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* «Мектебім — мақтанышым» деген тақырыпқа шағын мәтін түзіңдер. Мәтінді дәптерге буынға бөліп көшіріңдер.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Сөздерді буынға неге байланысты бөлеміз?
2. Қандай сөздер буынға бөлінбейді?
3. Төмендегі сөздерге буын қосып жазыңдар.

Үлгі: *жолау-шы-лар-ға, кө-ше, оқу.*


122-с а б а қ ТАСЫМАЛ

 **1-тапсырма.** Жұмбақты оқып, оның шешуін табыңдар.

Аппақ қардай тоны,
Күжірейген жоны,
Көзі қызыл моншақ,
Білесің бе оны?

 **2-тапсырма.** Сөздерді буынға бөліңдер.

Ұйқышыл, еріншек, достық, қазына.

 Жазғанда жолға сыймаған сөздің бөлегі екінші жолдың басына жазылады. Оны **тасымал** дейді. Тасымал кішкене сызықша (-) арқылы белгіленеді.


Сөз буынға бөлініп тасымалданады. Мысалы: *дәрігер*.

Бір әріптен болған буынды тасымалдауға болмайды. Мысалы: *а-ға, а-та, ә-ке, ә-же* деген сөздердегі және *а, ә* дыбыстарынан болған буындарды сол жолға тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ бір буынды сөздерді де тасымалдауға болмайды. Мысалы: *ат, қой, бар, жең*.


АҚШ, БҰҰ, ТМД, ТМПУ сияқты бас әріптерден қысқарған сөздерді бөліп, бір жолдан екінші жолға тасымалдауға болмайды.

Кісі аттарының қысқартылып алынған әріптерін фамилиядан айырып тасымалдауға болмайды. *А* әрпін жазып келе жатқан жолға қалдырып, *Құнанбаев* дегенді келесі жолға тасымалдауға болмайды.

Сан есімдерден кейінгі қысқарған сөздерді және цифрдан кейінгі қосымшаны цифрдан айырып тасымалдауға болмайды. Мысалы: *25 см, 30 га* дегендегі *см, га* дегендерді алдындағы сандардан бөліп, келесі жолға көшіруге болмайды.

 **315-жаттығу.** Төмендегі сөздерді қалай тасымалдауға болатынын дефиспен (-) бөліп көрсетіндер, тасымалдауға келмейтін сөздерді бөлмей көшіріндер.

Ақын. Еңбек. Арыстан. Келешек. Адамгершілік. Уақиға. Ынта. Ынтымақ. Жіңішке. Бұрын. Қыркүйек. Қуат. Суат. Ұялу. Қиын. Мойын. Аяу. Ауыл. Плакат. Сантиметр. Үскірік. Киім. Грамматика. Электр. Элеватор. Елу. Алпыс. Берік. Ірі.

 **316-жаттығу.** Оқып шығып, тасымалдауға келмейтін сөздерді атаңдар. Қара әріппен берілген сөздерді тасымалдап, мәтінді көшіріп жазыңдар.

ТАРЫ

Бөлтірік біраз адамның басын қосып, Шу бойына **тары** егеді де, мол өнім алады. Бір саудагер бай бұлардан тары

сатып алуға келеді. **Бөлтірік** өз тарысын қызылдап алады да, **ұшығын** бөлек жинап қояды. Саудагер бес-он метр бөз, шит, бірді-екілі шай, шақпақ кант, айна-тараққа шаруалардың қап-қап тарысын арзан алып, кірекеш жігіттері арқылы шаһарға жөнелтіп жатады. Кезек Бөлтірікке келеді. Бөлтірік бөлек жинап қойған тары **ұшығын** байға көрсетеді. Саудагер ұшықты уыстап көріп:

— Бұл қандай тары? — деп сұрайды. Сонда Бөлтірік:


— Бұл өзі ұрығы бөлек **сопақ** тары,

Су түбінде жатпайтын **қопақ** тары.

Алты қабын артсақ да ауыр болмайды,

Артқан түйең **ешқашан** жауыр болмайды, — деп мақтай жөнеледі.

(«Қазақтың би-шешендері» кітабынан)

 **317-жаттығу.** Мына өлеңді оқып, ішіндегі сөздерді қалай тасымалдауға болатынын айтындар.

ЖАҚСЫЛЫҚ БІРЕУ СЫЙЛАСА

Жақсылық біреу сыйласа,
Сен де сыйла басқаға.
Біреуге біреу қимаса,
Шығады қайдан жақсы аға?!
Жаны жақсы ағаның
Етегін баспа, жолын қу!
Болайын деген баланың,
Бетін қақпа, белін бу!


(Ө. Тұрманжанов)

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Ашық буын деп қандай буынды айтады?
2. Тұйық буынға мысал келтіріңдер.
3. Бітеу буын қалай жасалады?

123-с а б а қ


ОРФОЭПИЯ МЕН ОРФОГРАФИЯ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

 **1-тапсырма.** Мына сөздердің айтылуы мен жазылуында айырмашылық бар екенін аңғарындар.

айтылуы	жазылуы
жасса	жазса
сүссе	сүзсе
сөшшең	сөзшең
жұмышшы	жұмысшы

 **2-тапсырма.** Мына сөздердің айтылуы мен жазылуында айырмашылық бар ма?

Шәйнек, әке, бала, тақта, шешендік, білгір, көркем.

 Ойымызды ауызша түрде де, жазбаша түрде де білдіре аламыз. Осыған орай сөздердің ауызша түрі мен жазбаша түрі болады. Мысалы: **жұлдыз, өнеркәсіп** деген сөздер мен **торы ала ат, ақ ешкі** деген сөз тіркестерін осында көрсетілген түрінде жазамыз да, ауызекі сөйлеуде оларды *жұлдуз, өнөргәсіп, тор ала ат, ағ ешкі* түрінде айтамыз.

Сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуы да, жазылуы да қалыптасқан дағды мен заңдарға негізделген. Мысалы: *жұлдыз* сөзінің бірінші буынындағы еріндік дыбыстың (ұ) әсерінен екінші буындағы езулік дыбысы (ы) еріндік (ү) болып айтылса, *өнеркәсіп* деген біріккен сөздің алдыңғы сынарының соңындағы үнді дыбыстың (р) әсерінен екінші сынарының басқы қатаң дыбысы (к) ұяң (г) болып айтылады.


Демек, сөздердің айтылу заңдары (орфоэпиясы) мен жазылу заңдары (орфографиясы) болады, оларды бір-бірінен ажырата білу керек.

Сөздерді дұрыс айту жайындағы ережелердің жинағы орфоэпия деп аталады.


Ауызекі тілде сөздердің айтылу дағдысы мен қағидаларын сақтап сөйлеу қаншалықты қажет болса, жазба тілде сөздердің жазылу дағдысы мен қағидаларын сақтап жазу да соншалықты қажет.

Сөздерді дұрыс жазу жайындағы ережелердің жинағы орфография деп аталады.

Сөздердің айтылуы мен жазылуы бір-біріне сай келуі де, келмеуі де мүмкін. Мысалы: *астық, тоғай* деген сөздердің, *кең дала, биік тау* деген сөз тіркестерінің айтылуы мен жазылуы бір-біріне сай келеді. Ал *жоңышқа, жанбады, қолбасшы, шекара* деген сөздермен *ақ лақ, кері ат* деген сөз тіркестері осында көрсетілген түрде жазылады да, сөйлеуде *жонұшқа, жамбады, қолбашшы, шегара, ағлақ, кер ат* түрінде айтылады.

 **318-жаттығу.** Төмендегі дара сөздер мен күрделі сөздердің жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықты түсіндіріңдер.

Күндыз, күндіз, жазса, жаз сайын, жас шағында, көнбіс, сәнқой, өзенге кел, сары ала, тоқтай қал, Күмісжан, бүгінгі өмір, күнбе-күн, Жанпейіс, күлдіргі.


 **319-жаттығу.** Көп нүктенің орнына төменде көрсетілген әріптердің тиістісін қойып көшіріңдер. Сөздердің жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықты айтып, оның неден болатынын түсіндіріңдер.

1. н — м: от жа...бады, шам сөн...беді, бір жа...бастап жату, жа... басына бөлгенде, кү... батыстан жел тұру, кү...бағыс егу, шөлі қа...бау, Тұрсы...бектің кітабы.

2. н — ң: тү...гі жаңбыр, жасы тоқса...ға келу, сә...қой еді, на...ға бару, кү...ге күй, дәрігерге көрі...ген еді.

 **320-жаттығу.** Төмендегі сөздерді айтылуы бойынша жазып шығыңдар. Айырмашылығы қай дыбыста екенін түсіндіріңдер.

бойкүйездік —	жүрек ойнау —
жүріскер —	қазтабан —
жүрек жұту —	қайнар көз —

 **321-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Оқып шығып, тасымалдауға болатын сөздерді бір бөлек, тасымалдауға келмейтін сөздерді бір бөлек жазындар.


Ана. Әке. БҰҰ. Бөлме. Түбір. Орасан. Зеңгіата. 15 см. М. Мақатаев, АҚШ, ТМД, Қаз ҰПУ, пединститут, медколледж.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Тасымал дегеніміз не?
2. Қандай жағдайларда сөздерді тасымалдауға болмайды?


124-с а б а қ

ЕКПІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

 **1-тапсырма.** Мұғалімнің көмегімен орыс тіліндегі *замók, зáмок* және *мúка, мука́* сөздерінің айырмашылығын біліп алындар.

 **2-тапсырма.** Мақалды дұрыстап оқып шығындар.

Ақымақ тойынса,
Туысын танымайды.
Ақылды тойынса,
Табысынан жаңылмайды.

 **Сөйлеп тұрғанда, бір сөз басқа сөздерге, бір буын басқа буындарға, бір дыбыс басқа дыбыстарға қарағанда көтеріңкі айтылуын екпін дейміз.**

Екпін сөз екпіні, ой екпіні, тіркес екпіні, дыбыс екпіні болып бөлінеді.

Екі немесе одан да көп буынды бір сөздің ішіндегі бір буынның көтеріңкі айтылуы сөз екпіні деп аталады.


Қазақ тіліндегі сөз екпінінің орны тиянақты болады: екпін сөздің ең соңғы буынына түседі. **Мысалы:** *Оқушылар қысқы демалысқа шықты.*

Сөйлем ішіндегі ерекше көңіл аударылуға тиісті болған бір сөзді онашалап, бөліп айту ой екпіні деп аталады.

Мысалы: *Атасы* бүгін ауылға келді.
Атасы ауылға *бүгін* келді.
Ауылға бүгін атасы келді.

Тіліміздегі бірнеше сөз тізбектеліп барып түгелімен бір ғана екпінге ие болады. **Екпіннің мұндай түрі тіркес екпіні деп аталады.** Мысалы: *тәлім-тәрбие, ата-ана, оқу үшін, қырық шақты, көп сөйледі, тез айтты.*


Бір сөздің ішіндегі бір дыбысты көтеріп не созып айту тәсілі дыбыс екпіні деп аталады. Қуанышты көңіл күйді дауысты дыбыстарға түскен екпін білдіреді: *та-маша-а, бә-әрежелді, жара-а-йсың* т.б.

 **322-жаттығу.** Берілген сөздердегі екпін қай буынға түскенін анықтандар.

Айтайын, айтпа, балалық, барма, тастай, оқушымын, оқтай, көрейік, айтшы, сызба, адамбыз, мұздай.

 **323-жаттығу.** Ой екпінін түсіру мақсатында мына сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырып көріндер.


Олар ертең тауға бармақшы.

 **324-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төмендегі сөздерде екпін қай дыбысқа түскенін анықтап, қандай көңіл күйді білдіретінін айтындар. Өздерің сондай көңіл күймен бірнеше сөз айтып көріндер.

Ғажа-а-ап, кірі-і-ңіздер, о-ойпырма-ай, ә-ә-әдемі, с-сұмдық, кет-т, ж-жоғал, былай тұр-р, қысқарт-т.

125-с а б а қ

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ ТУРАЛЫ


 **1-тапсырма.** Мына сөздерге тиісті қосымшаларды қосып жазындар.

көшет	-тар
дала	-лер
қаз	-тер

қасық	-лар
көл	-дар
көше	-дер

 **2-тапсырма.** Төмендегі сөздердің түбірі мен қосымшасын бөліп жазындар.

Қазыққа, жолсерікті, наубайдың, сағатты, теледидардың, ыдыстар.


 Түбір мен қосымшаның аралығындағы немесе сөздердің аралығындағы дыбыстар бір-біріне ықпал етіп, өзара үндесіп айтылады. Мысалы: *тастан, жезден* деген сөздердің құрамындағы *-тан, -ден* қосымшасының екеуі де — шығыс септігінің жалғауы. Сөзге бір қосымшаның екі түрлі болып жалғану себебі мынада:

1) *тас* сөзіне шығыс септік жалғауының (*-тан*) жуан түрде жалғануы түбір сөздегі дауыстының (*a*) жуан болуынан да, *жез* сөзіне осы жалғаудың (*-ден*) жіңішке түрде жалғануы сөздегі дауыстының (*e*) жіңішке болуынан.

2) *тас* сөзіне шығыс септік жалғауының қатаңнан (*m*) басталып жалғануы сөз соңындағы дауыссыздың қатаң (*c*) болуынан да, *жез* сөзіне осы жалғаудың ұяңнан (*d*) басталып жалғануы сөз соңындағы дауыссыздың ұяң (*z*) болуынан.

Түбір мен қосымшаның және сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап, өзара үйлесіп айтылуын үндестік заңы дейміз.

Үндестік заңы екі түрлі болады: оның бірі — **буын үндестігі**, екіншісі — **дыбыс үндестігі**.

 **325-жаттығу.** Төмендегі сөздер мен сөз тіркестеріндегі үндескен дыбыстарды көрсетіндер.

Ұшқышсың. Көшке. Торы қасқа ат. Жаңа дала. Бүгін. Құндыз. Күлдіргі. Күңгірт. Бұрын. Бөлшек. Төртеу. Өлке.

326-жаттығу. Бір-біріне ықпал етіп тұрған дыбыстардың астын сызып, сөздер мен сөз тіркестерін көшіріп жазыңдар.

Жай қалмау. Көре кел. Жүнісбек. Жанпейіс. Құрманбек. Қағазсыз. Қағазша. Маржанкүл. Көк ала. Қара ала. Бара кел. Бара алсаң. Жұлдызша.

327-жаттығу. Өлеңді көшіріп жазыңдар. Үндескен дыбыстары бар сөздердің астын сызыңдар.

Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық, сенен көремін.
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін.
Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талқы көп.

(Ақтамберді жырау)

126-с а б а қ БУЫН ҮНДЕСТІГІ

 **1-тапсырма.** Мына сөздерге тиісті қосымшаларды қосыңдар.

Жұмысшы —	-ті
Іскер —	-лар
Баға —	-қа
Оқушы —	-лік
Үйрек —	-лау

 **2-тапсырма.** Бір түбірге бірнеше қосымшалар қосып көшіріңдер.

Үлгі:

Су	-шы
	-ды
	-дан
	-ға

Біл. Ақыл. Айт. Кел

❶ Қазақ тілінде сөздерге қосымшалар не бірынғай жуан, не бірынғай жіңішке болып жалғанады. Мұны мына мысалдардан көруге болады:

Қосымшалардың жуан түрде жалғануы	Қосымшалардың жіңішке түрде жалғануы
жұмыс-шы-лар-ға қуан-ыш-тар-ың-ды ақыл-ды-лық-қа	еңбек-ші-лер-ге сүй-ін-іш-тер-ің-ді ес-ті-лік-ке

Сөздің түбіріндегі дауысты дыбыс қосымшалардың жуан немесе жіңішке болуына ықпал етеді. Түбір сөз екі немесе көп буынды болса, қосымшалар соңғы буындағы дауыстың жуан не жіңішкелігіне сәйкес келіп, үндесе жалғанады.


Сөздің соңғы буынының жуан, жіңішкелігіне қарай қосымшалардың да бірынғай жуан, не жіңішке түрде жалғануын буын үндестігі дейміз.

❷ **328-жаттығу.** Жуан сөздерді бір бағанға, жіңішке сөздерді екінші бағанға, аралас сөздерді үшінші бағанға жазындар.

ТАУДАҒЫ КҮЗ

Тау іші. Ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа тіршілік білінбейді. Жаз жәрменкесі тарқап, таулы өлкеге қоңыр күз қонақтаған. Жапырақтар сарғайып, өсімдік атаулы күзгі ызғырық желге елбеңдей бас ұрып, тәубеге келген сопыдай күбірлейді. Тек қия жартастарды жарып шыққан қайсар қарағайлар ғана өңін бермей, тәкаппар басын тік ұстап, көкке шаншыла қарап тұр. Сай-саладан құлай ағып жатқан көк қасқа бұлақтар жаздағыдай шу салып, асып-таспай, салқын сабырмен жуасып қана сырғиды.


(К. Жұмаділов)

 **329-жаттығу.** Мәтіндегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазындар. Буын үндестігі сақталды ма, көз жеткізіндер.

Абай бала күнін... бүлдірген ... құмар болады. Жәнібек өзені... бойында бүлдірген көп деп ести... .


Бір топ бала ... ат ... мініп сонда барады. Олар аттар... тұсап қоя береді. Өздер ... бүлдірген тер... бастайды. Бүлдірген... тойғандарынша теріп жейді. Содан соң апарған ыдыстар... да толтырып алады. Абай шешесі... бүлдірген... ең жақсысынан бөлек теріп алады. Оған басқа бала... таң қалады.

(М. Әуезов)


 **330-жаттығу.** Мақал-мәтелдердегі түсіп қалған сөздерді орнына қойып, көшіріп жазындар.

1. Досы көпті жау
2. Ердің атын еңбек
3. Айтпас жерде сөзінді
4. Қыз ... елдің көркі.


127-сабақ ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ

 **1-тапсырма.** Төмендегі сөздердің түбірі қандай дыбыспен аяқталғанын, қосымшасы қандай дыбыстан басталғанын анықтаңдар.

Ағаштар, судан, дәрігерге, ағаны, халықтық, жезден, моншақпен.

 **2-тапсырма.** Мына сөздердің түбір мен қосымшасын ажыратып жазындар.

Жазғыз, сұрақ, баста, көркіне, жатқанша, қазынаң, жеңілдеп.


 Буын үндестігі бойынша дауыстылар бір-біріне ықпал етіп, өзара үндесіп айтылса, дыбыс үндестігі бойынша көбінесе дауыссыздар бір-біріне ықпал жасап, өзара үндесіп айтылады. **М ы с а л ы :** *құстар* деген сөзге көптік жалғауы *т* дыбысынан басталып жалғанса, *қаз-*

дар деген сөзге көптік жалғауы *д* дыбысынан басталып жалғанады.


Кұс сөзінің соңындағы дауыссыз дыбыс (*с*) қатаң болғандықтан, оған жалғанған жалғау да қатаңнан (*т*) басталып, *қаз* деген сөздің соңындағы дауыссыз дыбыс (*з*) ұяң болғандықтан, оған жалғанған жалғау да ұяңнан (*д*) басталып тұр.

Көршілес дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, өзара үндесіп айтылуы түбір мен қосымшаның аралығында ғана емес, сонымен бірге біріккен сөздер мен сөздердің тіркесінің сыңарларының аралығында да болады. Мысалы: сөйлеуде *көзқарас* деген біріккен сөз *көзғарас* түрінде айтылса, *ақ лақ*, *көк аспан* деген сөз тіркесі *ағ лақ*, *көг аспан* түрінде айтылады.

Көршілес дыбыстардың ықпал ету бағытына қарай дыбыс үндестігі екі түрге бөлінеді: *ілгерінді ықпал*, *кейінді ықпал*.

 **331-жаттығу.** Сөз ішіндегі және сөз аралығындағы дыбыс үндестігін тауып, сөйлемдерді көшіріндер.


1. Жол үстінде іштей бір байламға келген жігіт ел жатқанша екі-үш кісіні жан-жаққа шаптырып, бас-аяғы бір күннің ішінде игі жақсыларды жиып алды. (Ә. Нұршайықов) 2. Қыз үйдің қора жақ есігінен шықты да, әуелі жан-жағын айнала қарап алды. (Ә. Шәріпов) 3. Кешке жұмыстан кеп, ас-суын ішкесін атасының қасына отырды. (Ә. Нұрпейісов)

 **332-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, өленді көшіріп жазындар.

ТӨЛЕ БИДІҢ ТОЛҒАУЫ

Алған ... адал болмаса,
Бас...а бақыт қонбайды.
Екі дос... айырған,
Түбінде өзі оңбайды.

Көреген бол... балаңыз,
Қиын ... көзбен болжайды.
Өзің... туған ұл мен қыз,
Сыйлама... сол қайғы!
Нан... асқан тағам жоқ,
Қадірін білген адамға.
Билік... берсең қиратар,
Білімсіз соқыр надан...

 **334-жаттығу.** Құрамында жуан және жінішке дыбыстар қатысқан сөздерді бөліп жазындар.

Бұрынғы заманда Қыдыр, Бақ, Ақыл үшеуі кездесіп қалып, ерегесе кетеді. Үшеуі ерегісіп отырып әрқайсысы өз күшін көрсетпекші болады.


Қыдыр, Бақ пен Ақылды ертіп алып, бір жер айдап жатқан жынды адамға барып дариды. Сонда оның айдаған жерінен шыққан тас кесектерінің бәрі алтын болып кетіпті.


(Ертегіден)

128-с а б а қ ІЛГЕРІНДІ ЫҚПАЛ

 **1-тапсырма.** Төменде берілген сөздердің айтылуы мен жазылуында айырмашылық бар екенін байқандар.

Ақбала — Ақпала. Қамысбай — Қамыспай. Қара кой — кара ғой. Боз құнан — бозғұнан.

 **2-тапсырма.** Өздерің күнделікті өмірде пайдаланатын сөздеріңнен айтылуы мен жазылуында айырмашылық кездесетін сөздерді ойлап табындар.

 **Түбір мен қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың алдыңғысы кейінгі дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатуын ілгерінді ықпал дейміз.**

Ілгерінді ықпал түбір мен қосымшаның аралығында кездеседі.

1. Түбір мен қосымшаның аралығындағы ілгерінді ықпал.

а) Сөз дауыстыға немесе үнді мен ұяңның біріне бітсе, қосымша не үнді, не ұяңнан басталып жалғанады. Мысалы: *жылқы-ға, көл-ге, жез-ден*.

ә) Сөз қатаң дауыссызға немесе *б, в, г, д* дауыссыздарының біріне бітсе, қосымша қатаңнан басталып жалғанады. Мысалы: *дос-тар, терек-тен, штаб-тан, Дастанов-қа, завод-қа*.

б) Сөз соңындағы *ш* дыбысының әсерінен қосымшаның басқы *с* дыбысы айтылуда өзгеріп *ш* болып дыбысталады, бірақ жазуда *с* дыбысы сақталады. Мұны мына мысалдардан көруге болады.

Жазылуы

Айтылуы

ашса

ашша

қашса

қашша

ұшсын

ұшшын

ұшқышсың

ұшқышшың

2. Біріккен сөз бен сөз тіркесінің сыңарлары аралығындағы ілгерінді ықпал.

а) Алғашқы сыңардың соңғы қатаң дыбысы кейінгі сыңардың бастапқы ұяң дыбысын айтылуда қатаңға айналдырады. Бірақ жазуда бұл ескерілмей, соңғы сыңардың бастапқы қатаң дыбысы сақталады. Мысалы: *көзқарас — көзғарас*.




334-жаттығу. Көп нүктенің орнына көрсетілген қосымшалардың тиістісін қойып, олардың түрліше жалғану себебін түсіндіріңдер.


1) -ның (-нің, -дың, -дің, -тың, -тің): бала... ойыншығы, көл... жағасы, магнитофон... дискісі, сынып... есігі, қарлығаш... қанаты.

2) -ға (-ге, -қа, -ке): тау... шығу, терезе... үңілу, штаб... келу, мектеп... бардық

3) -нан (-нен, -дан, -ден, -тан, -тен): бетеге... биік, жусан... аласа, қағаз... жұқа, кірпіш... соққан, сүт... ақ, су... таза.


 **335-жаттығу.** Төмендегі сөздерге көптік жалғауын жалғап, олардың неге түрліше жалғанатынын, қандай дауыссыз дыбыстардан кейін көптік жалғауының бір түрлі дыбыстық варианты қолданылатынын түсіндіріңдер.

Ана, әйел, әшекейлер, мерген, көрме, сөз, бұрым, көрермен, көркемөнер, поляк, чех, қазақ, сұраныс, қолғап, көзілдірік, кіріс, жігіт, қыз.


 **336-жаттығу.** Сөз ішіндегі және сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың айтылуда өзгеру себебін, қалай үндесіп тұрғанын түсіндіріңдер.

Әлдеқалай, әлдекім, әлдеқашан, әркім, әрқалай, өнеркәсіп, бас кәде, әр күні, әл кету, ала көз болу, айтып бер, ала кел, қара қоңыз, алып бер, атты кісі, отыра қал, бұлтты күн, жазып бер, шаң қалдырма, қызыл күрең, қара көз.

129-с а б а қ КЕЙІНДІ ЫҚПАЛ

 **1-тапсырма.** Мына сөздерге -у қосымшасын қосып жазыңдар, қайсы дыбыс қай дыбысқа әсер етті?

Тап, шап, қак, төк.

 **Түбір мен қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың соңғысының алдыңғы дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатуын кейінді ықпал дейміз.**

Кейінді ықпал түбір мен қосымшаның аралығында, біріккен сөз бен сөз тіркесінің сыңарлары аралығында ұшырасады.

1. Түбір мен қосымшаның аралығындағы кейінді ықпал.

а) Қосымша дауысты дыбыстан басталғанда, сөздердің соңындағы *п* дыбысы *б* не *у* дыбысына айналады, *қ*, *к* дыбыстары *ғ*, *г* дыбыстарына айналады. Мұндайда сөздердің соңындағы дыбыстар өзгерген күйінде жазылады. Мысалы: *кеп-кебу*, *кебеді*, *қызық-қызығу*, *қызығады*, *күрек-күрегім*, *күрегі*.

ә) Қосымша *қ, к, Ғ, ғ* дыбыстарының бірінен басталғанда, сөз соңындағы *н* дыбысы өзгеріп, *ң* немесе *м* болып айтылады. Бірақ жазуда бұл ескерілмейді, түбірдегі *н* дыбысы сақталады. М ы с а л ы :

Жазылуы	Айтылуы
Сәнқой	сәнқой
Қанға	қаңға
Түнгі	түңгі

б) Қосымша *ш, с* дыбыстарының бірінен басталғанда, сөз соңындағы *с* дыбысы *ш* болып айтылады да, *з* дыбысы *с* немесе *ш* болып айтылады. Бірақ жазуда бұл өзгеріс ескерілмей, сөздердің түбірі сақталып жазылады. М ы с а л ы :

Жазылуы	Айтылуы
Басшы	башшы
Құсша	құшша
Тұзсыз	тұссыз

2. Біріккен сөз бен сөздер тіркесі сыңарларының аралығындағы кейінді ықпал.

а). Алғашқы сыңардың соңғы *з, с* дыбысы соңғы сыңардың бастапқы *ж, ш, с* дыбысының ықпалымен *ж, ш, с* болып айтылады. М ы с а л ы :

Жазылуы	Айтылуы
Бозжан	Божжан
Тұз жалау	тұж жалау
Күз жақын	күж жақын

ә). Алғашқы сыңардың соңғы *н* дыбысы кейінгі сыңардың бастапқы *б, п* дыбысының әсерімен *м* болып *к, қ, Ғ, ғ* дыбысының ықпалымен *ң* болып айтылады. М ы с а л ы :

Жазылуы	Айтылуы
Бейсенбай	Бейсембай

Сәрсенбек
Он бес

Сәрсембек
ом бес

б) Кейінгі сыңардың бірінші дыбысы дауысты, үнді дауыссыз немесе ұяң дауыссыз болса, алғашқы сыңардың соңғы қатаң *и, қ, к* дыбыстары айтылуда ұяңдағы *б, ғ, г* дыбыстарына айналады. **М ы с а л ы :**

Жазылуы

Айтылуы

Доп ойнау

доб ойнау

Көп егін

көб егін

Ток ат

тоғ ат

Біріккен сөздің сыңарларының аралығындағы немесе тіркесіп қолданылған сөздердің аралығында екі дауысты дыбыс қатар келсе, алғашқы сыңардың соңғы дауысты дыбысы айтылуда түсіріледі де, жазылуда сақталады. **М ы с а л ы :**

Жазылуы

Айтылуы

Сарыарқа


Сарарқа

Сарыөзек


Сарөзек

Алты атар

алт атар


 **337-жаттығу.** Қарамен жазылған сөздердің түбір қалпындағы соңғы дыбысы қандай дыбыс екенін және оның жалғаулар жалғануына байланысты өзгеру себебін айтып түсіндіріңдер.

1. Ақыл — адам **көрігі**, ақылдың сабыр **серігі**. (*М. Әуезов*) 2. **Білместігімнен** істедім дегеннің **көбіне** нанбаймын. 3. Әннің де естісі бар, есері бар. Тындаушының **құлағын** тесері бар. (*Абай*) 4. Өнер, білім — бәрі де оқуменен **табылған**. (*Ы. Алтынсарин*)

 **338-жаттығу.** Көп нүктенің орнына *н, ң* дыбыстарының тиістісін қойып көшіріңдер. Түбір мен қосымшаның аралығындағы көршілес дыбыстардың соңғысының алдыңғысына ықпал етіп өзгертуін түсіндіріңдер.

1. Күшіңе се..бе, адал ісіңе сен. Қиянатқа көнбе, әділетке атса да, көн! (*М. Әуезов*) 2. Ері...беген етікші болады. (*Ма-*

қал) 3. Тү...гі самал егін басын тербейді. 4. Бұл оқиға се...бі күні басталды да, жексе...бінің кешімен аяқталды. (М. Иманжанов)


 **339-жаттығу.** Сөз ішіндегі бір-біріне әсер етуші дыбыстарды анықтап, алғашқысының астын — бір рет, кейінгісінің астын екі сызындар да, қайсысы қайсысына әсер еткенін табындар.

Егінбай, Жанболат, Жанпейіс, Көрікбай, Жақыпбек, Азатгүл, мал қора, кара көк, ала көз, Батырбек, Гүлжазира, алабұға, белбеу, қолғап, Қартқожақ, Мұхамметхан, Дархан.

130-с а б а қ ПЫСЫҚТАУ САБАҒЫ

Пысықтау үшін сұрақтар:


1. Буын түрлерін айтып беріндер.
2. Тасымал дегеніміз не?
3. Орфоэпия мен орфографияның айырмашылығы неде?
4. Екпін қазақ тілінде қайсы буынға түседі?
5. Буын үндестігі дегеніміз не?
6. Дыбыс үндестігі нешеге бөлінеді?

 **1-тапсырма.** Төмендегі жұмбақты шешіндер. Жұмбақта жасырылған ақынның атын тауып, өздеріңнің сыныптарыңда да осындай есімдер болса оларды атаңдар.


Бір ақынның атында,
Екі түбір, төрт буын.
Төртеуі де бітеу буын,
Мұны тауып, кәнеки,
Айтар екен кім бұрын?

 **2-тапсырма.** Төмендегі дыбыстардың тиістісін тіркестіріп сөз жасаңдар.


1. К, й, қ, ы, а
2. Л, і, п
3. И, г, н, а, з, я, м, и
4. А, л, б, а, ұ, а, ғ

 **3-тапсырма.** Жаңылтпаштарды жаттап алындар. Көшіріп жазып, дауыссыз дыбыстардың астын сызындар.

- | | |
|---|---|
| 1. Ара барда — бал бар,
Бал барда — ара бар.
Балалар,
Арадан бал ал! | 2. Шылбыр ұстасаң,
Сылбыр ұстама.
Сылбыр ұстасаң,
Шылбыр ұстама! |
|---|---|

 **4-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті дауыссыз дыбыстарды қойып көшіріңдер.

Ха... . Жа...а. Ба... . Ө...е...е. А...а. Ө...і. А...ы...ау. Мы...а... .

 **5-тапсырма.** Берілген сөздерді айтылуы бойынша жазып көрсетіндер.

Боз жорға. Қарбыз сатты. Көк ала. Көзсіз. Жанғали.
Келе алмады.


 **6-тапсырма.** Мына сөздерді жазылуы бойынша көрсетіндер.

Дошшан. Ташжол. Шөб әкелді. Тұрғамбек. Дүйсембі.
Ашшы.

131—132 сабақтар БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

133-сабақ ФОНЕТИКАДАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

1. Фонетика нені зерттейді?
2. Қазақ әліпбиінде неше дыбыс, неше әріп бар?
3. Әріп пен дыбыстың айырмашылығы неде?
4. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың айтылуында қандай айырмашылық бар?

 **340-жаттығу.** Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің айтылу, жазылу заңдылықтары бойынша екі бағанға көшіріңдер.

Үлгі:	Жазылуы	Айтылуы
	Шекара	Шегара
	Ала кел	Алагел

Жұлдыз, бара алмады, құлын, он бес, сәрсенбі, ала қаз, қолбасшы, өкпе, күнбағыс егу, көмек, қарақұс, Сарыөзек, тұзсыз, ақ аю.


 **342-жаттығу.** Адаскан әріптерді өз орнына қойыңдар.

1. М, н, ә, д, е, т, и, е
2. Т, л, е, д, и, р, е, д, а
3. Ж, р, а, п, ы, қ, а
4. Н, у, а, ы, р, з.

 **343-жаттығу.** Буынның түрлеріне бөліп жазыңдар.

Үлгі:	Ашық	Тұйық	Бітеу
	буын	буын	буын

Күндіз. Жапырақ. Бүркіт. Бақа. Көлеңке. Батыр. Нұрлан. Астық. Нан. От. Ғажап. Арман. Лақ. Қарбыз. Асхат.

 **344-жаттығу.** Әр сөздегі жаңа сөз жасап тұрған дыбысты қосып оқысандар қазақтың мақалы шығады. Ол қандай мақал екенін табыңдар.

Кім — өкім	Ара- арқа
Желі — желін	Су- ысу
Кен-кене	Қора- қораз
Елік — ерлік	Қылық — ықылық
Мал — амал	Баға — балға
Мүше — мүшел	Аяқ — таяқ
Ана — дана	Кит — киіт
Ақ — ақы	Жеке — желке

134-с а б а қ

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕМЛЕСІ


Қайталау үшін сұрақтар:

1. Дауысты дыбыстар қалай жасалады?
2. Тілімізде қанша дауысты дыбыс бар?
3. У дыбысы дауысты ма, әлде дауыссыз ба?

4. Тілдің қатысына қарай дауысты дыбыстар қалай бөлінеді?


5. Жақтың қатысына қарай ше?

6. Еріннің қатысына қарай дауыстыларды қалай бөлеміз?


 **345-жаттығу.** Нүктелердің орнына түсіріліп қалдырылған дауысты дыбыстарды қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Ж...здыгүнгі т...ғайдың т...сі к...з т...қтатпай б...ресе к...к, біресе ж...сыл б...лып құлп...рады. (С. Мұқанов)

2. М...мықтай м...йда қ...р. Т...ғыздалған еск... қ...рдың б...тін жаң... қ...р б...ркеп ж...тыр. (Т. Ахтанов) 3. К...мел ұрпа...қ — б...лашақтың т...регі. (Газеттен)

 **346-жаттығу.** Сөздердегі қате жазылған жерлерді табыңдар, оларды дұрыстап, сөйлем құрастырыңдар.

Кітаб, орыным, көжекін, жарысбай кел, жирма оқушы.

 **347-жаттығу.** Төмендегі сөздерді екі баған етіп жазыңдар. Бірінші бағанда у дыбысы дауысты дыбыс, екінші бағанда у дыбысы дауыссыз дыбыс болсын.


Су, жарау, қу, ту, суық, жаттау, алу, алуан, ау, құру, жүру, айту, сабау, бау, тау, бу, жу.

135-с а б а қ

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ АЙТЫЛУЫ ЖӘНЕ ЕМЛЕСІ


Қайталау үшін сұрақтар:

1. Дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?
2. Дауыссыз дыбыстарды жасалуына қарай нешеге бөлеміз?
3. Олардың бір-бірінен айырмашылығы бар ма?
4. Қатаң дауыссыздар қалай жасалады?
5. Ұяң дауыссыздар үннен жасала ма, әлде салдырдан жасала ма?
6. Үнді дауыссызда салдыр басым ба, әлде үн басым ба?


 **347-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Дауыссыз дыбыстарды тауып, олардың астын сызындар. Бірнешеуіне дыбыстық талдау жасандар.

Үлгі: *ж* — ұяң дауыссыз.

Жастықты қайтара алмайсың, қарттықты тойтара алмайсың деген рас-ау. Біздің жастық шағымыз қиындау өтті. Жалынды күш-жігерге толып, бойынды білімге деген құштарлық билеген сәтте жалқаулық дегенді білмейтінбіз — дейді қария. (*«Нұрлы жол» газетінен*)

 **348-жаттығу.** Сөздерді оқып шығындар. Қатаң дауыссыздан жасалған сөздерді бір бағанға, ұяң дауыссыздан жасалған сөздерді екінші бағанға, үндіден жасалған сөздерді үшінші бағанға, аралас келген сөздерді төртінші бағанға теріп жазындар.

Қасық, жалбыз, жүк, жыр, лай, терек, тас, бақа, ертегі, қызық, боран, шаш, жаз, нан, нәр, мал, батыр, жылы, шөп, қыста, хабар.

 **349-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген сөзжұмбақтың бос көздеріне керекті дауыссыз дыбыстарды қойындар. Сонда Абайдың тіл туралы нақыл сөзі шығады.

ө		е	
---	--	---	--

а			ы
---	--	--	---

	□		□	
--	---	--	---	--

	і	
--	---	--


136-с а б а қ БУЫН ЖӘНЕ ТАСЫМАЛ

Қайталау үшін сұрақтар:

1. Буынның неше түрі бар?
2. Дауыстыдан басталып дауыссыз дыбысқа аяқталған буын не деп аталады?
3. Ашық буынға бірнеше мысал келтіріңдер.
4. Бітеу буын қалай жасалады?


5. Тасымал не үшін қажет?

6. Тасымалдауға болмайтын бірнеше жағдайларға мысал келтіріңдер.

 **350-жаттығу.** Төменде берілген қалып бойынша сөздер ойлап табындар.


ашық бітеу бітеу бітеу
буын буын , буын буын ,

ашық ашық тұйық ашық бітеу
буын буын , буын , буын буын.

 **351-жаттығу.** Сөйлем ішіндегі сөздерді буынға бөліп жазындар. Ашық буынды бір сызықпен, тұйық буынды екі сызықпен, ал бітеу буынды ирек сызықпен сызып көрсетіндер.

Әлтидің үйінен біз таң бозара аттандық. Түндегі түнерген бұлттан сол кезде сіркіреген жауын жауа бастады. Сол жаққа бұрылған жолмен жөнеле бердік. Мен білетін жолдардың ізі ішіне қарай батынқы болушы еді, мынау жол үстіне қарай шығынқы. Арба қалай жүреді бұған.

(С. Мұқанов)

 **352-жаттығу.** Төменде берілген мәтінді буынға бөліп жазындар. Тасымалдауға болмайтын сөздердің астын сызындар.

БІЛІМДІ МЫНДЫ ЖЫҒАР

«Білекті бірді жығар, білімді мынды жығар», — деген мақал бар. Шынында да арыстан — аса күшті жыртқыш. Бірақ одан адам сескенбейді. Акула жылдам сүңгиді. Ал адам оны да қуып жетеді.


Ақыл мен білім адамды солардың бәрінен де күшті етеді. Ақыл адамды ғарышқа ұшуға мүмкіндік береді. Тұңғыық мұхиттардың сырын ашады. Бүкіл әлемнің қожасы етеді.

(«Қазақша күнтізбеден»)


137-сабақ ПЫСЫҚТАУ САБАҒЫ

Пысықтау үшін сұрақтар:


1. Фонетика нені зерттейді?
2. Дыбыс дегеніміз не?
3. Әріп деп нені айтамыз?
4. Дыбыстау мүшелерін атап беріңдер.
5. Әліпби сөзі қай тілден алынған?

 **1-тапсырма.** «Шынжыр» ойынын ойнандар. Ойынның тәртібі мынадай: бір оқушы сөз айтады, сол сөз қай дыбысқа аяқталса, келесі оқушы сол дыбыстан басталатын сөзді айту керек.

Үлгі: *көше, ер, рас, саулық, қарбыз ...*


 **2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына *ы* немесе *і* әріптерінің керектісін қойып, сөздерді көшіріңдер.


...лтипат, ұлтт...к, ки...з, кәс...п, жау...нгер, ақ...лд...,
к...шкентай, у...з, жаңғ...р...к, сүйк...мд..., би...к.

 **3-тапсырма.** «Жалғастырамыз» ойынын ұйымдастырыңдар. Тақтаға мұғалім бірнеше сөз жазады. Оқушылар сол жазылған сөзге мүмкіндігінше қосымшалар қосады.

Үлгі: *жомарт-тық-тар-ың-нан.*

Оқу, еңбек, ұйым, жұмыс, үйрек, дала.

 **4-тапсырма.** Берілген дыбыстардың жүйесін тауып оқысаң, оқу-білім туралы нақыл сөз шығады.




ЛЕКСИКА

138-сабақ СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҒЫНАСЫ

 **1-тапсырма.** Мәтінді оқып, мағынасын айтып беріндер.

АТТАН ҚҰЛАҒАНДА


Бір күні Қожанасырдың аттан жығылып жатқанын көріп, көшедегі балалар сылқылдап күледі. Сонда Қожанасыр үсті-басын қағып жатып: — Несіне күлесіңдер? Мен өзім де түсейін деп жатыр едім, — депті.

 Табиғат пен қоғамда алуан түрлі заттар мен құбылыстар бар. Ол заттар мен құбылыстар жайында адам санасында ұғым пайда болады. Ұғым тілде сөз арқылы аталады.


Белгілі бір ұғымды білдіретін атауды сөз дейміз.

Мысалы: *ағаш, тас, топырақ* деген сөздердің әрқайсысы — табиғаттағы белгілі бір заттық ұғымның аты: *жел, тасқын, жаңбыр* деген сөздердің әрқайсысы — белгілі бір құбылыс ұғымының аты. Ал *жиналыс, кәсіпкер* деген сөздердің әрқайсысы — қоғамдағы белгілі бір ұғымның аты.

Сөз сын, сапа, қимыл, іс-әрекеттің және тағы басқа ұғымдарын білдіре алады. Мысалы: *қызыл, сары, күшті, білгір* деген сөздер түс, сапа, сындық ұғымдарды білдірсе, *екі, бес, он, отыз* деген сөздер сандық ұғымдарды білдіреді. Ал, *ору, жүру* деген сөздер қимыл, іс-әрекет ұғымдарын білдіреді.


 **353-жаттығу.** Лексикалық мағынасы бар сөздерді бір бөлек, мағынасы жоқ сөздерді бір бөлек жазындар.

Бар, ғой, ілк, кел, нар, ар, бек, азу, қас, бас, мет, шырақ, өмір, ринг.

 **354-жаттығу.** Мына сөздердің құрамындағы дыбыстарды пайдалана отырып, лексикалық мағынасы бар сөздер құрап жазындар.

Үлгі: **жазба** — *жаз, баз, бажа, азба, аз, аза т.б.*


Жазба, саналы, мейірім, келіншек, достық.


 **355-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төмендегі сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрастырындар. Олардың мағыналарын айтып беріндер.


Ақ алтын, ағаштың көзі, алтын күз, тас жүрек.

139-с а б а қ

СӨЗДІҢ ТУРА ЖӘНЕ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАСЫ

 **1-тапсырма.** Түсіндірме сөздіктен бірнеше сөздің тура және ауыспалы мағыналарын табындар.


 **2-тапсырма.** *Қымыз, құрт, қазы, іш, сұра, тәтті, ащы, адамгершілік, жақсылық* сөздерінің қайсылары нақты мағынаны, қайсылары дерексіз мағынаны білдіретінін айтындар.

 **Сөздің затты я құбылысты атап білдіретін мағынасы тура мағына деп аталады.** Тура мағына әр заттың өзіне ғана тән жеке мағынасы болып табылады, сол арқылы біз заттарды бір-бірінен айыра аламыз. Мысалы: *аспан, жер, жел, бұлт, орман* дегендер заттарды атаса, *биік, жылы, жақсы* дегендер сапаны, ал *бару, салу, оқу* дегендер қимылды атайды.


Сөздер әрқашан тура мағынада айтыла бермейді. Сөздің тура мағынасының негізінде туып, өрбіген, жалпы көпшілікке түсінікті ауыспалы мағыналары да бола-

ды. Мысалы, *көз* — адамның немесе жан-жануардың көру мүшесін білдіретін оның бастапқы тура мағынасы да, *күннің көзі, бұлақтың көзі* дегендегі *көз* — оның ауыспалы, туынды мағыналары.

Сондай-ақ *түлкі* деген сөзді алып көрелік. *Қансонарда бүркітші шығады аңға, Тастан түлкі табылар аңдығанға (Абай)* деген сөйлемде өзінің тура мағынасында қолданылып тұрса, *Айлакерлікпен күн көріп жүрген ол бір түлкі* деген сөйлемде осы сөз ауыспалы мағынасында қолданылып тұр. Бұл сөйлемде *түлкі* сөзі *қу* деген мағынаны білдіреді.


 **356-жаттығу.** Төмендегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын тауып, басқа сөздермен байланыстырындар да сөйлем құрастырындар.

Бет, құлақ, қабырға, дүние, кілт, ақ, өту, келу, терен.

 **357-жаттығу.** Берілген тіркестер құрамындағы сөздерді тура және ауыспалы мағынаны білдіруіне қарай бөліп жазындар.

1. Жақсы сөз, жақсы адам, жақсы ой, жақсы күн, жақсы бала, жақсы өмір.

2. Терең сай, терең білім, терең адам, терең құдық, терең су, терең сезім.

 **358-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Ауыспалы мағыналы сөздер берілген. Сендер сол сөздердің тура мағынасын табындар.

Үлгі: *Ауыр сөз — Атаңа ауыр сөз айтпа.* (ауыспалы мағынада) — *Ауыр жүк* (тура мағынада)

1. Тәтті сөз. 2. Терең ой. 3. Қисық адам. 4. Алтын уақыт. 5. Қою әңгіме.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Сөздің тура мағынасы деген не?
2. Ауыспалы мағына деп нені айтамыз?
3. Сөздің ауыспалы мағынасына мысал айтқанда оны қандай мағынасымен салыстырамыз?

140-с а б а қ

БІР МАҒЫНАЛЫ ЖӘНЕ КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР

 **1-тапсырма.** Бас сөзінің мағыналарын айтып беріндер.

- 1) жолдың басы
- 2) таудың басы
- 3) істің басы

 **2-тапсырма.** Төмендегі сөздердің ауыспалы мағынасы бар ма, жоқ па екенін анықтаңдар.

Гүл, дәптер, өрік, қияр, есік.


 Сөзде бірнеше мағына болуы мүмкін.

Әр түрлі мағыналарды білдіретін сөз көп мағыналы сөз деп аталады. Мысалы:

1. *Бел* сөзі. *Беліне белдік байлады* дегенде, дененің бір бөлігін білдірсе, *Жүргіншілер бел асып кетті* дегенде, таудың асуы, жаны, қырқасы деген мағынаны білдіреді.

2. *Бет* сөзі. *Ұялғаннан беті қызару* дегенде, *жүз, әлпет* деген мағынаны білдірсе, *Кітаптың бетіне үңілу* дегенде, *қағаздың парағы* деген мағынаны, *Жердің беті, судың беті* дегендерде *үсті* деген мағынаны білдіреді. *Сонау бетте мал жайылып жүр* дегенде, *таудың, төбенің бөктері, беткейі* деген мағынаны білдіреді.


Көп мағыналы сөздің қай мағынада қолданылып тұрғаны сөйлемде айқындалады.

 **359-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып шығып *бас, тіл* деген сөздердің қай мағынада қолданылып тұрғанын айтып беріндер.


I. 1. Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде. (*Мақал*). 2. Оқушылар саяхатқа барғанда, тау басына шықты. 3. Сапар жұмыс басына кетті. 4. Оқуды басынан бастап, зейін қойып оқу керек.

II. 1. Ол тамақ ішіп отырып, байқаусызда тілін тістеп алды. 2. Арман өзінің ана тілін де, сонымен бірге орыс тілін

де жақсы білетін еді. 3. Барлаушылар жау жақтан тіл әкелді.
4. Сағат тілі он екіні көрсетіп тұр.

 **360-жаттығу.** Көп мағыналы сөздердің бәрі де бір сөз табына қатысты болатынына көз жеткізіндер. Төмендегі сөздердің қосымша туынды мағыналарын анықтап, кестені толтырыңдар.


Атаулы Сөздер	Бастапқы мағынасы	Ауыспалы мағынасы
Түбір Кілт Бел Түп Құлақ	өсімдік түбірі (зат есім) ашатын құрал (зат есім) адамның дене мүшесі (зат есім) ыдыстың асты (зат есім) дене мүшесі (зат есім)	

 **361-жаттығу.** Төменде берілген көп мағыналы сөздердің қосымша (ауыспалы) мағыналары қандай бастапқы мағынадағы сөздерден таралғанын анықтаңдар.

Көп мағыналы	1	2	3	4
Сөздер	Бастапқы	Ауыспалы	Ауыспалы	Ауыспалы
Төркін		істің төркіні	мәселенің төркіні	сөздің төркіні
Көз		иненің көзі	терезенің көзі	бұлақтың көзі
Бет		судың беті	кітаптың беті	сүттің беті

141—142-сабақтар БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ


143-сабақ ОМОНИМДЕР


 **1-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерде «*жақ*» сөзінің әр түрлі мағынада қолданылып тұрғанын байқандар.

Отын әкеліп отты **жақ**.

Оң **жаққа** өтіп тұрындар.

Бояуды еденге **жақ**.

 **2-тапсырма.** «*Мақта*» деген сөздің қандай мағыналары бар екенін айтындар.

 Тілде дыбысталуы бірдей, бірақ мағынасы басқа сөздер бар. Мысалы: *түс мезгілі* дегендегі *түс* сөзі мен *түс көру* дегендегі *түс* сөзі — дыбысталуы жағынан бірдей болғанмен, мағына жағынан бір-біріне ұқсамайтын әр басқа сөздер.

Сондай-ақ, төмендегі суреттерге байланысты айтылған сөйлемдердегі қара әріппен берілген сөздерді салыстыру арқылы олардың бір-бірінен айырмашылығын білуге болады.




Сырым ағаш кесу үшін әкесінен **ара** сұрады.

Гүлге **ара** келіп қонды.

Егінге арық арқылы су жіберілді. Оның атып әкелген қояны арық екен дегенде, бірінші сөйлемдегі *арық* су жүретін жолды білдірсе, екінші сөйлемдегі *арық* белгілі бір күйді (қарсы мағынасы — семіз) білдіреді. Дыбысталуы бірдей болғанмен, бұл сөздердің бір-бірімен мағыналық байланысы жоқ. Сондықтан олар әр басқа сөздер болып саналады.

Дыбысталуы бірдей, мағынасы басқа-басқа сөздерді омонимдер дейміз.

 **362-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып, олардың құрамындағы омоним-дес сөздердің қайсысы қандай мағынаны білдіретінін айтып беріндер.

Сыр. 1. Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді.
(*Мақал*)


Сыр. 2. Баласы үлкен кісідей сыр сұрап отыр.
(*М. Әуезов*)

Жастық. 1. Жастық пен көрпені төсек үстіне жинады.

Жастық. 2. Жастық шақта оқып білім алғанға не жетсін, — деді әжесі.


Өкпе. 1. Өкпесі қабынған Сырбайдың басы айналып құлап кете жаздап, қораның қабырғасына сүйеніп әрең оналды. (*С. Мұқанов*)

Өкпе. 2. — Сен маған өкпе айтпа, мен кінәлі емеспін, — деп ақтады досы.

 **363-жаттығу.** Төмендегі сөздердің омонимдес сыңарын тауып, олардың әрқайсысының мағынасын айқындайтын сөйлем құраңдар.

Үлгі: Түс. 1. *Ақ түс кіршіл болады.* 2. *Ол түс көрді.* 3. *Күн түс болды.* 4. *Сен аттан түс.*

Түс, күн, сүз, қас, тамақ, бақ, ара, сан, жарық.


 **364-жаттығу.** Төмендегі сөйлемдерден омоним сөздерді табыңдар және оларға сұрақ қою арқылы мағынасын ашыңдар.


1. Даланың апай төсінде бір кара көрінді. Бұл кім болды екен? 2. Ақ тер, кара тер болған сәйгүліктер бейне бір аңыз-ертегілердегі батырлардың тұлпарындай ауыздықпен алысады. 3. Қиылған кара қасы, қарақаттай мөлдіреген кара көзі, қолаң шашы үйдің қараңғылығын қоюландырып тұрғандай. (*Ә. Әбішев*) 4. Ұшақтың қарасы үзілгенше, Сәуле де бір орнында қозғалмай тұрып қалды.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Омонимдер деп қандай сөздерді айтамыз?
2. Омонимдер мен көп мағыналы сөздердің айырмашылығын түсіндіріңдер.
3. Омонимге және көп мағыналы сөздерге екі-екіден мысал келтіріңдер.

144-сабақ СИНОНИМДЕР

 **1-тапсырма.** «Сөйлеу» сөзін тағы басқа қандай сөзбен ауыстыруға болатынын дәлелдендер.


 **2-тапсырма.** Жүз, бет сөздеріне мағына жағынан сай келетін және басқа қандай сөз бар екенін анықтандар.

 Тілде мағыналары бір-біріне жуық, өзара мәндес сөздер бар. Мысалы: сыртқы пішінге, бейнеге қатысты *әдемі* деп те, көркем деп те, *сұлу* деп те айтуға болады. Сондай-ақ, *уақыт* дегеннің орнына *ыңғайына* қарай *мезгіл*, *мерзім* немесе *кез*, *шақ* деген сөздердің біреуін қолданып айта береміз. Бұл сөздердің дыбысталуы әртүрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын және ұқсас сөздер.

Мағыналық жақтан бір-біріне жуық өзара мәндес сөздерді синонимдер дейміз.

- 1) жайылым, өріс;
- 2) батыр, ер;
- 3) салмақты, сабырлы, байсалды, байыпты;
- 4) айнала, өңір, маң (манай), төңірек;
- 5) келбет, кескін, көрік, кейіп, ажар, пішін, мүсін, нұсқа, түр т.б.

Синоним сөздер тілдің байлығын көрсетеді. Синонимдік қатардың құрамындағы сөздер сәл ғана мағыналық айырмашылықты ажыратып айтып беруде үлкен қызмет атқарады.

 **365-жаттығу.** Мәтіннен синоним сөздерді тауып, топ-тобымен теріп жазындар. Мағынасын түсіндіріңдер.

ОТАН

Ауыл деген сөз қазақ үшін ең қастерлі, қасиетті сөздің бірі екені анық. Отан деген ұлы сөздің шағын баламасы осы ауыл болса керек. Қайда жүрсең де, қайда барсаң да, көкірегіңнің түбінде маздап жататын бір шоқ бар, ол — сол



туған аулынан тұтатып әкелген шоғың. Күйінгенінде де, сүйінгенінде де, сағыныштың күйзеу желі ескенде де көңіліңе медет болар сол бір шок. Қазақ ауыл деген сөзге ерекше салмақ, ерекше кендік сипат берген сияқты. «Ауыл-аймағың аман ба?» дегенде ұланғайыр Отанының үлкен бір аумағын түп-түгелімен соған сабақтап, тели айтады. Қанша қуаты мол, жылы сөз! Сенде өскен ортаға, ағайын-туғанына, ел-жұртыңа деген ықылас тегіс сыйып тұрған жоқ па?

366-жаттығу. Берілген синоним сөздерді жақша ішіндегі сөздердің лайықтысымен тіркестіріп, сөз тіркесін жасандар.

1. Қысқа, келте, шолақ (тон, жіп, шаш, мұрын, жең); 2. Мықты, берік, күшті (ағаш, дам, камал, жылқы, босаға); 3. Сирек, селдір (шаш, кездесу); 4. Кәрі, қарт (қой, ешкі, адам).


367-жаттығу. Төменде берілген синонимдік қатарлардың құрамындағы әрбір сөзді лайықты басқа сөздермен тіркестіріп жазындар.

1. Жуырда, жақында, таяуда, жуықта; 2. Аспан, көк; 3. Сыйлау, құрметтеу, қадірлеу; 4. Төңірек, айнала, манай, тұс; 5. Көп, мол, қыруар; 6. Қас, жау, дұшпан; 7. Сыпайы, әдепті, биязы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Синонимдер қандай сөздер?
2. Синоним болатын сөздерге мысал келтіріңдер.


145-сабақ АНТОНИМДЕР

 **1-тапсырма.** Мына сөздерге мағыналары қарама-қарсы сөздерді тауып жазындар:


Ақ —

Күн —

Биік —

 **2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, мақалды көшіріңдер.

... мен тұщыны татқан білер,
... пен жақынды жортқан білер.

 Тілімізде мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер бар. Мысалы: *Бетегеден биік, жусаннан аласа. (Мәтел) Сөзің аз, ісің көп болсын* деген сөйлемдердің біріншісінде *биік-аласа* сөздері бір-біріне қарама-қарсы мағынада айтылып тұр. Сол сияқты, *ақ-қара, ащы-тұщы, жоғары-төмен, бар-жоқ, қисық-түзу, жарық-қараңғы, алыс-жақын, қас-дос, ыстық-суық* деген сөздер бір-біріне қарама-қарсы мағынаны білдіреді.




Биік




Аласа

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді антонимдер дейміз.


 **368-жаттығу.** Оқып шығып, антонимдерді жұп-жұбымен теріп көшіріңдер.

Үлгі: *жуан-жіңішке, күн-түн.*

1. Ағаш кессең ұзын кес,
Қысқартуың оңай.
Темір кессең, қысқа кес,
Ұзартуың оңай. *(Мақал)*
2. Жоғары, төмен үйрек, қаз,
Ұшып тұрса сымпылдап. *(Абай)*
3. Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды, арты бірдей келсе ерге жайлы. *(Абай)*

 **369-жаттығу.** Қарамен жазылған сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздер тауып жазындар.

Биік үй, кең бөлме, суық жел, жақын жер, жарық бөлме, дос адам, қалың шаш, ілгері жүру, ерте тұру, сұйық тамақ, жұқа кітап, ақ мата, жаңа киім.

 **370-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Берілген антоним сөздердің қандай сөз табына жатанынын айтындар.


Үлкен-кіші, биік-аласа, барды-келді, асты-үсті, таза-лас, қысқа-ұзын, соғыс-бейбітшілік, күлді-жылады.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Антоним дегеніміз қандай сөздер?
2. Антоним бар қандай мақалдарды білесіндер?

146—147-с а б а қ т а р БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

148-с а б а қ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

 **1-тапсырма.** Ұстаздарың көп айтатын «Жазуларың тайға таңба басқандай болсын» деген сөйлемнің мағынасын қалай түсінетіндеріңді айтып беріндер.


 **2-тапсырма.** «Қаймағы бұзылмаған ел» деп қандай елді айтады?

 **Тұрақты тіркестер — екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір ғана мағына білдіретін сөз тіркестері.** Тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде **фразеологизм** деп те атайды.

Тұрақты тіркесті құрайтын сөздер бұрыннан қалыптасқан жүйемен айтылады. Олардың сыңарларының орнын ауыстыруға немесе басқа сөзбен алмастыруға келмейді. Мысалы: *тайға таңба басқандай* дегенді *жылқыға таңба басқандай* деп бір сөзін алмастырып айтуға болмайды.


Тұрақты тіркестердің синонимді баламалары болады, яғни оларды мағынасы жағынан жақын сөздермен түсіндіруге келеді. Мысалы: *қыздың жиған жүгіндей* деген тұрақты тіркестің баламасы (синонимі) — *әсем, көрікті, көркем*, ал *ит терісін басына қаптады* деген ұрысты, *балағаттады, сөкті* дегендердің орнын басады.

Тұрақты тіркестер — ойды көркемдеп, әсерлі жеткізудің құралы.


 **371-жаттығу.** Мәтінді оқып шығып, ат қойындар. Тұрақты сөз тіркесі бар сөйлемдерді теріп жазындар.

1. Дәл осылай болады деген. Бектің үш ұйықтаса түсіне кірмеген болатын. Жаңағы екпіні су сепкендей басылып, басы салбырап, екі көзі жер сүзіп, тақтаның алдына кібіртктеп әрең шықты.

Ұялған тек тұрмас дегендей, әр сөздің басын шатып, өткен сабақта мұғалім айтқаннан құлағында қалғанын тамтұмдап айта бастады. Бірақ онысы құмға сіңген судай ұзаққа бармады. Аяғының басына қарап, желкесін қасып, мінгірлеп, сөзінің аяғын жұтып, қақалып, шашалып әбден есі шықты. (Ә. Ахметов)

 **372-жаттығу.** Төменде берілген тұрақты сөз тіркестерінің баламаларын тауып жазындар.

Ақыл таразысына салу, бармағын тістеу, аузынан бір елі тастамау, артына сөз қалдыру, қадалған жерінен қан алу.

 **373-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Берілген баламаларға қарап тұрақты сөз тіркестерін тауып жазындар.

Үлгі: *қуанып жүр — екі езуі құлағында.*


Қорқып кетті, жақындарымен ойласты, қатты күтті, ұрысу, балағаттау.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Тұрақты сөз тіркесі дегеніміз не?
2. Тұрақты сөз тіркесінің жай сөз тіркесінен айырмашылығы неде?

149-сабақ

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

 **1-тапсырма.** Өздерің білетін мақал-мәтелдерді дәптерлеріңе жазыңдар. Олардың қандай тақырыпта айтылғанын біліп алыңдар.

 **2-тапсырма.** «Досыңды үш күн сынама, үш жыл сына» деген мақалдың мәнін түсіндіріңдер.

 Тұрақты тіркестер сияқты мақал-мәтелдер де — әбден қалыптасқан, орныққан сөздердің тобы. Мақал-мәтелдердің құрамындағы әр сөздің орны тұрақты болады. Ондағы сөздердің орнын ауыстыруға немесе бір сөзін басқа сөзбен алмастыруға келмейді. Мақал-мәтелдер де сөйлеу барысында жасалмай, бұрыннан қалыптасқан даяр қалпында қолданылады.

Мақал-мәтелдер тұрақты тіркестер сияқты аз сөзбен көп мағына береді. Мақал тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіріп, белгілі бір тұжырым жасайды. Мысалы: *Кең болсаң, кем болмайсың. Бидайдың кеудесін көтергені — дақылы жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені — ақылы жоқтығы.* Осылайша мақалдар көбінесе екі бөлімді болып келеді де, бірінші бөлімде шарт немесе жалпы пайымдау, екіншісінде қорытынды пікір айтылады.


Мәтелдерде ой-пікір бейнелі әрі тұспалдап айтылған ишара түрінде болады. Мысалы: *Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді. Үй менікі деменіз, үй артында кісі бар.*

Мәтелдің мақалдан айырмашылығы — мағынасы ашық болмай, ишарамен, тұспалмен айтылатындығы, сөйлемнің аяқталмай, толымсыз болып келуі.


Мақалдар, негізінен, тура мағынада ұғынылса, мәтелдер астарлы мағынада түсініледі. *Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме* деген тура мағынасында, ал қалауын тапса, қар жанар деген жұмбақталып, астарлы мағынада айтылып тұр.

 **374-жаттығу.** Мақалдарды бір бөлек, мәтелдерді бір бөлек жазыңдар.

Біреу күн нұрына малынса, біреу ай сәулесіне зәру. Жақсы адамға жау жоқ. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Кәрі түлкі қақпанға түспес. Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады. Екі қораз ен қораға сыймас. Ауыртпалық ақыл қосар. Өсер елдің ақыны көп, өшер елдің әкімі көп.

 **375-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, мақал-мәтелдерді аяқтандар.

1. Суға кеткен 2. Байтал түгіл 3. Батырға да 4. Айдағаның бес ешкі, 5. Әзіл айтсаң да, 6. Білгенің бір тоғыз, 7. Тұз астың дәмін келтіреді,

 **376-жаттығу.** Төмендегі ребусты шешсендер Отан туралы халық мақалын оқисыңдар. Өздерің де ребус құрастыруға үйреніндер.


Ы — А



,...Н



, А — Ы

 **377-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңдар. Әрбір мақалдың тұсына қандай тақырыпқа арналғанын жазып қойыңдар.

Үлгі: *Еңбек етсең емерсің* — **еңбек** тақырыбы.

1. Жері байдың елі бай. 2. Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің. 3. Алтау ала болса, ауыздағы кетер, төртеу түгел болса, төбедегі келер.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Мақалдың мәтелден айырмашылығы неде?
2. Мақал-мәтелдерді не үшін пайдаланамыз?
3. Ата-аналарың көп айтатын мақал-мәтелдерді айтып беріңдер.

150-с а б а қ

ПЫСЫҚТАУ САБАҒЫ


Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Омонимдер дегеніміз не?
2. Синонимдер деп қандай сөздерді айтамыз?
3. Антонимдер қандай сөздер?
4. Тұрақты сөз тіркестерін күнделікті тұрмыста пайдаланасыңдар ма?
5. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын айтыңдар.

 **1-тапсырма.** Өлеңді оқып шығыңдар. Омоним сөздерді анықтап, мағыналарын түсіндіріңдер де, дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар.


Айналасын жер тұтқан,
Айды батпас деменіз.
Айнала ішсе таусылмас,
Көл суалмас деменіз.

(*Бұқар жырау*)

 **2-тапсырма.** Мына мақал-мәтелдерді оқып шығыңдар. Сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын ажыратыңдар.

Байлықтың атасы — еңбек, анасы — жер. Өнерлінің өрісі кең. Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар. Қара арғымақ

арыса, қарға адым жер мұң болар. Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде. Басы аманның малы түгел. Аузы күйген үрлеп ішер.


 **3-тапсырма.** Төменде берілген сөздерге синоним сөздер тауып, бағандарды толықтырындар.

кескін	қайғылы	айту
пішін	қапалы	жеткізу
...
...

151-с а б а к СӨЗДІК ҚОР


 **1-тапсырма.** Төмендегі жұмбақтардың шешуін табындар.

1. Бетін адам ашады,
Білім нұрын шашады.
2. Жаңылмастан жетеуі,
Кезек қызмет етеді.

 **2-тапсырма.** Берілген сөзтізбені оқып шығып, көшіріп шығындар. Өздерің де бір түрлі дыбыстан басталатын сөзтізбе құрастырындар.

Жазда Жанат пен Жанар жылғаның жағасында жарысып жүгіріп жүргенде, Жанаттың жарасын жаңғақ жарды.

Жанат жылады. Жанар Жанатты жұбатты. Жақсы жолдастар жарасып, жарыса жөнелді.

 Тіліміздегі сөздердің көбі — қазақтың ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан байырғы төл сөздер. Олар ең қажетті ұғымдарды білдіреді де, жалпы халыққа бірдей түсінікті болады. М ы с а л ы : **Туыстықты білдіретін атаулар:** *ата, ана, нағашы, жиен, аға, жеңге, бөле, құда* т.б.

Мал атаулары: *жылқы, түйе, сиыр, қой, құлын, лақ* т.б.

Табиғат құбылыстарының атаулары: *күн, ай, жел, бұлт, тау, тас* т.б.

Аң-құс атаулары: *бүркіт, қаршыға, торғай, түлкі, қасқыр, аю, қоян* т.б.

Заттардың түр-түсін, сапасын білдіретін атаулар: *ақ, қызыл, ауыр, биік, ащы, тұщы, жылы, суық* т.б.

Қимыл-қозғалысқа, әрекетке қатысты сөздер: кел, бар, сөйле, күл, тарт, ал, айт т.б.

Анатомиялық атаулар: бас, қол, аяқ, көз, мұрын, бел т.б.

Тұрмыс қажетіне қатысты атаулар: қазан, ожау, қасық, жастық, киіз т.б.

Сан атаулары: бір, екі, жүз, мың, тоқсан тоғыз, елу т.б.

Есімдіктер: сен, мен, біз, әркім, ешқашан, кім?, олар т.б.

Міне, осындай сөздерден тілімізде **сөздік қор** пайда болады.

378-жаттығу. Метаграммаларды оқып шығып, жасырынған сөзді табындар. Оларды жаттап алындар.



1. Егер *с*-дан бастасаң,
Қыз баланың атымын,
С-ны алып тастасаң,
Ағаш кесер затыңмын.



2. Егер *х*-дан бастасаң,
Ұзақтан хабар әкелем,
Х-ны алып тастасаң,
Алыстан шауып келем.



379-жаттығу. Төменде берілген сөздердің қандай ұғым атауларында жұмсалатынын түсіндіріңдер.

Білім. Сана. Көмек. Кеме. Былғары. Кел. Бүгін. Үй. Он екі. Көлік. Отан. Кісі. Сары. Адам. Болашақ. Кітап. Бек. Көрме.


380-жаттығу. Батаны мәнерлеп оқып шығындар да, жаттап алындар. Өздерің де үлкендерден сұрап, бата жазып алындар. «Ең ұзақ және мәнді бата» деген бәйге өткізіңдер.

Жас баланың күлкісін бер,
Жас ананың ұйқысын бер.
Жомарттың қолын бер,
Сапарлының жолын бер,


Қыздың қылығын бер,
Судың тұнығын бер.
Асаудың арынын бер,
Түнгі оттың жалынын бер.

152-сабақ


ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІК ҚҰРАМЫ

 **1-тапсырма.** Берілген мақалдардың баламасын тауып, тұсына қойып көшіріңдер.

- | | |
|--|---------------------------|
| 1. Түйе бойына сеніп,
Жылдан құр қалыпты. | Аңғармаушылық
Жағымпаз |
| 2. Көрмес — түйені де көрмес. | Сенгіштік |
| 3. Кімнің тарысы піссе — соның тауығы | |


 **2-тапсырма.** Мына жұмбақтарды шешіңдер.

- | | |
|---|---|
| 1. Ертеңгілік үлкен,
Кешкілік үлкен.
Талма түсте кішкентай. | 2. Алты аяқты, бір сөзді,
Екі ауызды, бір сөзді,
Ынтымакпен ел кезді. |
|---|---|


 **Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы сөздік құрам деп аталады.** Сөздік құрамға халықтың тұрмыс жағдайын, кәсібін, мәдени қалпын танытатын барлық сөздер енеді. Қазақ тілінің сөздік құрамына халқымыздың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан байырғы сөздері де, кірме сөздер де, кейін пайда болған жаңа сөздер де, ауызекі тілге тән қарапайым, диалектизмдер мен кәсіби сөздер де кіреді.

Сөздер құрамындағы сөздер қолдану жағдайына қарай жиі қолданылатын сөздер және сирек қолданылатын болып көрінеді. Бір заманда жиі қолданылған сөздер келесі бір заманда қолданыстан шығып қалуы да, тілге қайта келіп қосылуы да мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде бұрыннан бар, бірақ біраз уақыт аса сирек айтылып кеткен ай, жыл аттары (*маусым, тамыз, қой, мешін, жылқы*


т.б.) қазір қайтадан жаппай қолданыла бастады. Мұның өзі сөздік құрамның үнемі бір қалыпта болмайтынын, оның өзгеріп отыратынын көрсетеді

 **381-жаттығу.** Күз суретін зер салып қарандар және сол бойынша мәтін құрап жазыңдар.



 **382-жаттығу.** Төменде берілген сөздерге алдымен қосымша жалғап, сонан соң сөйлем құрандар.


1. Мен, жаз, өзен, көп, шомыл.
2. Сен, хайуанаттар, бағы, ұнат, бар?
3. Біз, ауыл, маңы, ағаш, қалың, өс.


 **383-жаттығу.** Төменде берілген жаңылтпаштарды көшіріп жазып, жаттап алыңдар. Мағынасына көңіл бөліңдер.


1. Жасыл көктем
Жасыл жіппен
Жақсы тіккен
Жібек көрпе жамылдырды,
Жасыл өңге малындырды.
2. Су бетінде сең келеді,
Сол сеңге қай сең тең келеді?
Тағы бір сең келеді,
Ол сең бұл сеңнен кем келеді.

153—154 сабақтар
БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

155-сабақ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР


 **1-тапсырма.** *Қалың мал, барымта, сәукеле, күні* деген сөздерді есіткенің бар ма? Егер бұл сөздердің мағыналарын түсінбесеңдер, мұғалімнің көмегімен түсініп алыңдар.

 **2-тапсырма.** *Күбі, піспек, саба, ұршық, келі, келсап* деген үй тұрмыс бұйымдарының қайсысы қазіргі күнде пайдаланылады?

 **Қолданыстан шығып қалып тарихи шығармаларда ғана кездесетін, мағынасы көмескі сөздерді көнерген сөздер дейміз. Көнерген сөздер тарихи сөздер және архаизмдер болып екіге бөлінеді.**


Тарихи сөздер — қолданылған дәуірі өтіп, ескі заманның өзімен бірге көнерген тарихи атаулар. Тарихи сөздерге ел басқарумен байланысты атаулар: *хан, патша, уәзір, би, аға сұлтан т.б.*; қазір пайдаланылмайтын қару-жараққа қатысты сөздер: *садақ, жебе, сауыт, айбалта, найза, адырна т.б.*; кеңес дәуірі тұсында қолданылған әкімшілік сөздер: *қызыл отау, қызыл әскер, отарба т.б.* сөздер жатады.

Архаизмдер — халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-сана, әдет-ғұрпына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқа сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп кеткен сөздер. Архаизмдерге мата атаулары: *торқа, биқасап, дүрия, патсайы т.б.*; әдет-ғұрып атаулары: *сауын айту, ұрын бару, бесік құда, барымта т.б.*, үй тұрмысы: *киім-кешек, ыдыс-аяқ, күні, сәукеле, саптыаяқ, кебеже т.б.* сөздер жатады. Кейбір көнерген сөздердің қайтадан жаңаратын кездері де болады. Мысалы: кеңес дәуірі кезінде қолданудан шығып қалған діни сөздер (*имам, мешіт, ораза, айт, пітір, құран т.б.*), бұрынғы жыл атауларына *барыс, жылқы, қоян, ұлу т.б.*


 **384-жаттығу.** Мына мақалдардағы көнерген сөздерді атаңдар және олардың сипатын атықтандар.

1. Асабасы жоқ асқа жарымас. 2. Қараша үйден ханша шығар. 3. Шықсаң ұзақ сапарға, арымас ат — отарба. 4. Ер

азамат белгісі — түзде мырза, үйде құл. 5. Ынтымақ — оқ өтпес сауыт, татулық — тамаша сауық.

 **385-жаттығу.** Мәтінді оқып шығындар. Ұлттық киім және әшекей атауларын теріп жазындар. Көнерген атаулардың астын сызындар.

Қаламқас орта бойлы, ақ құба, отты қара көзі жақұттай жайнап тұр. Ақ шәйі көйлектің сыртында қызыл масатыдан бешпет киіпті. Аяғына кигені — әмірхан мәсі. Басында құндыз бөрік. Оның төбесіне бір уыс үкі, шашына күмістен шашбау таққан. Қаламқастың омырауында — танатүймелері, мойнында алқа.


 **386-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Төменде берілген көнерген сөздердің мағыналарын тауып жазындар.

Уез, батырақ, би, болыс.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**


1. Көнерген сөздер қазіргі күнде қолданыла ма?
2. Көнерген сөздер нешеге бөлінеді?

156-с а б а қ ЖАҢА СӨЗДЕР

 **1-тапсырма.** *Кәсіпкер, кәсіпорын, офис, фирма* деген сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен анықтандар.


 **2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойындар.

Ұшақтар... дан ұшады. Әкем зейнетке шығып, ... ала бастады.

 **Тілде жаңа ұғымды білдіретін сөздер жаңа сөздер немесе неологизмдер деп аталады.** Олар тілге алғаш енген кезінде ғана жаңа болады. Кейін тілге сіңісіп, халыққа әбден танылып, жаппай қолданылған жаңа сөз болудан қалады. Мысалы: *космос, космонавт, спутник* деген сөздер алғаш пайда болған кезде жаңа сөздер болатын. Кейін бұлар қолданыла келе жаңа сөз болудан қалды. Жиі қолданылатын сөздердің қатарына енген бұл сөздер

соңғы жылдары *Ғарыш*, *Ғарышкер*, *жер серігі* деген қазақтың төл сөздерімен беріліп, жаңа сөздер болып есептеліп жүр. Осы тектес жаңа сөздердің қатарына *жолсерік*, *үнтаспа*, *жеделхат*, *саяжай*, *ермексаз*, *құжат*, *отбасы* және т.б. сөздер жатады.


Соңғы жылдары қазақ тілінің мәртебесі өсіп, қолданылу аясы кеңеюіне байланысты өсімдік, бау-бақша саласына қатысты тілімізге көптеген жаңа сөздер енді: *жылыжай* (жарық жақсы түсу үшін төбесі мен қабырғалары шыныдан жасалған көкөністер өсіретін орын), *қызанақ*, *орамжапырақ*, *қаудан*, *өскін*, *жасуша*, *ағза* және т.б.

 **387-жаттығу.** Сөйлемдерден неологизмдерді табындар. Түсінбеген сөздеріңді мұғалімнің көмегімен түсініп алындар.

1. Тұрмыстан арттырып, біраз жиған қаржыммен фермерлік шаруашылық құрдым. 2. Оны өркендету үшін несиелу мақсатында банкке бардым. 3. Жұмыстың көзін білетін, адал кәсіпкерлеріміздің еңбегі бағаланып жатыр. 4. Мұндай ділгірліктер ешбір мемлекетті шеттеп өтпейді («*Нұрлы жол*» газетінен)

 **388-жаттығу.** Төменде берілген неологизмдерді қатыстырып бірнеше сөйлем құрастырындар.

Кеден, ұшақ, жарнама, делдал, зейнетақы, саябақ, кешен, құжат.

 **389-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Берілген жаңа сөздерді пайдаланып, бірнеше сөйлем құрастырындар.


Зейнетақы, үнқағаз, үнтаспа, ғарыш.

 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Жаңа сөздер деп қандай сөздерді айтамыз?
2. Жаңа сөздер уақыт өтуімен ескіре ме, қалай ойлайсындар?

157-сабақ


ЖАЛПЫЛАМА ЛЕКСИКА

 **1-тапсырма.** Төмендегі сөздерді қатыстыра отырып сөйлем құрап жазындар.

Жігіт, Жем, Ай. Жұлдыз. Көз. Бет. Күн.

 **2-тапсырма.** Төмендегі сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем ойлап жазындар.


Қабырғамен кеңес. Қой аузынан шөп алмайтын. Жігері құм болды. Жүрек жалғап алу. Төбе шашы тік тұрды.

 **Бір тілде сөйлейтін адмдардың бәріне түсінікті ортақ сөздерді жалпылама лексика дейміз.**

Жалпылама лексика адам баласының күнделікті тіршілігінде қажетті заттар мен құбылыстарды, әрекеттерді және т.б. ұғымдарды атайды. **М ы с а л ы : су, ауа, тамақ, үй, нан, мал, жеу, ішу, көру, жүру, ақ, көк, үлкен, кіші, жоғары үш т.б.**

Жалпылама лексикаға жататын сөздерді бала да, үлкен де, малшы да, аңшы да, ақын да, ғалым да — бәрі бірдей түсінеді және сөйлеу мен жазуда қолданады. *Биыл қар аз жауды. Кеше күн суық болды. Айгүл — адал, ақкөңіл, білімді қыз* деген сөйлемдердегі әрбір сөз өзінің тура мағыналарында ғана қолданылып тұр. Осы сөйлемдердегі сөздердің бәрі жалпылама лексикаға жатады.


Жалпылама лексикаға жататын сөздер жалпы халыққа түсініктілігімен, анықтығымен, қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Олар тілдің негізгі қоры болып табылады.

 **390-жаттығу.** Төменде берілген сөздерді білдіретін мағынасына қарай үлгіге сүйеніп топ-топқа бөліп жазындар.

Үлгі: *Дәмді білдіретін сөздер: тәтті, дәмді, ащы, тұщы, тұзды, кермек.*

Ата, көр, сана, сөйле, ойлы, тап, қос, аға, қарындас, нағашы, жиен, тәтті, дәмді, кермек, ащы, қышқыл, тұзды, жетпіс жеті, тоғыз, жүз отыз, бес-алты, күрен, қызыл, күлгін, қыз-

ғылт сұр, сұрғылт көк, ақжелкен, аскөк, бұршак, асқабақ, орамжапырақ, банан, шабдалы, шие, қара өрік, жазда, қыста.

 **391-жаттығу.** Төменде берілген сурет пен мәтінді пайдалана отырып, тиянақтылық, еңбеккерлік туралы өз пікірлерінді жазыңдар.



БҰЛБҰЛ

Қараторғай оқитын сыныпқа бір күні бұлбұл келіп отырды. Ол келген бойда-ақ бүкіл сынып қолды-аяққа тұрғызбай алып кетті. Концерт болса, әнді бұлбұл салады, жиын болса, сөзді бұлбұл айтады, басқа мектептен біреулер келсе, бұлбұлды көрсетеді. Олимпиада да бірінші бәйге соныкі, газет шықса, бетінен бұлбұл түспейді. Не керек, үйірмеде де бұлбұл, бірлестікте де бұлбұл. Бәрінен де алда сол.

Ал қараторғай болса, білетіні — сабақ кітап бетін шұқылап оқумен жүре береді.


Бір күні тоқсан аяқталып, оқу қорытындысы шықты. Жұрт бұлбұлдың сырын сонда ұқты.


Жұрт назары енді қараторғайға ауды. *(С. Сарғасқаев)*

 **392-жаттығу.** Мына сөздерден сөйлемдер ойлап табыңдар.

Балапан. Қазық. Терезе. Екпін. Мал. Өнер. Данышпан.

158-с а б а қ КІРМЕ СӨЗДЕР

 **1-тапсырма.** *Керулет, шайнек, бөтелке* деген сөздердің кірме сөздер екенін білесіңдер ме? Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырыңдар.

 **2-тапсырма.** Мына жұмбақтың шешуін табыңдар. Жұмбақтың шешуі кірме сөз екенін біліп алыңдар.

Білімнің дәнін тереді,
Балаға білім береді.

1 Басқа тілден енген сөздерді кірме сөздер деп те атайды.

Өз тарихында қазақ халқы көптеген елдермен қарым-қатынас жасап, аралас-құралас болғаны мәлім. Соның нәтижесінде араб, парсы, монғол, орыс тілдерінен қазақ тіліне көптеген сөздер кірген. Керісінше, басқа тілдерге қазақ тілінен де көптеген сөздер енді. Мысалы: араб, парсы тілдерінен енген *адам, әлем, ғылым, қоғам, білім, мектеп, тарих, әдебиет, мәдениет, пәк, емтихан, тәрбие, емле т.б.* сөздердің тілімізге сіңісіп кеткені соншалық, бұларды өзге тілден енген сөздер деудің өзі қиын. Монғол тілінен ел билеуге байланысты *ұлыс, нөкер, жасақ, аймақ, жарлық сөздері*, жер-су атауларына қатысты *Тарбағатай, Нарынқол, Нұра, Баянауыл, Зайсан, Қордай, Алтай т.б.* атаулар кірді.

Ал орыс тілінен қазақ тіліне *жәшік, кереует, бөтелке, бәтеңке, шайнек, сіріңке, кәмпит, тәрелке, сөмке және т.б.* сөздер енді.

Өздерің байқап отырғандай, бұл сөздер қазақ тілінің дыбыстық қалпына түсіп өзгерген.

Соңғы жылдары кірме сөздердің біразы қазақшаға аударылды. *Самолёт — ұшақ, вертолёт — тік ұшақ, коллектив — ұжым т.б.*

393-жаттығу. Мына кірме сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құраңдар: *білім, адам, құн, талап, сабақ, Толағай, самауыр, телефон.*

394-жаттығу. Төменде берілген кірме сөздердің қазақ тіліндегі синонимдерін тауып көріңдер.

Пұл — ..., шайыр — ..., фибрат — ... , ғұлама —

395-жаттығу. *Үй тапсырмасы.* Кірме сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырыңдар.


Қалам, Отан, мұғалім, цирк.


? *Сұрақтар мен тапсырмалар:*


1. Кірме сөздер деген қандай сөздер?
2. Кірме сөздер қазақ тіліне көбіне қай тілдерден еніп келген?

159-с а б а қ

ДИАЛЕКТ СӨЗДЕР

 **1-тапсырма.** «Сіріңке» деген затты сендер тұратын жерде қалай атайды?


 **2-тапсырма.** *Сым, күртеше, бәдірең, кеуіл, пайандоз* сөздерін есіткенсіңдер ме? Егер білетін болсаңдар, олардың мағыналарын түсіндіріп беріңдер.

 **Диалект сөздер** — белгілі бір жердегі (аймақ, облыс, аудан) тұрғындардың сөйлеу тілінде ғана қолданылатын сөздер. Диалект сөздер жалпыхалықтық болып есептелмейді. Өйткені олардың көпшілігінің әдеби тілде баламалары болады. Мысалы: әдеби тілдегі *тәртіп* сөзі Орал облысында *нұсқау, бұйрық* деген мағынада қолданылады; әдеби тілдегі *шалбар* сөзі Алматы, Шығыс Қазақстанда *сым* деп айтылады; әдеби тілдегі *қабырға* сөзі Ақтөбе облысында *жар* дегенді білдіреді; әдеби тілдегі *жұмыртқа* сөзін Оңтүстік Қазақстан облысында *тұқым* деп атайды.

Диалект сөздер түрліше болып келеді. Мысалы: *тыңла — тыңда, құдағай-құдағи, полат-болат, баралы-баралық, беражақ- берешек, келулі- келді т.б.* Қазіргі әдеби тілімізге біраз диалект сөздер еніп, жалпыхалықтық тілге айналды. Мысалы: *арасан суы, жейде, ұжым, кеден, немелтай (шөберенің баласы), үшен* (бірден үш төлтуса), *төртең (бірден төртеу туса) т.б.* Тілдегі бұл жағдай әдеби тілді байытудың бір жолы болып табылады.

 **396-жаттығу.** Мына диалект сөздердің әдеби тілдегі баламасын жазып шығындар.


Сүгірет, үшқұста, бәдірең, әйдік, кіл, сиықты, кеуірт, өтешкір, мақтай, секер, нәп, кеуіл, танда, көпшік, жар, торлама, пысу, зілдей, үгей.

 **397-жаттығу.** Төменде берілген сөздерді дәптерлеріне көшіріп жазындар. Бір түрлі затты әр аймақта әр түрлі атайтынын біліп алындар.

Сірінке — күкірт, гүгірт, кеуірт, шырпы, оттық, шақпақ;

Шылапшын — леген, жам, кірлен, шылаушын, тас;

Кесе — самал, пиялай, тас аяқ, шыны аяқ, ақпар, кәрлен, жанан.


 **398-жаттығу.** *Үй тапсырмасы.* Берілген диалект сөздерді көшіріп жазындар және оларды өздерің білетін диалект сөздермен толықтырындар.

Бәдірең, сым, азанда, оттық, тешпек,


 **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Диалект сөз дегеніміз не?
2. Өздерің де диалект сөздерді пайдаланасындар ма?

160-с а б а қ КӘСІБИ СӨЗДЕР

 **1-тапсырма.** Мына сөздерді қайсы кәсіп адамдары пайдаланатынын ойлап көріңдер: *балта, шеге, ыңғыру, пышқы.*

 **2-тапсырма.** Егін шаруашылығымен шұғылданатын кісілер көбінесе қандай сөздерді пайдаланады?

 **Кәсіби сөздер дегеніміз — жұрттың бәріне бірдей түсінікті бола бермейтін, белгілі бір кәсіппен я шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдардың арасында ғана айтылатын сөздер.**

Кәсіби сөздерді шамамен төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1) бау-бақша, суармалы, егіске байланысты кәсіби сөздер: *атыз, қорық, оман, алқор, нәк, шабдалы, әнжір, кемпір қауын, әңгелек, күләбі, жерді ызалау, қауынды тігу т.б.*

2) балық шаруашылығына байланысты сөздер: *жылым, сүзекі, бүркеніш, қаяз, азна, қарма, шөктірме т.б.*

3) мақта шаруашылығына байланысты сөздер: *көсек, күнжара, қозапая, көсектеу, қауашақ, қоза, шит егу, сүдігер, айдау т.б.*

Осы тәрізді шаруашылықтың түр-түріне байланысты сөздер тізімін бұдан ары жалғастыра беруге болады.


 **399-жаттығу.** Кәсіпке байланысты берілген сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрандар.

Қолөнершілікке байланысты кәсіби сөздер: шербек (үлкен ара), атауыз (шеге суырғыш). Ауыл шаруашылыққа байланысты кәсіби сөздер: қоза (мақта өсімдігі), шит (мақта тұқымы), әңгелек (кішкене қауын), дүмбіл (жүгерінің таза піспеген түрі).

 **400-жаттығу.** Мәтіннен кәсіби сөздерді тауып астын сызыңдар.

Қазақ халқы аттың тұрмандарын әшекейлеуге көп көңіл бөлген. Ол үшін алтын, күміс сияқты қымбат металдарды пайдаланған. Мысалы: ердің қасына, тоқым-тебінгілердің бетіне, үзенгіге, басқа тұрмандардың өн бойына лайықты көркем өрнектер салып, қымбат тастармен әдемілей түскен.


(С. Мұқанов)


 **401-жаттығу.** Ата-аналарыңмен әңгімелесіп, олардың кәсіптеріне байланысты қандай сөздер бар екенін біліп алыңдар. Оларды дәптерлеріңе жазып келіңдер.


 **Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Кәсіби сөздер деп қандай сөздерді айтамыз?
2. Кәсіби сөздерді күнделікті тұрмыста кімдер пайдаланады?

161—162-с а б а қ т а р ТЕРМИН СӨЗДЕР

 **1-тапсырма.** *Өскін, жасуша, өркен, орамжапырақ* деген сөздерді қайсы пәнде кездестірдіңдер?

 **2-тапсырма.** География және тарих пәндерінде кездесетін, бірақ басқа пәндерде кездеспейтін қандай сөздерді білесіңдер?


 **Термин сөз дегеніміз — ғылым, пән, техника, өндіріс саласындағы арнаулы ұғымдар мен зат атауларын білдіретін сөздер.**

Терминдер жеке бір ғана ұғымды білдіретіндіктен, бір мағыналы болып келеді. Терминдердің мағынасы әрқашан тұрақты болады.

Қазақ тіліндегі термин сөздер екі түрлі жолмен жасалған.

1. Басқа тілден енген сөздерге қазақ тілінен балама табу: 1) жергілікті және көне сөздер алынған: *кеден — таможня, егемен — суверинитет, әмбебап — универсал, кешен — комплекс, нарық — рынок, жарғы — устав, бап — статья, Ғарыш — космос, әкім — администратор*; 2) тілімізде бар сөздерді біріктіру арқылы термин жасалған: *отбасы — семья, әуежай — аэропорт, төлқұжат — паспорт, мұражай — музей, елтаңба — герб, әнұран — гимн т.б.*

2. Тілімізге орыс тілі арқылы келген, қазақша баламалары жоқ интернационалдық терминдер: математика терминдері: *квадрат, куб, коэффициент т.б.*; химия терминдері: *аммиак, азон, хром, гидрат т.б.*; география терминдері: *глобус, карта т.б.*; лингвистика терминдері: *синоним, антоним, эфемизм, дисфемизм, диалект т.б.*

 **402-жаттығу.** Мәтіннен түсінгендерінді жазындар және терминдік мәнді білдіріп тұрған сөздердің астын сызындар.

«Баскет» ағылшын тілінен аударғанда «себет» дегенді білдіреді. Өйткені өткен ғасыр аяғында, осы ойын түрі пайда болған кезде, қазір қолданылып жүрген шеңбер мен тордың орнына қабырғаға түбі жоқ себет қыстырып қоятын болған. Ал ағылшынша «бол» — «доп» деген сөз.

Көптеген балалар бұл ойын үшін міндетті түрде бойдың биік болуы керек деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Орта және аласа бойлы балалар да жақсы баскетболшы бола алады. Себебі, бәрі ойын кезіндегі ептілік пен шапшаңдыққа байланысты. (*Газеттен*)

 **403-жаттығу.** Төменде берілген термин сөздерге сөйлем құрап жазындар.

Квадрат, вольт, материк, глобус, штанга, фонетика, аптека, микроскоп, жасуша.

163—164-сабақтар

БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛДАУ

165—170-сабақтар

ОҚУ ЖЫЛЫ СОҢЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАУ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Каримов И.** Юксак маънавият енгилмас куч. Ташкент. 2008.
2. **Айтбаев Д, Айтбаева Г.** Қазақ тілі (7-8-сыныптар үшін оқулық). Ташкент. 2013.
3. **Ахметов Ж.** Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 1994.
4. **Балақаев М.** Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1992
5. **Балақаев М.** Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Алматы, 1988.
6. **Балақаев М., Сайрамбаев Т.** Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1997.
7. **Бектұров Ш.** Қазақ тілі. (лексика, фонетика, морфология, синтаксис) Алматы, 2006.
8. **Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ә.** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997.
9. **Байтұрсынов А.** Тіл тағылымы. Алматы, 1992.
10. **Байқабылов У., Дүйсебаева Д.** Қазіргі қазақ тілі. (оқу қолданба). Ташкент, 2013.
11. **Дүйсебаева Д.** Қазіргі қазақ тілі (оқу қолданба). Ташкент, 2008.
12. **Жүнісбек Ә.** Қазақ фонетикасы. Алматы, 2009.
13. **Исабаев Ә.** Қазіргі қазақ тілін оқыту формалары. Ташкент, 1990.
14. **Исабаев Ә.** Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы, 1973.
15. **Исабаев Ә.** Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент, 2003.
16. **Мырзабеков С.** Қазақ тілінің фонетикасы. Алматы, 1993.
17. **Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б.** Практикалық қазақ тілі. Алматы, 1993.
18. **Омаров М.** Төрткүл дүние (өлеңдер жинағы) Алматы, 2011.
19. **Оралбаева Н.** Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2007.
20. **Хасенов Ә.** Тіл білімі. Алматы, 2003.
21. **Ысқақов А.** Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1993.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

1-сабақ. Тіл — қатынас құралы	3
2-сабақ. Өзбек тілі — мемлекеттік тіл	5

Бастауыш сыныпта өткендерді қайталау

3-сабақ. Дауысты дыбыстардың емлесі	7
4-сабақ. Кейбір дауыссыздардың жазылуы	8
5-сабақ. Бас әріп пен кіші әріптердің қолданылуы	9
6-сабақ. Қосарлы дыбыстар	11
7-сабақ. Буын	11
8-сабақ. Сөз құрамы	13
9-сабақ. Сөз таптары	14
10-сабақ. Сөз тіркесі	15
11-сабақ. Сөйлем	17
12-сабақ. Пысықтау сабағы	18
13—14-сабақтар. Бақылау жұмысы	18

Синтаксис пен пунктуация

15-сабақ. Сөз бен сөз тіркесі туралы	19
16-сабақ. Сөйлем	21
17-сабақ. Хабарлы сөйлем	23
18-сабақ. Сұраулы сөйлем	25
19-сабақ. Лепті сөйлем	27
20-сабақ. Сөйлемнен өткенді қайталау	29
21-сабақ. Пысықтау сабағы	31
22—23-сабақтар. Жазба жұмысы	32
24-сабақ. Сөйлем мүшесі туралы түсінік	32
25-сабақ. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері	34
26-сабақ. Бастауыш	36
27-сабақ. Баяндауыш	38
28-сабақ. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша	41
29-сабақ. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Толықтауыш	43
30-сабақ. Анықтауыш	45
31-сабақ. Пысықтауыш	47
32—33-сабақтар. Бақылау жұмысы	48
34-сабақ. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері	48

35-сабақ. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері	50
36-сабақ. Пысықтау сабағы	51
37-сабақ. Қаратпа сөз және оның тыныс белгілері	53
38-сабақ. Жалаң және жайылма сөйлемдер	55
39-сабақ. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем	56
40-сабақ. Төл сөз бен автор сөзі және олардың тыныс белгілері	58
41-сабақ. Диалог және оның тыныс белгілері	60
42—43-сабақтар. Бақылау жұмысы	61

Синтаксистен өткенді қайталау

44-сабақ. Сөйлемнен өткенді қайталау	62
45-сабақ. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін қайталау	63
46-сабақ. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін қайталау	65
47-сабақ. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қайталау	66
48-сабақ. Төл сөз бен диалогты қайталау	67

Сөздердің жасалуы

49-сабақ. Сөз құрамы туралы түсінік	69
50-сабақ. Қосымша	71
51-сабақ. Жұрнақ	74
52—53-сабақтар. Бақылау жұмысы	75

Морфология

54-сабақ. Негізгі және көмекші сөздер	76
55-сабақ. Зат есім	78
56-сабақ. Жалпы есім мен жалқы есім	79
57-сабақ. Зат есімнің көптелуі	81
58-сабақ. Зат есімнің тәуелденуі	83
59-сабақ. Пысықтау сабағы	85
60-сабақ. Зат есімнің септелуі	86
61-сабақ. Атау септік	87
62-сабақ. Ілік септік	90
63-сабақ. Барыс септік	92
64-сабақ. Табыс септік	93
65-сабақ. Жатыс септік	95
66-сабақ. Шығыс септік	97
67-сабақ. Көмектес септік	100
68—69-сабақтар. Бақылау жұмысы	102
70-сабақ. Жай септеу мен тәуелді септеу	102
71-сабақ. Кейбір зат есімнің жіктелуі	105
72-сабақ. Көмекші есімдер	107
73-сабақ. Пысықтау сабағы	109
74-сабақ. Зат есімнен өткенді қайталау	110

75-сабақ. Сын есім	111
76-сабақ. Негізгі және туынды сын есімдер	113
77-сабақ. Дара және күрделі сын есімдер	114
78—79-сабақтар. Бақылау жұмысы	116
80-сабақ. Сын есімнен өткенді қайталау	116
81-сабақ. Сан есім туралы түсінік	117
82-сабақ. Дара және күрделі сан есім	119
83-сабақ. Сан есімнің емлесі	120
84-сабақ. Есімдік туралы түсінік	122
85-сабақ. Етістік туралы түсінік	123
86-сабақ. Дара және күрделі етістіктер	125
87-сабақ. Етістіктің шақтары	126
88-сабақ. Үстеу туралы түсінік	128
89—90-сабақтар. Бақылау жұмысы	129
91-сабақ. Пысықтау сабағы	129

Фонетика. Графика

92-сабақ. Тіл дыбыстары туралы түсінік	131
93-сабақ. Тіл дыбыстарының жасалуы	133
94-сабақ. Қазақ әліпбиі	134
95-сабақ. Дауысты дыбыстар және олардың түрлері	135
96-сабақ. Жуан және жінішке дауыстылар	137
97-сабақ. Ашық және қысан дауыстылар	138
98-сабақ. Еріндік және езулік дауыстылар	140
99—100-сабақ. Бақылау жұмысы	141
101-сабақ. Дауысты дыбыстардың емлесі.	
А, Ә әріптерінің емлесі	142
102-сабақ. О, Ө әріптерінің емлесі	143
103-сабақ. Ұ, Ү әріптерінің емлесі	145
104-сабақ. У әрпінің емлесі	146
105-сабақ. Ы, І әріптерінің емлесі	148
106-сабақ. И әрпінің емлесі	149
107-сабақ. Я, Ю әріптерінің емлесі	151
108-сабақ. Э, Ё әріптерінің емлесі	152
109-сабақ. Пысықтау сабағы	153
110—111-сабақтар. Бақылау жұмысы	154
112-сабақ. Дауыссыз дыбыстар және олардың түрлері	154
113-сабақ. Қ, қ, г, ғ, х әріптерінің емлесі	156
114-сабақ. Б, в, г, д әріптерінің емлесі	157
115-сабақ. Ф, ц, ч, ш, һ әріптерінің емлесі	159
116-сабақ. Қосарлы дауыссыздар емлесі	160
117-сабақ. Айыру (ъ) және жіңішкелік (ь) белгілерінің қолданылуы	162

118—119-сабақтар. Бақылау жұмысы	162
120-сабақ. Буын	163
121-сабақ. Буынның түрлері	164
122-сабақ. Тасымал	165
123-сабақ. Орфоэпия мен орфография туралы түсінік	168
124-сабақ. Екпін және оның түрлері	170
125-сабақ. Үндестік заңы туралы	171
126-сабақ. Буын үндестігі	173
127-сабақ. Дыбыс үндестігі	175
128-сабақ. Ілгерінді ықпал	177
129-сабақ. Кейінді ықпал	179
130-сабақ. Пысықтау сабағы	182
131—132-сабақтар. Бақылау жұмысы	183
133-сабақ. Фонетикадан өткенді қайталау	183
134-сабақ. Дауысты дыбыстар және олардың емлесі	184
135-сабақ. Дауыссыз дыбыстардың айтылуы және емлесі	185
136-сабақ. Буын және тасымал	186
137-сабақ. Пысықтау сабағы	188

Лексика

138-сабақ. Сөз және оның мағынасы	189
139-сабақ. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы	190
140-сабақ. Бір мағыналы және көп мағыналы сөздер	192
141—142-сабақтар. Бақылау жұмысы	193
143-сабақ. Омонимдер	194
144-сабақ. Синонимдер	196
145-сабақ. Антонимдер	198
146—147-сабақтар. Бақылау жұмысы	199
148-сабақ. Тұрақты сөз тіркестері	199
149-сабақ. Мақал-мәтелдер	201
150-сабақ. Пысықтау сабағы	203
151-сабақ. Сөздік қор	204
152-сабақ. Қазақ тілінің сөздік құрамы	206
153—154-сабақтар. Бақылау жұмысы	207
155-сабақ. Көнерген сөздер	208
156-сабақ. Жаңа сөздер	209
157-сабақ. Жалпылама лексика	211
158-сабақ. Кірме сөздер	212
159-сабақ. Диалект сөздер	214
160-сабақ. Кәсіби сөздер	215
161—162-сабақтар. Термин сөздер	216
163—164-сабақтар. Бақылау жұмысы және оны талдау	217
164—170-сабақтар. Оқу жылы соңындағы қайталау	218
Пайдаланылған әдебиеттер	218

B19

Bayqobilov, U.

Qozoq tili: Umumiy o'rtta ta'lim maktablarining 5-sinfi uchun darslik / U. Bayqobilov, G. Nishonova, M. Temirboyeva, — T.: «O'zbekiston», 2015. — 224 b.

I. Nishonova, G.

ISBN 978-9943-01-734-4

УЎК: 811.512.122(075)

372.881.1

КБК 81.2 Қоз-922

O'quv nashri

U. Bayqobilov, G. Nishonova, M. Temirboyeva

QOZOQ TILI

*Umumiy o'rtta ta'lim maktablarining
5-sinfi uchun darslik*

(Qozoq tilida)

Суретшісі *Б. Зуфаров*

Редакторы *Д. Айтбаев*

Көркемдеуші редакторы *Р. Зуфаров*

Техн. редакторы *Л. Хижова*

Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ 15.8, 14.08.2009.

Басуға 2015 жылы 29 апрелде рұқсат етілді. Пішімі 60×90¹/₁₆.

Офсеттік қағаз. “Таймс” гарнитурасы. Кеглі 12, 10.

Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 14,0.

Баспа табағы 10,94. Таралымы 5558. Тапсырыс № 15-256.

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің
«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.

100129, Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Пайдалануға берілген оқулықтың
жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.